11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін бекіту туралы	ҮЭМ 2015 жылғы 26 қарашадағы №731 бұйрығы
Ескерту: [5] автормен құрастырылған		

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің алғашқы және кеңінен таралған формаларының бірі концессия болып табылады, концессиялық келісімдерді пайдаланудың нормативтік базасы 1991 жылы еліміз тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қалыптасты. 1991 жылғы 23 желтоқсанда «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды және ол өз күшін 1993 жылы жойды. Ол Қазақстан Республикасының аумағында тек шетел инвесторларына концессиядағы объектілерді ұсынудың ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық шарттарын реттеген еді.

Концессия бастапқы редакцияда шетел заңды немес жеке тұлғаға – концессионерге – жалға мүлікті, жерді, табиғи ресурстардың беруін қарастырған. Басқа сөзбен айтқанда, концессия жалға алу (мүліктік жалға алу) шартының призмасы арқылы анықталған, бірақ бір уақытта концессиялық қатынастарда мердігер, сақтандыру, еңбек шартының элементтері болуы мүмкін еді.

2015 жылы 31 қазанда Қазақстанда «Мемлекетік-жекешелік әріптестік туралы» Заң қабылданды. Бұл еліміздің экономикасының барлық саласында кәсіпкерлік жобалардың дамуына мүмкіншілік ашты.

Кесте 3

Концессия мен МЖӘ заңдарының айырмашылығы

Концессия	МЖӘ
1	2
Әлеуметтік құрылымы мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері	Экономиканың барлық саласында

1	2
Концессия объектісі – концессия шарты бойынша пайдалынатын және құрылатын (реконструкцияланатын) тізбеге енген әлеуметтік инфраструктураның және тіршілікті қамтамасыз ету объектілері	МЖӘ объектілері – жобалануы, салынуы, құрылуы, реконструкциялануы, жаңғыртылуы және пайдаланылуы МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын мүлік, мүліктік кешендер.
Концессия шарты екі жақты	МЖӘ шарты көпжақты болуы мүмкін
Мәртебесі (концеденттер) – тек мемлекеттік органдар	Мемәріптес – тек меморгандар ғана емес, сонымен қоса квазимемлекеттік сектордың субъектілері болуы мүмкін
Жобаны бастамалау – алдымен инвестициялық ұсыныстар	Жобаны бастамалау – инвестициялық ұсыныстар талап етілінбейді
Тек біркезеңдік және екі кезеңдік конкурс	Бір кезеңдік, екікезеңдік, жеңілдетілген, жабық конкурс

Жаңа Заңның қабылдануы инвесторлар үшін Қазақстанның мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нарығы қызықтыра бастады. Көптеген әлемдік озық, жетілдірілген механизмдер қазақстандық тәжірибеге енгізілді. Ал мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа механизмдері мен процедуралары енді биліктің атқарушы органдарына, аймақтарда әлеуметтік маңызды инфрақұрылымды дамыту мәселесін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік есебінен шешуге мүмкіндік береді. (4-кестені қараңыз).

Кесте 4

Қазақстандағы МЖӘ-ның әдіснамалық дамуы

Жылдар	**Өзгеріс аты**	**Сипаттамасы**
2006	Концессия туралы заң қабылданды	Үлкен ифраструктуралық жобалар. Жалғыз модель-ВТО.
2012	Концессия заңына түзетулер енгізілді	Кейбір салалық шектеулер жойылды
2013	Келісімшарттың жаңа түрлері	ВТО: құрылыс-беру-басқару; DBFO:жобалау-қаржыландыру-құрылыс-пайдалану; O&M: пайдалану және басқару; LC: лизинктік келісімшарт.
2014	Концессия заңына түзетулер енгізілді	4 млн АЕК дейінгі жобалар бойынша шешім қабылдауда ЖАО дербестігі; Жергілікті МЖӘ орталықтарын құру.
2015	МЖӘ туралы заң қабылданды	Өңірлерді облыстық деңгейде толық орталықсыздандыру; Тікелей келіссөздер (ЧФИ) жеке қаржылық бастама; Жеңілдетілген конкурстық рәсімдер.
2016	Үлгілік конкурстық құжаттама мен шарттар	Үлгілік конкурстық құжаттама мен шарттар.
2017	МЖӘ туралы заңына өзгерістер	Процедураларды оңтайландыру, шарттарды тіркеу, бағдарламалық МЖӘ.
2018	МЖӘ туралы заңына өзгерістер	Кепілмен қамтамасыз ету.
Ескерту: [6] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		

Толықтай алғанда, Қазақстанда өтіп жатқан мемлекеттік-жекешелік әріптестікке заңнамалық өзгерту процестері жағымды трендке ие.

2017 жылы әріптестікті одан әрі жандандыру мақсатында бірқатар шаралар қабылданып, өткен жылдың 30 қарашасында заңнамаға қосымша түзетулер енгізілді.

Атап айтқанда, бұл мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін одан әрі жетілдіруге және жеңілдетуге байланысты болды. Олар:

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын әзірлеу және жоспарлау рәсімдерін оңтайландыру;

2. Үлгілік құжаттама әзірлеу;

3. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша ұзақ мерзімді тұтыну кепілдігін заңнама түрінде бекіту;

4. «Бағдарламалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік»;

5. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікке арналған шығыстарды жоспарлау;

6. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары шеңберінде банк үшін өтімді кепіл ретінде төлемдерді мойындау;

7. Қазынашылық комитеті әріптестік шарттарын 2017 жылғы 10 маусымнан бастап тіркеу жүргізеді;

8. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік лимиттерін айқындау әдістемесін өзгерту [7].

Жоғарыда көрсетілген түзетулер мен толықтырудың негізінде, МЖӘ аясында жасалған жобаларда арта түсті. Әліде болса МЖӘ мүмкіндіктері мен тетіктерін қолдану, оны жеткізу, түсіндіру жұмыстары ақсап тұр. Осы өзгерістер мен толықтырулар инновациялық, жаңашыл, ғылымға негізделген кәсіпкерліктің түрін дамытады деген сенім мол.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту мәселелері бойынша ҚР Үкіметі отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Т.М. Сүлейменовтің баяндамасында Республика бойынша 449 жоба тіркелгендігін айтты. Министрлік әріптестіктің ағымдағы жобаларына талдау жүргізіп, нәтижесінде аталған жобалар 3 санатқа бөлді:

1. Мемлекеттік бюджеттен шығындарды өтеуді талап етпейті;

2. Мемлекеттік бюджеттен пайдалану шығындарын талап ететін өтеулер. Мысалы «Бағдарламалық әріптестік» шеңберінде іске асырылатын жобалар (балабақшаларда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру) болып табылады.

3. Мемлекеттік бюджеттен жекеше әріптестің барлық шығындарын өтеуді талап ететін жобалар.

449 жобаның ішінен 86 жоба ғана 1-ші санатқа жатады. Олардың жалпы сомасы 22,6 млрд. теңгені құрайды.

Сонымен қатар, жобалардың негізгі бөлігі – 270,6 млрд.теңге сомадағы 259 жоба 2-ші санат бойынша жасалды.

3 санат бойынша – 803,1 млрд.теңге сомадағы 104 жоба [8] .

Осыған орай, жобалардың сапасы бойынша және инновациялық, жаңашылдығына да назар аудару керек. Ондай жобаларды бағалау критерийлерін реттеу қажет. Мемлекет, бизнес және ғылымның өзара байланыстыру арқылы инновациялық белсенділікті, әлеуеті ұлғайтуға мән беру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 жылғы 29 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар.
4. Ұлт жоспары – 5 институттық реформа «100 нақты қадам» 2016 жылдың 1 қаңтар.
5. Ссылка: http://kzppp.kz/archives/3522?lang=kz#sthash.NJIubojW.dpuf
6. Белая книга практические рекомендации для мио по реализации проектов гчп. -2016г. – 6с.
7. Ссылка: http://economy.gov.kz ҚР Ұлттық экономика министрі Т.М. Сүлейменовтың 2018 жылғы 29 қазанда болатын ҚР Парламенті Мәжілісі «Үкімет сағаты» отырысындағы баяндамасы, 29.10.18ж.
8. Ссылка: http://economy.gov.kz Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту мәселелері бойынша ҚР Үкіметі отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Т.М. Сүлейменовтің баяндамасы, 23.10.18ж.

Болат Ә.А.
заң ғылымдарының магистрі,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің құқық және
экономика факультетінің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы,
Талдықорған қ,
alibekblato@mail.ru

Молдабеков Б.Е.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің құқық және
экономика факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
Талдықорған қ.

ҚАРУСЫЗДАНУ САЛАСЫНДАҒЫ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйіндеме. *Бұл ғылыми мақалада қарусыздану саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының алатын орны және құқықтық негіздері қарастырылып, ақпарат көздері айқындалған.*

Резюме. *В данной научной статье рассмотрены информативные материалы по обеспечению правовых основ ООН в сфере разоружения, а так же влияние данной организации на поддержку данного аспекта мира и безопасности.*

Summary. *This scientific article considers informative materials on the provision of the UN legal framework in the field of disarmament, as well as the influence of this organization on supporting this aspect of peace and security.*

1945 жылы 25 сәуірінен 26 маусымына дейін Сан-Франциско да Біріккен Ұлттардың халықаралық ұйымдар мәселелері жөніндегі Кеңесінің конференциясы болды. «...50 мемлекеттен 282 делегат келді. Конференция жұмысында барлығы 5 мыңнан аса адам ат салысты. Бұл коференция одақтық державалардың бірлігі деген ұранмен өткізілді. Олар КСРО, АҚШ, Англия. БҰҰ Жарғысы үш ұлы державаның басшылары қатысқан Думбартон-Оксктегі Кеңес және Ялтадағы келіссөздер барысында жасалған тұжырымдамада бекітілді...» – деп осы тарихи оқиғаны БҰҰ Бас Хатшысының саяси мәселелер және Қауіпсіздік Кеңесінің істері жөніндегі орынбасары қызметін атқарған Л. Кутаков осылайша сипттады [1].

Сан-Франциско конференциясы екі ай бойы жұмыс істеп, БҰҰ Жарғысын қабылдаумен аяқталды. Конференция делегаттары халықаралық әмбебап ұйымының 111-баптан тұратын құрылтай құжатты байындайды, ол 1945 жылы 25 маусымда бірауыздан қабылданды. Келесі күні, яғни 26 маусымда соғыс ардагерлері мемориалының ғимаратында БҰҰ Жарғысына қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес «Осы Жарғы Қытай Республикасы, Франция, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландия, Америка Құрама Штаттары осы Жарғыға қол қойған басқа мемлекеттердің көпшілігі бекіту грамоталарын сақтауға бергенде өз күшіне енеді...». Сөйтіп, құрылтай құжаттың соңғы 29-інші бекіту грамотасы 1945 жылы 24 қазанында тапсырылды. Жоғары аталған баптың талаптары бойынша осы күн Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылған күні болып есептеледі.

Осы Жарғының 1-бапқа сәйкес, БҰҰ-ның мақсаттары мынадай болып келеді:

– халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау;

– бейбітшілікке қауіп келтіру мен басқыншылық актілерінің алдын алу және жою үшін тиімді шараларды қабылдау;

– халықаралық дауларды немесе оқиғаларды бейбіт құралдар арқылы шешу;

– халықаралық теңқұқылық және өзін-өзі басқару қағидасының негізінде ха-лықтардың достық қарым-қатынасын дамыту;

– экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халық-аралық дауларды шешу барысында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

– осындай ортақ мақсаттарға жету жолында ұлттар әрекеттерін үйлестіру ор-талығы болу;

Осы мақсаттар негізге ала отырып БҰҰ-ның қағидалары мен функцияларын анық көре аламыз. Осы жоғары анықталған мақсаттарға қол жету үшін БҰҰ-да негізгі органдар мен мамандандырылған

мекемелер қызмет атқарады. Біріккен Үлттар Үйымының құрылымы алты басты органнан және қажетті қосалқы органдарынан тұрады. БҰҰ-ның басты органдары мыналар: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, ОПЕК жөніндегі кеңес, Халықаралық Сот және Хатшылық.

БҰҰ өз қызметін жүзеге асырғанда мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

1. Үйымның барлық мүшелерінің дербес теңдік қағидасы.
2. Өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындау қағидасы.
3. Туындаған дауларды бейбіт құралдармен шешу қағидасы.
4. Күш қолданбау немесе күш қолданамын қоқан-лоққы жасамау қағидасы.
5. БҰҰ-ның Жарғыға сәйкес атқаратын барлық әрекеттеріне барынша көмек көрсету қағидасы.
6. БҰҰ-ның мүшесі болып табылмайтын мемлекеттердің БҰҰ қағидалары-на сәйкес әрекет етуін қамтамасыз ету қағидасы, себебі ол бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қажет болуы мүмкін.
7. Мемлекеттердің ішкі құзыреттеріне жататын істерге БҰҰ-ның қол сұқ-паушылық қағидасы [2, 128].

Сонымен, әмбебап халықаралық ұйымының мақсаттары мен қағидалары халықаралық құқықтың мазмұны мен негізгі қағидаларына қайшы келмейтінін байқауға болады. Осы қағидалар негізі үлгі ретінде ала отырып 1970 жылы Декларацияда халықаралық құқықтың қағидасы және де 1975 Хельсинки кеңесінің Қорытынды Актісінде 10 қағидалары мазмұндалған.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталу кезеңдерінде БҰҰ-ның Сан- Францискода құрылуы халықаралық қатынастарды орнатуы жаңа заманның алғашқы қадамық символы болды. Үйымының алғашқы қағидасы мен басты мақсаты «болашақ ұрпақты соғыс апатынан құтқару» екенін Жарғысыда жарияланған. 1945 жылы 26 маусымда 50 мемлекеттердің өкілдері БҰҰ Жарғысына Сан- Францискода қол қойылғанына алты апта өткен соң, АҚШ Хиросима мен Нагасакиге бірінші атом бомбасын тастады. Соғыс табиғатының өзін мәңгілікке өзгерткен жанталаса қарулану дәуірі осылай басталды. Адамзат өзін құртып жібере алатын жаппай қырып – жою қаруына ие болды.

Бас Ассамблеяның бірінші сессиясы 1946 жылы 10 қаңтарда Лондондағы Вестминстердің Орталық залында өтті. Ондағы инаугурациялық сөзді британның жаңа Премьер-Министрі Клемент Эттли сөйледі, ал Бельгиядан келген Поль Генри Спаак БҰҰ БА бірінші сессиясының Президенті болып сайланды. БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші сессиясы өзінің алғашқы қарарын бір ауыздан қабылдады, онда Атом қуаты жөнінде Комиссия құрылды, «атом қаруын және жаппай қырып-жоюға жарамды барлық негізгі қару түрлерін ұлттық қару-жарақка қоспау» міндеті қойылды.

БҰҰ тарихшылары бұл комиссияның «қырғи-қабақ соғыстағы» алғашқы Зерттеуатиялық «майдан алаңына» тез айналғанын жазады. 1946 жылы маусымда американ өкілі Бернард Барух АҚШ–тың «ядролық қатерден арылу» жөніндегі жоспарын ұсынды. Ядролық материалдарды және оны өндіретін жабдықтарды бақылайтын Халықаралық атом агенттігін құру ұсынылды. Нүсқаулар мен тыйым салулар жөніндегі оның өкілеттігі Қауіпсіздік Кеңесінде қаралғанда «ветоға» түспеу керек. АҚШ мұндай агенттік құрылған жағдайда ядролық қарудан бас тартатынын мәлімдеді.

КСРО қарсы ұсыныспен шықты, оны кеңес өкілі Андрей Громыко енгізді. Ол ядролық қаруды үш ай ішінде жоюды және Қауіпсіздік Кеңесі туы астында Бақылау мен ауыздықтау жөніндегі Конвенция жасауды ұсынды. Кеңес Одағы Барух жоспарын атом бомбасына жеке иелікті сақтап қалу әрекеті деп қабылдады. АҚШ өз кезегінде, КСРО ұсынысын өз атом бомбасын жасау үшін уақытты созу деп санады. 1949 жылы 29 тамызда Семей полигонында кеңестік атом бомбасының бірінші сынағы жасалғаны мәлім [3, 165].

Тығырыққа тірелу ядролық жанталасы қаруланудың басы болды және осының нәтижесінде БҰҰ Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға ұмтылып қуаттаған болатын, Біріккен Үлттар Үйымының Жарғысында алғы сөзінде бір нәсіл бойында екі рет адамзат қоғамына есесін толтыра алмайтын қайғы әкелген соғыстар секілді апаттардан болашақты сақтауға талпыныс жасалатыны айтылған. Бұл тақырыптың маңыздылығы сонша, Жарғы мәтінінде «бейбітшілік» 26 рет, «халықаралық қауіпсіздік» 20 рет және «достық және бейбіт қатынастар» 10 рет қайталанған. Сонымен қатар, «халықаралық міндеттеріне» байланысты БҰҰ-ның Жарғысында «Қарусыздану» термині екі баптарына 11 және 47 енгізілген және бұл ұғымдары БҰҰ-ның негізгі мақсаттары болып көзделген. Осылайша, Жарғының 11-бапқа сәйкес «Бас Ассамблея халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерін орнатуда ынтымақтастықтың жалпы қағидаларын, сонымен қатар, қарусыздануды анықтайтын және қаруланууды реттейтін қағидаларын қарастыруға уәкілдік етеді, және де осы қағидалар негізінде

Үйымның Мүшелеріне немесе Қауіпсіздік Кеңесіне немесе Үйымның Мүшелері мен Қауіпсіздік Кеңесіне нұсқау беруге құқылы».

Қарусыздану мәселелері Біріккен Ұлттар Үйымының отырыстарында тұрақты қарастырылатын мәселелердің бірі болып келеді. Бүгінгі таңда химиялық, биологиялық қарулардың түрлеріне тыйым салынған. Басқа ядролық қару-жарақтардың түрлері мен теңізасты миналарды жоюы халықаралық қауымдастықтардың қарарында қарастырылып тұрады.

Негізінен әлемде бейбітшілік орнату үшін әр бір мемлекет қарусыз мәселесіне көңіл аударуы керек. Бейбіт өмір – достық қарым-қатынас орнатуымен басталады, егер мемлекеттер арасында достық, ытымақтастық қатынастары орнатылса, қару-жарақтардың пайдалану сесебі де керек болмайды. Қарусыздану проблемасының басты ерекшелігі – халықаралық құқықта қарусыздану қағидасының қалыптасуы. Осы қағиданың нақты мазмұны мынада:

а) БҰҰ Жарғысы қарусыздануды халықаралық бейбітшілік қолдану саласындағы БҰҰ-ның басты органдарының алдына қойылған маңызды міндеттерінің бірі ретінде айқындайды (11-баптың 1-тармағы; 26, 47-баптар). Жарғылық ережелерде қаруланууды реттеу және қарусыздану деген екі ұғым пайдаланылған. Екінші нұсқасы одан кеңірек ұғым, қарусыздану қаруланууды қысқарту әрекеттерін көздейді деген сипатта. Сонымен, БҰҰ Жарғысында қарусыздану жөніндегі шаралар жүргізу үшін қажетті заңдылық база орын алады. БҰҰ өзінің іс-тәжірибелік қызметінде қарусыздану проблемасының түрлі аспктілеріне біршама көңіл бөлді. БҰҰ-ның басты органдары, ең алдымен Бас Ассамблея БҰҰ Жарғысының тиісті ережелерін үдемелі дамытуға көмектесетін маңызды шешімдер қабыдады. Әсіресе, бұл процесс 1959 ж. Жаппай және толық қарусыздану туралы белгілі кеңес ұсыныстарының кейін жедел сипат алды. Содан кейін, қарусыздану мәселелері туралы қарарлар БҰҰ Бас Ассамблеясының барлық сессияларында қабылданатын шешімдердің құрамдас бөлігіне айналды. Мысалы, 1963 ж. ядролық сынақтарды ішінара тоқтату туралы шарт, ал 1968 ж. – ядролық қаруды таратпау туралы шарт қабылданды.

б) қарусыздану құқығының шарттық құқыққа айналуы:

в) қарусыздану мәселелерін талқылау және тиісті халықаралық-құқықтық құжаттарды жасау үшін арнайы халықаралық тетіктің болуы айтарлықтай маңызды фактор.

Қарусыздану қағидасын орындау мемлекеттердің тікелей қаруларын тастап шығуын білдірмейді. Мемлекеттер қарусыздану саласында халықаралық шарттар жасауға ұмтылулары тиіс және өздеріне жүктелген міндеттемелерді адал орындауы керек. Сөйтіп, қарусыздану қағидасының мазмұнына сәйкес: біріншіден, қарусыздану саласында іс-тәжірибелік шаралар жасау; екіншіден, қарусыздану мақсатына жету; үшіншіден, қарусыздану саласында әрекет ететін шарттар талабын орындау керек [4, 60].

Негізінен Біріккен Ұлттар Үйымымен құрылған қарусыздану механизмі үйымның Жарғысы және Бас Ассамблеяның шешімімен анықталады.

Жалпылама және толық қарусыздану идеясы БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 ж. 20 қарашасындағы 1378 (XIV) қарарында бекітілген. Кейінірек бұл нормалар ядролық қаруды үш жағдайда сынауға тыйым салу туралы 1963 ж. 5 тамызындағы Мәскеу шартында, ядролық қаруды таратпау туралы 1968 ж. 1 шілдесіндегі шартта және басқаларда бекітілді.

Ядролық және термоядролық қаруды қолдануға тыйым салатын 1961 ж. 24 қарашасындағы БҰҰ Бас Ассамблеясының Декларациясы, Халықаралық қатынастарда күш қолданбау және ядролық қаруды қолдануға мәңгі тыйым салу туралы 1972 ж. 29 қарашасының қарар, ядролық апаттардың алдын алу туралы 1981 ж. 9 желтоқсанындағы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарары, ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы 1996 ж. Шарт тыйым салу нормаларының тиімділігін жүйесіндегі негізгі нормалар болып табылады.

Әскери қимылдар жүргізудің рұқсат етілмеген құралдарын халықаралық-құқықтық реттеу ежелдегі 1858 ж. Петербург декларациясында, Соғыс заңдары мен салт дәстүрлері туралы 1907 ж. Гаага конвенциясында және де Бактериологиялық (биологиялық), улы қаруларды дайындауға, өндіруге және жинауға тыйым салатын және оларды жою туралы 1972 ж. Конвенцияда және басқа құқықтық актілерде белгіленген болса да, қазіргі уақытта бұл қарулар заңсыз жер бетінде қолдана береді. Рұқсат етілмеген қаруды қолданудың жеткілікті реттелген құқықтық негізінің болғанына қарамастан, халықаралық құқықта ядролық қаруды қолдануға тікелей тыйым салуды бекіту артық болмас еді. Халықаралық қауымдастық ядролық қаруды қолданбау, өндіруді және сынауды тоқтату, сондай-ақ оның барлық қорын жою арқылы ядролық қаруға толық тыйым салуға қол жеткізуі керек [5, 89].

Әмбебап шарттарды орната көптеген мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздік кепілдігіне ие бола алады.

Ядролық қаруды сынауға тыйым салу мәселелері Ядролық қаруды атмосферада, ғарыш кеңістігінде және су астында сынауға тыйым салу туралы 1963 ж. 5 тамызындағы Мәскеу шартында көрініс тапқан. Ядролық қаруды таратпау туралы 1968ж. 1 шілдесіндегі шарт қару-жарақты жаппай шығаруға және қарудың осы түрін халықаралық қауымдастықтың басқыншылық күштерінің иелену мүмкіндігіне кедергі жасады. Осы шартта ядролық қаруы бар және мемлекеттер үшін міндеттемелер бекітілген.

Ядролық қаруы бар мемлекеттердің міндеттемелеріне:

а) ядролық қаруды немесе ядролық жарылғыш құрылғыларды ешкімге бермеу;

б) ядролық қаруы жоқ мемлекеттердің ядролық қаруы немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды ешкімге қандай да бір тәсілдермен өндіруге немесе алуына көмектеспеу, қолдамау және түрткі болмау жатады.

Ядролық қарулары жоқ мемлекеттер:

а) ядролық қару және басқа да жарылғыш құрылғыларды ешкімнен алмауға;

б) ядролық қаруларды және басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды қандай да бір тәсілдермен өнірмеуге, сондай-ақ ядролық қару мен басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіруге байланысты қандай да бір көмек қабылдамауға және көмек алмауға ұмтылуға міндетті.

Осы міндеттемелер 1991 жылдың соңында КСРО-ның таралуы нәтижесінде Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы және Украина аумағына орналастырылған бұрынғы Кеңес Одағының ядролық қаруына қатысты сауалдар туындаған кезде қолданылды.

Жаңа жағдайды ескере отырып, 1992 жылдың 23 мамырында осы мемлекеттер АҚШ-пен бірге Лиссабонда СҚШ-1 (стратегиялық қаруларды шектеу) Шартына тіркелген Хаттамаға қол қойды, сол бойынша олар бұрынғы КСРО–ның осынау Шарттағы міндеттемелерін өздеріне қабылдады. Лиссабондағы Хаттамаға сәйкес Беларусь, Қазақстан және Украина Ядролық қаруды таратпау жөніндегі Шартқа (ЯҚТШ) ядролық қаруы жоқ мемлекеттер ретінде қол қоюға міндеттенді.

Таратпау туралы Шартты Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі 1993 жылы 13 желтоқсанда бекітті, бірақ бекітілген хатты сақтаушы мемлекеттердің біріне сақтауға өзкізуді қарастыратын қосылуды рәсімдеуге сәйкес Қазақстан 1994 жылдың 14 ақпанынан Шартқа қатысушы болып табылады. Қазақстан басшылығының ядролық қарусыз статусқа қатысты тарихи шешімі Бірікке Үлттар Үйымы тарапынан лайықты бағаланды. Бас Ассамблеяның 1994 жылғы 49-ыншы сессиясындағы 49/75Р қарарында Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау жөніндегі Шартқа ядролық қаруға ие болмаған мемлекет ретінде қосылуы құттықталған.

Украина, Беларусь және Қазақстан Бірінші Комитетте белсене жұмыс істеді. Өйткені, осы мемлекеттердің ядролық қаруды жою және таратпау жөніндегі ересен үлесі БҮҮ және қарусыздану саласындағы басқа да көпжақты форумдар құжаттарында өздердің бағасын алуы керек еді. Сол кезден бастап Бас Ассамблеяның алты бірдей қарарында Қазақстанның, Беларусьтың және Украинаның ядролық қаруды таратпау режимін күшейтуге қосқан үлесі атап өтіледі.

Халықаралық бейбітшілікті орнату үшін БҮҮ мемлекеттерді әмбебап шарттарды орнатуға шақыртып, шартқа қосылған мемлекеттер басқа мемлекеттерді де қосылуына ұран жасауды да шақыртады. Шартқа түрған мемлекеттер бір-біріне тең құқықтар мен міндеттеріне ие болады [6, 101].

Қорыта келгенде қарусыздану қағидасын қолданудың келесідей ұсыныстарымыз бар. Қарусыздану қағидасының алғаш рет нақты толық түрде қалыптасуы ХХ ғасырдың басына келіп отыр. Қарусыздану бірнеше ғасырлардан бұрын пайда болғанымен, нақты халықаралық құқықпен жалпытанылған қағида ретінде Қарусыздану тек ХХ ғасырдың ортасында танылған болатын. Алғаш рет бекіткен халықаралық – құқықтық негіздері ең біріншіден, БҮҮ Жарғысы, кейін ядролық қаруды таратпау, биологиялық және химиялық қарулар туралы шарттар сияқты бірқатар болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Nations of Peace: Nuclear Disarmament and the Making of National Identity in Scotland and Wales Автор: Hill, Christopher R. TWENTIETH CENTURY BRITISH HISTORY Том: 27 Выпуск: 1 Стр.: 26-50 Опубликовано: 2016.

2. «ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 5-6 желтоқсан, Талдықорған, 2014 ж. – 123-128 бб.
3. Beverley E.L. Frontier as Resource: Law, Crime, and Sovereignty on the Margins of Empire // COMPARATIVE STUDIES IN SOCIETY AND HISTORY Volume: 55 Issue: DOI: 10.1017/S0010417513000029 Published: APR 2013. – 241-272 бб.
4. Халықаралық жария құқығы: Дәрістер курсы / А. Б. Бидайшиева.- Алматы: «ҒБО ККҰ», 2007.- 160 б.
5. Богданов О.В. Всеобщее и полное разоружения. – М:, «Юрист», 2007. – 358 с.
6. Богданов О.В. Запрешение оружия массового уничтожение. Международно-правовые проблемы. – М:, «Меж. Отн»., 2005. – 182 с.

УДК 343.12

Жакупова Г.А.
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ
Қазақстан, Талдықорған қ.
E-mail: Gulima8888888@mail.ru

Аннотация. *Бұл ғылыми мақалада әкімшілік құқық бұзушылық түрлері, әкімшілік жауаптылық, әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, әкімшілік жаза түрлері қарастырылған.*
Түйін сөздер: *Әкімшілік құқық бұзушылық, ескерту, айыппұл, әкімшілік жаза, әкімшілік жауаптылық.*

Жакупова Г.А.
м.ю.н., преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин
ЖГУ имени И.Жансугурова
Казахстан, г.Талдыкорган

Аннотация. *В данной научной статье рассматриваются виды административных правонарушений, административная ответственность, обстоятельства, смягчающие и отягчающие административную ответственность, виды административных взысканий.*
Ключевые слова: *Административные правонарушения, предупреждение, штраф, административное взыскание, административная ответственность.*

Zhakupova G.A.
master of law, teacher of public law disciplines
ZhSU named after I. Zhansugurov
Kazakhstan, Taldykorgan city

Abstract. *This scientific article discusses the types of administrative offenses, administrative responsibility, circumstances, mitigating and aggravating administrative responsibility, types of administrative penalties.*
Keywords: *Administrative offenses, warning, fine, administrative penalty, administrative responsibility.*

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғасырлар бойы адамзаттың ең ақылдылары қоғамдағы құқық бұзушылық себептері мен оны жою жолдарымен күресіп келеді. Бүгінгі күні бұл мәселе заң ғылымында бұрынғыдай соншалық күрделі, әрі қарама-қайшылықты болып келеді. Оның өзектілігі – күмәнсіз. Құқық бұзушылық әрқашан болған. Сондықтан француз социологы Эмиль Дюрктеймменкеліспеуге болмайды, ол қылмыс кез келген салауатты қоғамның элементі болып табылады деп санады. Осыған орай, бір де бір қоғам қылмысты мүлдем жоя алмайды. Олар болған, бар және әрқашан болады.

Жеке адамның, әкімшілік кодекс бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе занды түлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі мемлекеттік әкімшілік құқықтық нормалар реттейтін қоғамдық қатынастар саласы болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушы әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі болады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі белгілерінің бірі «әрекет» және «әрекетсіздік» қосылып «іс-қимыл» деген құқықтық ұғымды құрайды. Іс-қимыл құқыққа сәйкес және терісқылық болып екіге бөлінеді.

Әкімшілік әрекет – міндеттер мен заң талаптарын орындамау, бұзумен тікелей байланысты, құқық бұзушының мінез-құлығының белсенді түрпішіні.

Міндетгер мен занды талаптарды орындамаумен тікелей байланысты құқық бұзушының мінез-құлығының бәсең түрпішіні әкімшілік әрекетсіздік деп аталады. Мысалы, сауда кәсіпорны бастығы, дер кезінде сатылатын тауарларды оларға берілетін сертификатпен қамтамасыз жасамағандықтан, сатып алушылар тауарлардың шығу тегіне байланысты ақпараттарды уақытында біле алмады. [1]

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның залалды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайды қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке адам өзінің іс-әрекетінің зияңды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негізсіз оның алдын алуға болады деп үшқары ойласа не тиісті назар салған және ескерген жағдайда оның алдын алуға болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері: 1) қоғамдық қауіптілігі–қоғамға, мемлекетке, адамдардың мүдделеріне зиян келтіретін әрекет, өзінің әлеуметтік маңыздылығы жағынан коғамға қарсы болып табылады. Бұндай қоғамға қауіпті әрекеттің жауаптылығы әкімшілік зандармен анықталады;

2) әкімшілік күқықтың және басқа да еңбек, жер, қаржы құқықтарының нормаларын бұзатын іс-қимылдың құқыққа қайшы келетіндігі; 3) кінәлілігі – егер де құқық бұзған тұлға кінәлі деп табылса, яғни ол құқық бұзушылықты қасақана не абайсызда жасаған болса, заң тұлға жасаған іс-қимылды құқыққа, қайшы деп санайды; 4) іс-қимылдың жауаптылығы – заңмен жауаптылық белгіленген іс-қимыл әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

Кез келген әкімшілік құқық бұзушылық іс-қимылды құқыққа жат, теріс қылық және оны жасаған субъектіні әкімшілік жауапқа тарту үшін, оның өзіндік құрамы болу керек. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы дегеніміз әкімшілік зандармен бекітілген, әрекеттің не әрекетсіздіктің құқыққа қайшы, кінәлі және әкімшілік жауапқа тартуға болатындығын, не болмайтындығын анықтауға көмектесетін белгілер. Әкімшілік құқық бұзу-шылықтың құрамына оның объектісі, объективті жағы, субъектісі, субъективті жағы жатады.

Әкімшілік құқықтың объектісіне әкімшілік зандармен қорғалатын, белгілі бір іс-қимыл қауіп төндіретін қоғамдық қатынастар жатады. [3]

Объективті жағы әкімшілік құқық бұзушылықтың сыртқы көрінісін, іс-қимылдың (әрекеттің, әрекетсіздіктің) өзін көрсетеді. Көп жағдайда құқық бұзушылықтың объективті жағына тәсілдерінің, сипаттарының белгілерін (құқық бұзушылықтың (бірнеше мәрте жасалуы, құқық бұзушылықтың қайталануы), құқық бұзушылықтың орны (қоғамдық орын, әуеде, шекарада) және құқық бұзушылықтың уақыты түнде, күндіз, жарық, бұлыңғыр, тұман), құқық бұзушылықтың зиянының салдары (келтірілген зиянның мөлшері), құқық бұзушылық барысында қалданылған құралдың түрлері (көлік құралдары, ішімдік сусындары, есірткі заттар, атылатын қарулар, жарылғыш заттар) жатқызылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективті жағына оның бірнеше мәрте жасалуы кіреді. Біртекті әрекеттің не әрекетсіздіктің бір реттен артық жасалуы әкімшілік құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы деп аталады. Егер біртекті әрекет не әрекетсіздік болмаса, онда әкімшілік құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы, оның объективтік жағына жатқызылмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың қайталанылуы дегеніміз бұрын жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазалауға ұшыратылған, ол бойынша Әкімшілік кодексте көзделген мерзімі бітпеген адамның біртекті әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасауын айтамыз.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісіне әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке және занды тұлғалар жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы дегеніміз өзі жасаған әрекетке не әрекетсіздікке деген тұлғаның психикалық қатынасы. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жақтарының белгілеріне кінә, себеп, мақсат жатады. Солардың ішіндегі ең негізгі белгісі кінә, ал себеп пен мақсат қосымша белгілері. [2]

Кінә тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатын және оның қоғамдық қауіптілігін түсіне, ұғына алды ма (кінәнің зияткерлік жағы) және оны жасауға ниеті болды ма (кінәнің еріктілік жағы) деген екі жақты құбылыстардан тұратын тұлғаның жасалған құқық бұзушылық және оның нәтижесіне деген ішкі, психикалық қатынасы. Зияткерлік және еріктілік жақтарыньң арасалмағына

байланысты кінәнің қасақана және аба-сыздық сияқты екі түрпішіні болады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалған деп табылады. Қасақаналық тікелей және жанама болып екі түрпішінге бөлінеді. Әкімшілік құқық бұзушы түлға жасалатын әрекеттің (әрекетсіздіктің) құқыққа қайшы келетіндігін ұғына отырып және сол әрекеттің зиянды салдарларын алдын ала біле тұра олардың болуын қалаған ниеті болса бұл тікелей қасақаналық болып табылады. Жанама қасақаналық деп түлға өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) теріс қылық екендігін және оның зиянды салдарын алдын ала біле тұра сол зиянды салдарлардың болуына саналы түрде жол беруін айтамыз.

Абайсыздықтың екі түрпішіні бар: менмендік және немқұрадыйлық. Абайсызда болатын менмендік түлға әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) зиянды салдарларының болатындығын алдын ала біле тұра жеңілтектікпен олар жойылады деп сенуі. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға кауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе не болмаса өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық немқурайдылықпен жасалған деп танылады.

Әкімшілік жауаптылық. Әкімшілік жауаптылық дегеніміз құқық бұзушыға белгілі бір айырулар, зиян, айып, мүқтаждық, еркінен айыру сияқты құқықтық шығынға ұшырататын әкімшілік құқық бұзушылыққа деген мемлекеттің қатынасы, жауабы. Әкімшілік кодекстің Ерекше бөлімінде кезделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет жасау әкімшілік жауаптылықтың негізі болып табылады. Әкімшілік жауаптылыққа ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа толған жеке адам және занды түлғалар тартылады.

Әкімшілік кодексте көзделген құқыққа қарсы әрекет жасаған кезде ақыл-есі кем жағдайда болған, яғни өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қауіптілігін түсіне алмаған немесе созылмалы психикалық сырқатының, уақытша психикасы бұзылуының, ақыл-есі кемдігінің немесе психиканың өзге де сырқатты жай-күйінің салдарынан ақыл-есі кем жағдайда болған жеке адам әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды. [3]

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 56 бабына сәйкес әкімшілік жауаптылықты жеңілдейтін мән-жайлар бар. Олар:

1) кінәлі адамның өкінуі;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған түлғаның құқық бұзушылықтың зиянды салдарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты қатты жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр мән-жайлары салдарынан жасау;

4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жасауы;

5) әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;

6) әкімшілік құқық бұзушылықты күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;

7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғаныстың заңдылық шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау;

8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар деп танылады.

Әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлармен бірге ауыллататын мән-жайлар да бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 56 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайларларға:

1) прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) осыған уәкілетті түлғалардың оны тоқтату талабына қарамастан құқыққа қарсы мінез-құлықты жалғастыру;

2) бұрын біртекті әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазаға тартылған, ол бойынша осы Кодекстің 61-бабында көзделген мерзімі өтпеген адамның оны бір жыл ішінде қайталап жасауы;

3) кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту;

4) кінәлі адамға психикасының ауыр түрде бұзылуынан зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не әкімшілік жауаптылық туындайтын жасқа толмаған адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту;

5) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

6) адамға немесе оның жақындарына қатысты осы адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі тұлғаға тәуелді адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

8) адамдар тобының әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) дүлей зілзала жағдайларында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

10) алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік құқық бұзушылық жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп танылады. Әкімшілік жаза қолданатын сот (судья), орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай осы мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылыққа қарсы бірнеше әкімшілік жазалар қолданылады. Әкімшілік жаза дегеніміз Әкімшілік кодекс бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасаған субъектіге мемлекетгік арнайы лауазымды адамдар мен органдар (соттар) тағайындайтын мемлекеттің мәжбүрлік шарасы.

Әкімшілік жазалар құқық бұзушылардың атына, ар-намысына нұқсан келтіру, тән ауыртпалығын шектіру емес, зандылықты сақтау, құқықтық тәртіпті сыйлау, әлеуметтік әділеттілікті калпына келтіру, құқық бұзушыны тәрбиелеу және басқа адамдардың құқық бұзушылығына жол бермеу және алдын алу мақсатында қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 41 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) ескерту жасау;

2) әкімшілік айыппұл;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

4) арнайы құқықтан айыру;

5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;

6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;

7) заңсыз түрғызылып жатқан немесе түрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;

8) әкімшілік қамаққа алу;

9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу. [1]

Негізгі және қосымша әкімшілік жазалау шаралары. Ескерту, әкімшілік айыппұл салу және әкімшілік қамауға алу тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін. Азаматка немесе занды тұлғаға берілген арнаулы құқықтан айыру, лицензиядан (арнайы рұксаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, жеке кәсіпкердің немесе занды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен кетіру негізгіде, сол сияқты қосымша да әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау тек қосымша әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Ескерту әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның (лауазымды адамның) жасалған құқық бұзушылыққа ресми түрде теріс баға беруінен және жеке немесе занды тұлғаны құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол беруге болмайтындығы туралы сақтандырудан тұрады. Ескерту жазбаша түрде жасалады.

Әкімшілік айыппул – әкімшілік құқық бұзушылық үшін Әкімшілік кодекстің Ерекше бөлімнің баптарында көзделген жағдайларда және шекте, әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген зандарға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін дәрежеде салынатын ақшалай жаза.

Жеке адамға салынатын айыппұлдың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің оннан бір бөлігінен, лауазымды адамға салынатын айыппұл – бес айлық есептік көрсеткіштен, ал занды тұлғаға салынатын

айыппұл – жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Жеке адамға салынатын айыппұлдың мөлшерін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен, лауазымды адамға – төрт жүз айлық есептік көрсеткіштен, заңды тұлғаға – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды. Заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет кірісіне өндіріп алынады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою, оны мәжбүрлеп алып қоюдан және алынған затты өткізу жөніндегі шығыстарды шегеріп, түскен соманы бұрынғы меншік иесіне бере отырып, ол затты өткізуден тұрады. Өтемін төлеп алып қоюды судья қолданады.

Аңшылық қаруды, атыс оқ-дәрілерін және аңшылықтың басқа да қаруларын өтемін төлеп алып қоюды аң аулау өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды. Егер қасақана құқық бұзушылық жасалса, қолданылған карудың өтемін төлеп оны мемлекет алып қоюы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушьлық жасау құралдары немесе оның тікелей объектілері болған заттарды тәркілеу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді (дивидендтерді), ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, оларды заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне мәжбүрлеп тегін аударудан тұрады. Тәртіп бұзушының меншігі болып табылатын зат қана тәркіленуі мүмкін. Тәркілеуді судья тағайындайды.

Нақты адамға берілген арнаулы құқықтан айыру осы құқықты пайдалану тәртібінің өрескел немесе үнемі бұзылғаны үшін қолданылады. Мысалы аңшылықпен айналысу құқығынан айыру. Арнаулы құқықтан айыруды судья қолданады. Арнаулы құқықтан айыру мерзімі бір айдан кем болмауға және екі жылдан аспауға тиіс. Көлік құралын масаң күйде жүргізу, –масаң күйді куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, соңдай-ақ аталған адамдардың белгіленген ережелерді бұза отырып, өздері қатысушысы болған жол-көлік оқиғалары болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруды, бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға қолдануға болмайды.

Аң аулау қаруларын және балық аулау құралдарын сақтаумен алып жүру құқығынан айыруды, осы құқықты пайдалану тәртібін үнемі бұзушылықты қоспағанда, аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

Жеке кәсіпкерлерді немесе заңды тұлғаларды белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыруды судья аталған адамдардың қызметті жүзеге асыруы не лицензияда, арнаулы рұқсатта, біліктілік аттестатында (куәлікте) көзделген белгілі бір іс-әрекеттерді жасауы кезіндегі әкімшілік құқық бұзушылығы үшін қолдануы мүмкін. Белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) уақытша айыру алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) өтініші бойынша тек сот тәртібімен ғана жүргізіледі. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы талап қою өтініші Қазақстан Рес-публикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жіберіледі. Өтінішті сот он күн мерзімде қарайды. Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жазалау шарасы бұзушылықты жою үшін сот белгілеген мерзімде қажетті іс-әрекеттер (іс-шаралар) жүргізу арқылы оны жоюға болатын жағдайларда қолданылады.

Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға, сот шешімінсіз ерекше жағдайларда, талап қою өтінішін сотқа белгіленген мерзімде міндетті түрде табыс ету арқылы үш күннен аспайтын мерзімге жол беріледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру актісі сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады.

Қоғамдық бірлестіктің қызметі өздерінің жарғысына (ережесіне) немесе зандарға қайшы келетін жағдайларда сот олардың қызметін тоқтата тұруы немесе оған тыйым салуы (тоқтатуы) мүмкін.

Өз бетімен салып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзуды, Әкімшілік кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда, судья тағайындайды.

Әкімшілік қамауға алу – он бес тәулікке дейінгі, жеке адамға қарсы құқық бұзушылық үшін, сондай-ақ сыбайлас жемкорлықпен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны және (немесе) төтенше

жағдай режимі талаптарын бұзғаны үшін отыз тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Әкімшілік қамауға алуды судья қолданады. Әкімшілік қамауға алу тек әкімшілік құқық бұзушылықтың жекелеген түрлері үшін айрықша жағдайларда ғана белгіленеді. Жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйел-дерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, I және II топтардағы мүгедектерге, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге әкімшілік қамауға алуды қолдануға болмайды. Әкімшілік ұстау мерзімі әкімшілік қамауға алу мерзіміне қосылады.

Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру әкімшілік құқық бұзушылық жасаған шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты әкімшілік жазалау шарасы ретінде қолданылады. Әкімшілік жолмен кетіруді судья тағайындайды.

Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданумен қатар осы адамның жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында әкімшілік-құқықтық ықпал етудің мынадай шаралары қолданылуы мүмкін: 1) жол жүрісі ережелерін білуін тексеру; 2) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

Жол жүрісі ережелерін білуді тексеру. Әкімшілік кодекстің 461-469, 476-баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін. Ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінің (бөлімдерінің, басқармаларының, департаменттерінің) бастықтары мен олардың орынбасарлары жүргізушіні жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы шешім қабылдауға құқылы. [4]

Егер созылмалы маскүнемдікпен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауырады деп танылған және өз еркімен емделуден жалтарған адам басқа азаматтардың құқықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда, сот әкімшілік жазамен қатар оған денсаулық сақтау органдарының мамандандырылған мекемесінде мәжбүрлеп емдеу жазасын тағайындауы мүмкін. Мәжбүрлеп емдеу мерзімі маман наркологтардың ұсыныстары ескеріле отырып белгіленеді, бірақ ол екі жылдан аспауға тиіс. Мәжбүрлеп емдеуді тоқтатуды сол адам емделіп жатқан емдеу мекемесі жүргізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Исабеков А.К., Құсайынов Д.Ө Әкімшілік құқық. Алматы, Қазақ университеті, 2013 ж.
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
3. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: конституционно-правовой аспект. А., 2012 ж.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.

УДК 344.12

Жакупова Г.А.
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ
Қазақстан, Талдықорған қ.
E-mail:Gulima8888888@mail.ru

Баженова М.Д.
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ
Қазақстан, Талдыкорган қ.
E-mail: bazhenova.meruert@mail.ru

Аннотация. *Бұл ғылыми мақалада кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар және осы бұзушылықтар бойынша істерді сотта қарау қарастырылған.*

Түйінді сөздер: *Әкімшілік құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.*

Жакупова Г.А.
м.ю.н., преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин

Баженова М.Д.
м.ю.н., преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин
ЖГУ имени И.Жансугурова
Казахстан, г.Талдыкорган
E-mail: bazhenova.meruert@mail.ru

Аннотация. *В данной научной статье рассматриваются административные правонарушения против несовершеннолетних.*

Ключевые слова: *Административные правонарушения против несовершеннолетних.*

Zhakupova G.A.
master of law, teacher of public law disciplines

Bazhenova M.D.
master of law, teacher of criminal law disciplines
ZhSU named after I. Zhansugurov
Kazakhstan, Taldykorgan
E-mail: bazhenova.meruert@mail.ru

Abstract. *This scientific article deals with administrative offenses against minors.*

Keywords: *Administrative offenses against minors.*

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫНА ҚОЛ СҰҒАТЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША ІСТЕРДІ ҚАРАУДАҒЫ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОСЫ САНАТТАҒЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Кез келген елдің өркендеу жолында – тәртіп пен тәрбиенің маңыздылығы бірінші кезекте ескеріледі.

Сондықтан, тәртіптің шарықтау шыңы мен бас иетін тұсы мемлекет бекіткен заңға келіп тіреледі. Заңның күштілігі – оның орындалуында екенін ұмытпаған жөн.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекспен айқындалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістің міндеттері, әрбір істің мән-жайларын өз уақытында, жан-жақты, толық және әділетті түрде (объективті) айқындау, оны заңнамамен нақты сәйкестендіре шешу, шығарылған қаулының орындалуын қамтамасыз ет, әкімшілік құқық бұзушылықты жасауға итермелеген, ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау; құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтарды заңдарды сақтау рухында тәрбиелеу, заңдылықты нығайту.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың құқығы әрі міндеті.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және жанұя туралы» Кодексінің 70-бабына сәйкес, ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті. Ата-аналардың өз баласын тәрбиелеуге құқығы бар және осыған міндетті. Ата-аналар барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге құқығы бар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 12-тарауында кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жүйеленген. Бұл тарауда ӘҚБтК-нің 127-135 аралығындағы баптарда көрсетілген құқық бұзушылықтар жатқызылған.

Атап айтқанда,

ӘҚБтК-нің 127-бабы – Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы;

ӘҚБтК-нің 128-бабы – Кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту;

ӘҚБтК-нің 129-бабы – Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің түрғын үйге мүқтаж жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауы;

ӘҚБтК-нің 130-бабы – Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың түрғын жайын сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы;

ӘҚБтК-нің 131-бабы – Кәмелетке толмаған адамды масаң күйге дейін жеткізу;

ӘҚБтК-нің 132-бабы – Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру;

ӘҚБтК-нің 133-бабы – Он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бүйымдарын сату және олардың сатуы;

ӘҚБтК-нің 134-бабы Кәмелетке толмағандарға эротикалық мазмүндағы заттар мен материалдарды сату;

ӘҚБтК-нің 135-бабы – Бала асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), жеке түлғалардың отбасына тәрбиелеуге беруді қажет ететін кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзу;

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандармен жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтар, ӘҚБтК-нің 442-бабы – Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе түрғынжайдан тыс жерде болуы, ӘҚБтК-нің 442-бабы – кәмелетке толмағандардың вандализмі. [1]

Осы санаттағы басым көп қаралатын әкімшілік істер ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы, он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бүйымдарын сату және олардың сатуы және кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру туралы әкімшілік істер болып келеді.

Аталған әкімшілік құқық бұзушылықтардың субьектілері болып кәмелетке толмағандар емес кәмелетке толмағандардың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері, жеке кәсіпкерлер немесе жеке кәсіпкердің жұмысшылары және үйым басшылары мен атқару органның лауазымды түлғалары табылады.

ӘҚБтК-нің 12-тарауы кәмелетке жасқа толмаған балалардың құқықтары мен олардың заңмен қорғалатын мүдделеріне қатысты болғандықтан бұл істерді қарау соттылығы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қарауына жатқызылған.

Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 812-бабының 1-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық

туралы істі қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын лауазымды адамның (уәкілетті мемлекеттік органның) орналасқан жері бойынша қаралады. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның өтінішхаты бойынша іс осы тұлғаның тұрғылықты жері бойынша қаралуы мүмкін екендігі көрсетілсе, осы баптың 4-бөлігіне сай кәмелетке толмағандардың, олардың ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы істер өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралатыны бекітілген. [2]

Яғни, әкімшілік құқық бұзушылық субьектісі ретінде жеке тұлғалар немесе кәсіпкерлік субьектілері болған жағдайда олардың өтініштері негізінде кәсіпкердің тұрғылықты жері бойынша сот қарауы мүмкін, ал әкімшілік құқық бұзушылықтың субьектісі ретінде кәмелетке толмаған баланың ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері болған кезде істі кәмелетке толмаған баланың ата-анасының тұрғылықты жері бойынша орналасқан сот қарауы мүмкін.

Соттармен осы санаттағы істерді қарау кезінде туындайтын бірқатар проблемалық мәселелерге келетін болсақ:

Уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары толтыратын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалардың мазмұны көп жағдайда ӘҚБтК-нің 803-бабының талаптарына сай келмейді, әкімшілік құқық бұзушылықтың мәні ашылмайды, яғни жауапқа тартылып отырған тұлғаның әрекеттерінің заңға сәйкессіздігі нақты неде екені, құқық бұзушылықты жасау орны мен уақыты көрсетілмейді. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтырған орган іс құжаттарының толықтығын қамтамасыз етпейді. [3]

Сәйкесінше, сот қаулыларында да құқық бұзушылықтың барлық жағдайлары көрініс таппайды, сонымен қатар ӘҚБтК-нің 822-бабы бойынша міндетті саналатын құқық бұзушылықтың орны мен уақыты көрініс таппайды. Аталған бұзушылықтар республика соттарының көпшілігінде орын алған.

Сол себепті, сот актілерін құрудың жалпы талаптарына және ӘҚБтК-нің 822-бабына сәйкес, қаулы сот талқылау жүргізілетін тілде, анық, түсінікті сөйлемдермен беріледі, ол кіріспе, сипаттау-дәлелдеу және қорытынды бөлігінен тұруы керек. Қаулы жүйелі түрде әрбір алдыңғы ереже келесіден шығып онымен логикалық байланыста болуы керек.

Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғу туралы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің сотқа дейінгі қарау тәжірибесі ретінде ӘҚБтК-нің 409-бабаның 2-бөлігі бойынша көзделген ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Ал, ӘҚБтК-нің 730-бабына сәйкес, осы санаттағы істер білім беру аясындағы уәкілетті органдармен қаралады. Жоғарыда ұсынылған құжаттарды Комиссия қарауына жіберу, білім беру аясындағы уәкілетті органға әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жіберу құқық бұзушылықтың алдын алудың сақтандыру шарасы ретінде қызмет ете алар еді, сонымен қатар соттарда ӘҚБтК-нің 127-бабы бойынша әкмішілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде ата-ананың немесе өзге заңды өкілдерінің міндеттерін жүйелі орындалмауының дәлелі бола алар еді.

Соттың қаулыларында, республиканың барлық аймақтарында дерлік осындай алдын алу шараларын қабылдау туралы мәліметтер жоқ, ол әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс құжаттарында Кәмелетке толмағандардың ведомствоаралық комиссия отырысының сәйкесінше қаулыларының жоқтығын көрсетеді. Осыған байланысты, соттарға істі өндірісіне қабылдап алу кезінде ішкі істер органдарынан өзінің өзінің балаларын тәрбиелеу және оқыту бойынша тікелей міндеттерін орындамайтын ата-аналарға алдын алушылық әсер ету бойынша құжаттар талап ету керек. [4]

Себебі, Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесіне ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, сонымен қатар жергілікті Әкімшіліктер жанынан кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау бойынша ведомстоваралық комиссиялар

құрған. Комиссияның негізгі міндеті мен қызметі Ереженің 2-тарау 4-тармағы 1-тармақшасына сәйкес, балалардың құқығы мен мүддесін қорғау аясындағы мәселелер бойынша ұсыныстар беру, құқық бұзушылықтың, кәмелетке толмағандардың панасыз және қорғаусыз қалудың алдын алу бойынша бағдарлама жасау, оларды әлеуметтік реабилитация болып табылады. Алайда, бұл Комиссияның мүмкіндіктері кәмелетке толмағандар, түрмысы наша жанұяларға қатысты толық көлемде қолданылмайды. Ата-аналарды немесе өзге заңды өкілдерін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы құжаттарды олардың алдын алуы үшін Комиссияның қарауына жіберу керек.

ӘҚБтК-нің 127-бабының 1-бөлігінің диспозициясында, ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауынан жауаптылық туындайтыны көзделген. Бұл бап тәжірибеде әр түрлі қолданып, әр түрлі талқылануда.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, бірнеше күн себепсіз оқуынан қалған кәмелетке толмаған баланың ата-анасына немесе басқа да заңды өкілдеріне ӘҚБтК-нің 127-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы толтырылады. Айтылған жәйт, осы баппен сотқа түскен істердің басым бөлігін құрайды.

Бірақ, іс жүзінде бұл ата-аналар өздерінің балаларының тәрбиесімен тиісті түрде айналысады, олармен білім алуына, қалыпты өмір сүруіне және дамуына барлық жағдайлар жасалған. [3]

Осы жағдай, ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің әрекетінде «кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамады» деген дәрежелеуші белгісін жоққа шығарады. Яғни, әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы жоқ.

Бірақ, жоғарыда аталған ата-аналардың әрекетінде ӘҚБтК-нің 409-бабының 2-бөлігінде көзделген ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы (ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға; балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті) әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар.

Сондықтан алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасын қолдануға байланысты қабылданатын нормативтік қаулысында «ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындамау немесе балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндеттін орындамау ӘҚБтК-нің 409-бабының 2-бөлігімен әкімшілік жауаптылық туындайды» деп көрсетілуі қажет.

ӘҚБтК-нің 132-бабының 1-бөлігінің диспозициясы бойынша кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

Аталған бап бойынша субьект ретінде жеке тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар, орта кәсіпкерлік субъектілері, ірі кәсіпкерлік субъектілері танылады.

Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының 1 бабында дара кәсіпкер – дара кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмастан жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман болып танылса, осы Заңның 6 бабының 5 тармағына сәйкес заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. [3]

Осы баптың 6-тармағында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті; акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме саудада өткізуді; астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті; лотереялар өткізуді;ойын бизнесі саласындағы қызметті; мұнай, мұнай өнімдерін, газ өндіру, өңдеу және өткізу, электр және жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметті; радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметті; банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа); аудиторлық қызметті; бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті; кредиттік бюролардың қызметін;күзет қызметін; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілеріне, ал жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет

туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатын және заңды түлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды түлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Яғни, аталған заң талабына сай әкімшілік құқық бұзушылық субьектісі анықталуға тиіс.

Аталған баппен әкімшілік істерді қарау барысында көбінесе жеке түлғалар, яғни, жеке кәсіпкерлердің жұмысшылары болып келеді және аталған жұмысшыларға кәмелетке толмаған балаларды ойын-сауық мекемесіне кіргізбеу туралы міндет жүктелген немесе жүктелмегендігі тексеріледі.

Сонымен қатар, кәмелетке толмаған баланың ата-анасының бірге жүруінсіз қалған немесе қалмағанын анықтау қажет.

Атап айту керек, ӘҚБтК-нің 133-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтың нысаны он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекі және темекі бұйымдардың сатуы болып табылады.

Іс бойынша сотқа дейінгі тергеу барысында уәкілетті лауазымды түлғалар құқық бұзушылықтың жасалуын орнында анықтау фактісін процессуалдық тиянақтаусыз, темекі бұйымын оны сатқан түлғаға қайтарып және соңғының ақшаны кәмелетке толмаған адамның заңды өкіліне қайтару туралы қолхат алумен ғана шектеледі. ӘҚБтК-нің 795-бабаның 1,2-бөліктеріне сәйкес, заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалады, оның көшірмесі өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан түлғаға немесе оның заңды өкіліне тапсырылады не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады. ӘҚБтК-нің 795-бабаның 5-бөлігіне сәйкес, алып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін алып қоюды жүргізген лауазымды адам айқындайтын орындарда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын орындарда тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен сақталады.

ӘҚБтК-нің 822-бабаның 3-бөліген сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда жеке түлғаның өзімен бірге алып жүрген, алынып қойылған заттары мен құжаттары туралы, заңды түлғаға тиесілі алынып қойылған құжаттар мен мүлік туралы мәселелер шешілуі тиіс.

Сонымен қатар, әкімшілік хаттамаларында жеке түлға деп көрсетілмейді, соның ішінде жеке басын анықтау барысында және істің мән-жайын фабулласын толтыру барысында сатушы деп көрсетеді. Алайда, іс құжаттарына оның дара кәсіпкер екені дәлелденетін құжат тіркеледі. Кейбір жағдайда істің мән жайына азаматша сатты деп көрсетеді, оның сатушы не дара кәсіпкер екенін ажыратуға қиындық тудырады.

ӘҚБтК-нің 129-бабаның диспозициясына сәйкес, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің түрғын үйге мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауы, сол сияқты белгіленген мерзімді бұза отырып есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауы үшін жауапкершілікке тартылады.

Осыған байланысты, соттарға ӘҚБтК-нің 129-бабы бойынша жергілікті атқару органдарының лауазымды түлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешуде қаулыларында кінәлі түлға үйымдық-билік ету немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтермен орындалатын қандай қызметтік нұсқаулар, бүйрықтар, құжаттары негізінде ӘҚБтК-нің 30-бабына сәйкес, лауазымды түлға болып табылатынын көрсету қажет.

Сонымен қатар, осы санаттағы істерді қарауда жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының және (немесе) баланың заңды өкілдерінің түрғын үйге мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою жөніндегі міндеттерді орындамауын куәландыратын мән-жайлардың дәлелденгеніне назар аудару керек.

«Мемлекеттік түрғын үй қорынан түрғын үйге немесе жеке түрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған түрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою» қағидаларының 2-тарау, 2-1-тармақтарына сай, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды өкілдері жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру үйымына, медициналық немесе басқа да үйымға келіп түскен күннен бастап немесе осындай балаларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен не патронат тәрбиешімен шарт жасасқан күннен бастап алты ай ішінде баланы түрғын үй алу үшін жергілікті атқарушы органда есепке қояды.

Сондықтан, соттарда аталған санаттағы істер қарау кезінде түрғын үйге мұқтаж баланы есепке қою, заңда көрсетілген мерзімді сақтау туралы жоғарыда аталған заң талабын орындауы бойынша

жергілікті атқару органдарының жауапты лауазымды тұлғаларының немесе заңды өкілдерінің барлық әрекеттерін толық көлемде анықтау керек.

Жоғарыда айтып өткендей, судьямен осы санаттағы істерді қарау кезінде туындайтын тағы бір проблемалық мәселе, бұл судья істі қарауға әзірлеу кезінде сот талқылауын тағайындауға кедергі келдіретін кемшіліктерді анықтаған жағдайда оны түзету үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасаған органға немесе лауазымды тұлғаға кері қайтару мүмкіндігінен айырылған. [3]

Сондықтан, судья істі өндіріске қабылдап туындаған кемшіліктерді сот отырысы барысында түзетуі қажет, алайда бұл әрдайым мүмкін бола бермейді.

Атап айтатын болсақ, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада құқық бұзушылықтың сараланuын көрсетпейді не дұрыс толтырмайды, істі обьективті қарау үшін қажетті толық материалдармен қамтамасыз етпейді, бұрыңғы жауаптылыққа тартылғаны жөніндегі мәліметті тіркемейді. Яғни, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға уәкілетті органдар хаттама толтыру кезінде іске тіркеуге қажетті құжаттарын толық жинамай, осы кемшіліктерді түзетуді соттың міндетіне жүктеп қояды.

Соттың материалдарды кері қайтаруға құқық жоқ екендігін мемлекеттік органдардың қызметкерлері пайдаланып, осындай кемшіліктерге жиі жол беруде.

Сонымен қатар, сот тәжірибесінде осы жоғарыда аталған санаттағы істерді мемлекеттік органдардың қызметкерлері пошта арқылы немесе «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі арқылы әкімшілік істерді жіберіп, құқық бұзушыны сотқа жеткізілуін қамтамасыз етпеу фактілері орын алуда.

Сол себепті, әкімшілік істі сот талқылауына тағайындауға кедергі келтіретін кемшіліктерді түзету үшін және сотқа құқық бұзушының келуін қамтамасыз ету үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі оны қозғаған лауазымды тұлғаға не органға кері қайтаруды көздейтін норма енгізу қажет.

Атап айту керек, әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғаған лауазымды тұлғалар тарапынан істі сотқа жолдау кезінде әкімшілік заңнамаларының өрескел бұзылуына жол береді.

ӘҚБтК-нің 749-бабының 1-бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес, егер әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам кәмелетке толмаған адам болып табылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қорғаушының қатысуы міндетті.

ӘҚБтК-нің 749-бабының 2-бөлігіне сәйкес, егер осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар болған кезде қорғаушыны әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның өзі, оның заңды өкілдері, сондай-ақ оның тапсыруымен басқа да адамдар шақырмаса, судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) іс жүргізудің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

Алайда, лауазымды тұлға заңның бұл талаптарын бұзып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және сауал қою хаттамасын жасаған кезде лауазымды тұлға өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық іс жүргізіліп жатқан адамның кәмелетке толмағанын біле тұра, ӘҚБтК-нің 749-бабының 2-бөлігіне сәйкес оның мүддесін қорғау үшін қорғаушының қатысуын қамтамасыз етпейді.

ӘҚБтК-нің 765-бабының 3-бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес, егер нақты деректер іс жүргізуге қатысушылардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе қысым жасау жолымен алынса немесе процестің өзге де қағидаларын бұза отырып алынып, нақты деректердің анықтығына ықпал етіп немесе ықпал етуі мүмкін болып, оның ішінде процестік әрекетті жүргізу тәртібін бұза отырып алынса дәлелдемелер ретінде жол беруге болмайды деп танылуға тиіс.

Сонымен қатар, жоғарыда айтып өткендей, ӘҚБтК-нің 442-бабының 3-бөлігіне сәйкес, заңды тұлға өкіліне қатысты (оның ішінде мектеп интернаты, жетім балалар үйінің өкілдеріне қатысты) және 132, 133-баптары бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жаза тағайындауда ӘҚБтК-нің 819-бабының 2-бөлігін қолдану тиімділігін қарастыру (кінәлі тұлғаның зейнеткерлік жасы, жалғыз бастылығы, ауылдық жерде тұруы, денсаулығына байланысты мүгедектігі, және осы тәріздес жанұялық жағдайы болуына байланысты) мақсатында Нормативтік қаулыға ұсыныс енгізу қажет.

Қорытындылайтын болсам, кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істерді қараудағы сот тәжірибесі бойынша бұл санаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді негізінен заң талаптарына сай қарастырады.

Сонымен бірге, ата-ананың немесе өзге заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу және оқыту бойынша өз міндеттерін орындамауымен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарастыру кезінде соттардың формальді қарауын айта кету керек. Осы санаттағы істер бойынша істің мәні бойынша дұрыс шешілуі үшін маңызды мән-жайлар толығымен қамтамасыз етілмейді. [4]

Республика соттарының практикасында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде процессуалдық заң нормаларын сақтаумен, әрекеттерді саралаумен, қаулы құрылысы мен мазмұнына қойылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы заң талаптарын бұзу, істерді тоқтатудың негізділігіне байланысты белгілі бір қиындықтар бар.

Осыған байланысты, кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғушылықпен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істерді қарастыруда сот практикасында туындайтын айтылған мәселелер негізінде төменде көрсетілген ұсыныстарды енгізу қажет деп санаймын:

– Соттардың назарын Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істерді қарау кезінде ӘҚБтК талаптарының жіберілген қателіктеріне аудару.

– Соттар кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау аясындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер келген кезде ішкі істер органынан хаттамаларын ӘҚБтК 803-бабын сақтай отырып толтыруды, құқық бұзушылықтың болмысын дұрыс ашу, іс құжаттарын жинауда толықтығын және жан-жақтылығын талап ету. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде процессуалдық заң нормаларын сақтау, әрекеттерді саралауда, қаулы құрылысы мен мазмұнына қойылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы заң талаптарын бұзуды жою.

– Осы санаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша формальді қарауды жою. Кәмелетке толмағандар ісі мен олардың құқығын қорғау туралы ведомстоваралық комиссиядан, педагогикалық ұжымдардан сотқа дейінгі қарау бойынша материалдарды талап етіп, зерттеу. Шешім қабылдау кезінде істің мән-жайларын жиынтығында, құқық бұзушының тұлғасы туралы мәліметтерді назарға алу керек, балалардың құқығын қорғау және заңды мүддесін қорғау мақсатын отбасы болған жағдайда оның мүддесінен шығу.

– Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2004 жылғы 26 қарашасындағы №18 “Соттардың әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамасын қолданудың кейбір мәселелері” заңды күшін жойғаны себепті әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамасының дұрыс және біркелкі қолданылуы болса, жаңа нормативті қаулыны қабылдау туралы мәселені шешу ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Исабеков А.К., Құсайынов Д.Ө Әкімшілік құқық. Алматы, Қазақ университеті, 2013 ж.
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
3. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: конституционно-правовой аспект. А., 2012 ж.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.

Идресова Ү.Х.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Ердешова Ж.И.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДЕ СОТТАЛҒАНДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме. *Мақалада сотталғандарды әлеуметтендіру мәселесі қарастырылған. Қылмыстық атқару кодексі, Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы, пробация туралы және т.б. нормативтік құқықтық актілерді талдай отыра, бүгінгі таңда сотталғандарды әлеуметтендіру ісін ұйымдастыру мен оны жүзеге асырылуы жағдайы зерделенді. Аталған мәселе қоғамның өзекті мәселелерінің бірі, сондықтан адамды бас бостандығынан айыру орындарына келіп түскен бастап одан шыққанға дейінгі мерзім аралығында қоғамға қайта бейімдеу бағытында атқарылатын жұмыстардың түрлері мен жүргізілу тәртібі баяндалған. Авторлар сотталғандарды әлеуметтендіру саласындағы қызметті ұйымдастыруды жетілдіру мәселелерін ұсынған.*

Резюме. *В статье рассматриваются вопросы социального обеспечения осужденных. Исследованы способы реализации и организации социального обеспечения осужденных, проделан анализ норм Уголовно-исполнительного кодекса, Комплексной стратегии социальной реабилитации граждан, освободившихся из мест лишения свободы и находящихся на учете службы пробации в Республике Казахстан на 2017–2019 годы, закона «О пробации» и других нормативно-правовой актов. Рассматриваемый вопрос является одной актуальных проблем общества. Авторами предложены вопросы совершенствования деятельности в сфере социального обеспечения осужденных.*

Resume. *The article reviews the social welfare of convicts. In here investigated the ways of realization and organization of social security of convicts. There is analysis of the norms of the Penitentiary Code and of comprehensive strategy of social rehabilitation of citizens released from prison registered by the probation service in the Republic of Kazakhstan for 2017-2019, the law «On probation» and other regulatory measure. The highlighted issues are topical problem of society. The authors have proposed issues of improving activities in the social security of convicts.*

Адам құқығы және оны қорғау мәселелері қай уақытта болмасын өзектілігін жойған емес. Әсіресе, бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарын қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету елімізде заңмен нақты реттелген мәселе. Олардың құқықтарының сақталуына Қазақстан Республикасының Конституция мен Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы, “Азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын ісәрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы” Конвенция және “Түтқындағыларды ұстау ережелерінің минималды стандарттары” сияқты халықаралық актілер кепілдік береді. Қазақстанда аталған мәселе мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі және ол жоғары стандарттарға сай жүргізіліп отыр. Әсіресе, пенитенциарлық жүйенің проблемаларына, бас бостандығынан айыру жолымен жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеп шыққан адамдармен жұмыс жүргізу шаралары кешенді ұйымдастырылған, түрмедегі адамдар санын азайту, қоғамнан оқшауламайтын жазаларды орындау институтын дамыту бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясының «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан Қазақстанда осы уақытқа дейін жалпы жаңғырту процесіне кірікпеген әлеуметтік топтардың бар екенін атап өтті [1].

Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» бағдарламасының 33-қадамында: «Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру. Осындай азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік қызмет стандарттарын және әлеуметтік оңалтудың кешенді стратегиясын жасау» бағытында құзырлы органдарға нақты тапсырмалар беріп [2], нәтижесінде 2016 жылы «Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы» бекітілді [3].

Сотталғандарды әлеуметті ортаға қайта бейімдеу – көкейтесті мәселелердің бірі, оның шешімі тек құқық қорғау органдары емес, нақты мемлекет және азаматтық қоғам институттарына тәуелді. Бас бостандығынан айрылған адамдардың өмірлік перспективаларын өзгерту өте қиын міндет болып табылады. Көптеген шетелдік мемлекеттерде бас бостандығынан айрылған адамдарға әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға арнайы бағдарламалар бар. Олардың идеясы мынада: сотталғандар түрмеден шыққаннан кейін жағдайы төмен болмауы тиіс деп қарастырады.

Елімізде бас бостандығынан айыру орындарында әлеуметтендіру мекемеге түскен алғашқы күннен басталады. Қылмыстық атқару жүйесінде жазаны өтеу режимін бекіту, тәрбиелік ықпал ету шараларын ұйымдастыру, жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап түру, қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылдануын ұйымдастыру; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуына жағдай жасау, қоғамдық ықпал ету жұмыстарын кешенді ұйымдастыру арқылы сотталғандарды түзеу және олардың түрмеден шыққаннан кейін қоғамға кірігуіне бағытталған жұмыстар атқарылады [4].

Сотталғандардың еңбегі – түзеу мекемесінің материалдық қорын және сотталғандардың өздерінің әртүрлі қажеттілігін қамтамасыз ете алады. Жазаны өтеу орындарындағы еңбектің экономикалық мәні – «барлық адамдар еңбекпен айналысуы арқылы өз қажеттілігін өтейді, бұл жағдай сотталған адамдарға да қатысты» дегеннен шығады. Бірақ, түзеу мекемелері сотталғандарды өндірістік-шаруашылық қызметке араластырғанда, олардың еңбегі арқылы пайда табуды көздемеуі керек [5].

Сотталғандардың еңбегін ұйымдастырудағы басты принцип – ол сотталғандармен жұмыс істеу әдісі, бостандық жағдайындағы еңбек етуге жақын болып, соған үйренуі тиіс. Сотталғандарды қоғамға бейімдеу, еңбек ету, табыс табудың алғашарттарын үйретіп өмір сүруге бейіндеу мақсатында елімізде үлкен реформалар жүріп, оң өзгерістер енгізіліп жатыр. Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды дене еңбегіне тарту және оны орындауға міндеттеу, жазаның негізгі көрінісін ғана емес, сонымен қатар сотталғанға қолданылатын түзеу құралын да білдіреді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде сотталғандарды еңбекке жұмылдыруды ұйымдастыру туралы жеке тарау берілген. Онда сотталғандарды түрліше еңбекке тарту жөнінде бірқатар баптар берілген. ҚР ҚАК 19-тарауында «Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегі, оларға техникалық және кәсіптік білім беру» нормалары қарастырылған. Мекемелердің әкімшілігі сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарына жұмысқа орналастырады, мекемелердің аумағында не оларды күзету мен оқшаулау қамтамасыз етілген кезде оның шегінен тыс жерде орналасқан ұйымдарда жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді. Мекемелердің әкімшілігі еңбекке қабілетті барлық сотталғандарды ақысы төленетін жұмысқа тарту үшін жұмыс орындарын құру жөнінде шаралар қолданады.

Сотталғандарды жұмысқа орналастыру кезінде әкімшілік олардың жынысын, жасын, денсаулық жағдайын, еңбекке қабілеттілігін, мүмкіндігінше – мамандығын және жазаны өтеу уақытында оны алуын ескеруге міндетті. Сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесіне кірмейтін ұйымдардың объектілерінде еңбекке тарту мекеме әкімшілігі, ұйым және сотталған адам арасындағы шарттардың негізінде жүзеге асырылады. Сотталғандар мекемелер аумағында жеке еңбек қызметімен айналысуға құқылы. Мекемелердің ұйымдарында ерікті жалданушы инженерлік-техникалық жұмыскерлер мен білікті жұмысшылардың еңбегін жұмыс істейтін сотталғандар санының он бес пайызына дейінгі шекте пайдалануға жол беріледі. Сотталғандарды пайдалануға тыйым салынатын жұмыстар мен лауазымдардың тізбесі мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленеді [4].

Қылмыстық – атқару мекемелерде сотталғандарға техникалық және кәсіптік білім беру жүзеге асырылады. Қылмыстық атқару саласындағы құзырлы органдар білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын белгілейді.

Сотталғандарға техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру үшін кәсіптер мен мамандықтар тізбесін еңбек нарығының мониторингін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша мекеме әкімшілігі қалыптастырады.

Бұл қағида бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидалары қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Мектепте оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 және

2013 жылғы 24 сәуірдегі №150 бұйрықтарымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларымен, сонымен қатар Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады [6].

Сотталғандармен тәрбие жұмысы олардың түзелуіне, заңдардың талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға, білім деңгейі мен мәдени деңгейін арттыруға, сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларға қатысуға ұмтылысын қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған. Сотталғандарға арналған тәрбие түрлері оларды имандылыққа баулу, әлеуметтік-құқықтық, еңбекке және салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған шаралар мен дене шынықтыруға тәрбиелеу бағыттарында жүзеге асырылады. Сотталғандардың түзеліп кетуіне жәрдемдесу мақсатында өз араларынан ерікті ұйымдар құрылады. Ерікті ұйымдар түрме әкімшілігінің бақылауымен жұмыс істейді.

Сотталғандар арасынан өзін жақсы қырынан танытқандар ерікті ұйымның мүшесі атанады және ерікті ұйымдарының негізгі міндеттері төмендегідей: 1) мекемеде оң моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру; 2) сотталғандардың жағымды әлеуметтік байланыстарын дамыту; 3) сотталғандардың қоғамдық-пайдалы бастамасын қолдау; 4) сотталғандарға рухани, кәсіптік және дене бітімінің дамуына көмек көрсету; 5) сотталғандардың еңбегін, түрмысын және бос уақытын ұйымдастыруға жәрдемдесу. Ерікті ұйымның мүшесі болу түрме әкімшілігі атынан қандай да бір артылықшылықтарға ие болуды білдірмейді және ондай артықшылықтарға жол берілмейді [7].

Қылмыстық-атқару кодексінде босатылған сотталғандарды әлеуметке қосу процесін реттейтін нормалар көзделген. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық қызметтердің қажетті көлемін көрсетуде мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтардың мүмкіндіктерін кешенді іске асыру тетігін жаңғырту мен дамытудың маңызды аспектілеріне жетекші рөл беріледі. Құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға ерекше назар аударылған.

Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы жазасын өтеушілер босатылғаннан кейін және пробация қызметінде есепте тұрған кезеңінде азаматтың әлеуметтік бейімдеспеуі мен әлеуметтік адасу алғышарттарын жоюға бағытталған.

Жалпы, еліміздің қылмыстық-атқару мекемелерінің әкімшілігі сотталғандармен жеке тәртіппен олардың қажеттіліктеріне сәйкес, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жұмыстар мен психологиялық жұмыс жүргізеді. Сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жұмыс мынадай: 1) сотталғандармен жұмыс жөніндегі жеке бағдарламаларды әзірлеу; 2) сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу, ұйымдастыру және іске асыру; 3) мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды және жүртшылықты сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге тарту; 4) сотталғандардың жағымды әлеуметтік байланыстарын нығайтуға жәрдемдесу; 5) босатылатын адамдарға көмек көрсету нысандарында жүзеге асырылады [4, 125 – бап].

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған барлық адамдар әлеуметтік көмекке мұқтаж, оларға босатылғаннан кейін алғашқы уақытта бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделу, түрмыс-тіршілік үшін және жұмыс іздеу үшін қаражат қажет. Негізінен, қазіргі таңда сотталғандарды әлеуметтендіру жұмыстары олардың моралдық–психологиялық ахуалдарының күйреуіне жол бермейтін, әрі денсаулық, еңбек және өзге де құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін, өз бетінше өмір сүріп, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алуға бейімдейтін басты құрал ретінде баға бере отырып, қылмыстық атқару мекемелерінде жүргізілетін іс-шаралардың құрамдас, әрі ажырамас бөлігіне айналды [8]. Қазақстан Республикасында пробациялық қызмет есебінде болу негіздер бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адам өмірлік қиын жағдайда деп заңмен танылады және оларға әлеуметтік қорғау органдары әлеуметтік қызметтер көрсетеді [9].

Сотталғандарды түзеу құралы ретінде ұйымдастырылатын жұмыстардың негізгі бағыты – қоғамнан оқшаулау орындарынан босап шыққан адамдардың мінез-құлқын түзеу, әлеуметке бейімдеу, жұмысқа орналастыру, тұтастай алғанда қоғамға кірігу проблемаларын шешу болып табылады.

2016 жылдың 30-желтоқсанда Пробация туралы заң қабылданып, сотқа дейінгі пробация (күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеуге бағытталған, оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы, үкімдік пробация (бас бостандығын шектеуге

сотталған, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы), пенитенциарлық пробация (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы), пенитенциарлықтан кейінгі пробация (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы) түрлерін белгілеп, оның жүзеге асырылуының құқықтық механизмін айқындағын нормалар бекітілді [10].

Еңбек тұлғаны шыңдайды, әрі төзімділік пен шыдамдылыққа үйретеді. Еңбегінің жемісін көру адамды жақсылыққа жетелейді. Сондықтан, қылмыстық-атқару саласындағы құзырлы органдар білім беру мекемелері мен кәсіпкерлердің бірлестіктерімен бірлесе отырып, кәсіпкерлік бағыттағы оқу курстарын ұйымдастырып, оларды қылмыстық-атқару немесе басқа мекемелер базасында өткізуді ұйымдастыру, дуалды білім беру жүйесі элементтерін енгізу тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ, білім берудің қашықтықтан оқыту нысанын пайдалана отырып, қамаудағыларға жоғары білім беру немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққандарды жоғары оқу орындарына оқыту, сондай-ақ оқу гранттарын беру мәселелерін жан-жақты зерделеп, оларды жүзеге асырудың құқықтық механизмдерін бекіту қажет. Сондай-ақ, жазаны өтеу мекемелерінен босап шыққан адамдардың көбі бөгде адамдармен араласып, тіл табысуда жасқаншақтанатыны мәлім. Олар адамдармен ашылып сөйлесіп кетуі қиын. Бұл психологиялық жағдай да олардың жұмысқа орналасуына, қоғамға кірігуіне кедергі келтіреді. Жұмыс берушілерге өздері туралы ашылып айта алмай жатады, сондықтан бұл істе жұмыс берушімен арада делдал, бір сөзбен айтқанда, сотталғандарды таныстыру-жарнамалау және нәтижелі жұмысқа орналастыру немесе түрмеден босап шыққанды әлеуметтендірудің озық, кешенді жобаларын жасақтап, оны жүзеге асыру бағытында қызмет атқаратын жеке секторларды құру мәселесі де зерделенген жөн. Әлеуметтендіру – бұрын сотталған адамдарды қоғамға заңды сыйлай білетін азаматтар ретінде кіріктіруге бағытталған кешенді шаралар болып табылады. Сотталғандарды қоғамға бейімдеу үшін, қоғам да оларды «өзекке теппей» қабылдауға бағытталған қадам жасай білу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 ж.
2. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасының Президенті бағдарламасы. 20 мамыр 2015 ж.
3. Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы 8.12.2016 ж
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексі 5.07.2014 ж. 7- бап.
5. С.М.Әпенов. Қылмыстық-атқару құқығы – Алматы. ҚазМЗА. 2011 ж.
6. «Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №516 бұйрығы. 18.08.2014 ж.
7. «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №508 бұйрығы. 13.08.2014 ж.
8. «Қылмыстық – атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің №819 бұйрығы 17.11.2014ж. 2-параграф.
9. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы. 29.12.2008. 6-бап.
10. Қазақстан Республикасының пробация туралы заңы 30.12.2016ж. 3-тарау, 12-17 баптар.

Исибаева Е.И.
доцент, т.ғ.к.
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
e-mail: isibaeva.liza.@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК БАСҚАРУДАҒЫ ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Түйін. *Мақалада мемлекеттік билік басқарудағы орталықсыздандыру саясатының кейбір аспектірі қарастырылған. Орталықсыздандыруды басқару деңгейлерінің рөлін, жауапкершілігі мен өкілеттігін өзгерту арқылы мемлекет іс-әрекетінің нәтижелілігіне жеткізетін бір тәсіл болып табылатыны айқындалған.*

Кілт сөздер: *демократия, принцип, мемлекеттік құрылым, құқықтық мемлекет*

Резюме*. В статье рассматриваются некоторые проблемы децентрализации управления государственной властью. Децентрализация определяется как один из способов достижения результативности действий государства путем изменения роли, ответственности и полномочий уровней управления.*

Ключевые слова: *демократия, принцип, государственное устройство, правовое государство.*

Summary. *The article discusses some of the problems of decentralization of government administration. Decentralization is defined as one of the ways to achieve the effectiveness of state actions by changing the role, responsibility and powers of the management levels.*

Keywords: *democracy, principle, government, rule of law.*

Демократия – үздіксіз жүретін аса ұзақ процесс. «Біз демократияның шыңына шықтық, одан әрі ештеңе қалмады» деген мемлекетті әлі кездестіргеніміз жоқ. Қоғамдық өмір біздердің алдарымызға күн сайын жаңа бір мәселелерді қойып отырады. Демократияның аяқталатын жері болмаса да басталу нүктесінің болуын ешкім жоққа шығармайды. Бұл – халық билігіне деген сенім және демократиялық жүйенің негізгі принциптерін түсіне білу.

Демократиялық принциптер қоғамдық өмірдің тек кейбір салаларында ғана жүзеге асырылып, мемлекеттік құрылымдарда қолданылмаса, саяси жүйеміз толыққанды демократиялық жүйе бола алмайтыны анық. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, демократиялық жүйенің орналуына қоғамның өзі кепіл болады, демократиялық институттар мен тәртіптерді қолдану арқылы.

Әлемдік өркениеттердің тарихи тәжірибесін ескере отырып, демократиялық жүйеге ауысуды рационалды және мақсаттылық түрғыда, өз-өзін дәлелдеген демократиялық процедуралар мен принциптерді еңгізу арқылы жеделдету қажет. Демократиялық процесс моданың кежірлігі емес, шарасыз тарихи қажеттілік болып табылады, ал бұл тарихи қажеттілікті жүзеге асыру үшін қоғам жаңартылады. Демократиялық жаңару процессі құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуымен, заң алдында барлық азаматтар мен басқару органдарының шынайы теңдігімен және қоғам мен азаматтардың құқықбұзушылық әрекеттерден қорғалуымен түйіндес болуы қажет.

Саяси жүйені демократияландырудың ең маңызды тенденциясы – билік және басқару жүйесін орталықсыздандыру. Орталықсыздандыруды басқару деңгейлерінің рөлін, жауапкершілігі мен өкілеттігін өзгерту арқылы мемлекет іс-әрекетінің нәтижелілігіне жеткізетін бір тәсіл деп қарастыруға болар. Орталықсыздандыру әкімшілік, экономикалық, саяси жүйені демократияландыруға бағытталған. Қазақстан Республикасында мемлекеттілік қалыптасудың бастапқы кезеңінде саяси жүйенің әсіре орталықтандырылуы амалсыз шара еді. Мұндай шара тәуелсіздік пен дербестікті нығайту, мемлекеттің территориалдық тұтастығын сақтап қалу қажеттілігінен туындаған. Бірақ, кейінгі кезеңде шеттен тыс орталықтандыру саяси жүйені демократияландыру процессіне қауіп төндіре бастады. Қазіргі таңда әлемдік экономиканың жаһандану процесі және билік пен басқару жүйесінің демократияландырылуы орталықсыздандыру саясатын жедел түрде жетілдірілуін талап етеді [1]. Орталықсыздандырудың әлемдік тәжірибесіне негізделе отырып, түрлі моделдерді сараптау арқылы Қазақстанның спецификалық жағдайларына сәйкес келетін өзіндік концепция мен орталықсыздандыру стратегиясын дамыту қажет. Мемлекетіміздің орталықсыздандыру концепциясы мынадай қағидаларға негізделуі тиіс:

– билік деңгейлерінің арасында әрекет салаларын, функциялары мен жауапкершіліктерін рационалды түрде жіктеу;

– жергілікті мемлекеттік басқару қызмет етуі үшін негізгі жағдайларды қалыптастыру;

– жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін еңгізу.

Саяси жүйені орталықсыздандыру мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдау процесінде биліктің демократияландырылуын қамтамасыз етеді. Азаматтар мен олардың сайланған өкілдерінің беделі мен ықпалын арттыру саяси шешімдерді қалыптастыру мен жүзеге асыру процессінің керекті шарты болып табылады. Әрине, халықтың кең көлемде қатысуымен қабылданған саяси шешімдер анағұрлым мағлұматқа негізделіп, мемлекет қоғамындағы түрлі мүдделерді айқындауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының саяси орталықсыздандыру концепциясы саяси жүйені демократияландыруға бағытталған конституциональды, болмаса заңмен бекітілген реформалардың іске асырылуын, басқару процессіне азаматтардың кең түрде араласуын көздеуде. Саяси орталықсыздандыру концепциясын орындау нарықтық өзгертулер өткізілуін және үкімет функцияларын өзгертілуін қамтитын экономикалық орталықсыздандыруды жүзеге асырылғанда мүмкін болуда. Экономикалық либерализация және нарықтың дамуы жергілікті билік пен басқару субъектілеріне бұның алдында орталық атқарушы органдардың ғана өкілеттігінде болған қызметтерді орындауға мүмкіншілік туғызады [2]. Республикамызда орталықсыздандыру процесі ақыл-ойға салынып, парасатпен өткізілуі тиіс, болмаса қосымша қиыншылықтар туу әбден мүмкін. Себебі, орталықсыздандыру экономикалық және әлеуметтік ресурстарға байланысты мемлекеттік басқарудың барлық функцияларына ең рационалды таңдау ретінде әрқашан келе бермейді. Осы себеппен, ол заман талабына сәйкес, әрі қалыптасып жатқан саяси және экономикалық ахуалдардың ерекшеліктеріне сай болуы қажет. Өз кезегінде орталықсыздандыру, билік пен басқару құрылымын оптимизациялау мақсатымен орталық атқарушы органдардың қызметін корректілеу қажеттілігінен туындайды. Сол кезде ғана ол бюрократиялық процедуралардың азаюына, басқару органдарының лауазымды адамдары тарапынан жергілікті жағдайларға назар аударады. Жергілікті аймақтарға шешімдерді қабылдауда саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да құқықтарды беру орталық министрліктердің рационалды жұмыс істеуін ынталандырып, олардың назарын мемлекеттік мақсаттарды шешуге топтайды. Нарықтық экономика шешімдерді қабылдау жүйесінде әсіресе орталықтандыруды көтере алмайды және жергілікті органдарға белгілі мөлшерде биліктік, қаржылық уәкілдіктерді бекітуді талап етеді.

Қазақстанда орталықсыздандыру процессі саяси тұрақтылыққа, ұлттық бірліктің күшеюіне ықпалын тигізуі қажет. Бұның бірден-бір жолы – азаматтарың жергілікті деңгейде қоғамдық бағдарламаларды бақылауы.

Жергілікті аймақтарға құқықтарды берудің нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы заңды түрде бекіту қажет, әйтпесе орталықсыздандырудың іске асуы екі талай. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару мен орталықсыздандыру жөнінде жаңа заңдарды қабылдау мемлекеттік билік пен басқарудың демократияландыру процессіне өзсептігін тигізетіні анық. Жергілікті деңгейлерге тапсырылған әкімшілік өкілеттіктерді тиісті қаржылық өкілеттіксіз орталық және жергілікті билік органдарының арасында уәкілдіктердің жіктелуін қиындата түсетіні де айқын. Кейбір жағдайларда орталықсыздандыру ұлттық саясатқа нұқсан келтіріп, билік пен басқару жүйесіне сенімсіздіктің артуына апаруы да әбден мүмкін. Қазақстан үшін билік пен басқару жүйесінің орталықтандыру мен орталықсыздандыруы арасында тиімді баланс сақтаған жөн. Осы тұрғыда, орталық атқарушы органдар жергілікті өзін-өзі басқару концепциясына негізделген орталықсыздандыру саясатын іске асыру барысында бақылаушылық функциясын қолдану қажет. Осылайша, орталықтандыру мен орталықсыздандырудың ара қатынасы тиімді болып, заман талабына сәйкес келе, орталық басқару органдарының формалды түрде орталықсыздандыру саясатын жүргізіп, ал іс жүзінде бұрынғы орталықтанған жүйені сақтап қалуға жол бермеу керек. Ғылыми түрде жетілдірілген орталықсыздандыру бағдарламасы саяси жүйені демократияландыруға және билік пен басқару жүйесін дамытуға өз үлесін қосары анық [3]. Жоғарыда айтылғандай, демократияландыру процессінің бірден-бір шарты – мемлекетте маңызды рөл атқаратын жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін еңгізу болып табылады. Құқықтық тұрғыда жергілікті өзін-өзі басқару институтын жергілікті мемлекеттік басқарудан ажырата білу қажет.

– Біріншіден, жергілікті мемлекеттік басқару жалпы мемлекеттік басқарудың бір бөлігі болып табылады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Содан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сынып 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы бір ерекшелігі бар. Зерттеу көрсеткеніндей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Оқу бөлімінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білік мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі.

Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі: 1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі; 2) оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, 3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу.

Оқушыларға: 1) өз ойларын толық жеткізе алмауы; 2) материалды мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруін қалауы; 3) нақты фактілерге мән бермеуі; 4) білімді жинақтауға мән бермеуі.

С.И. Ожеговтың пайымдауынша «Модуль дегеніміз – белгілі бір тақырып ішіндегі бөліктердің өзара топтастырылған жүйесі». Ал «технология» гректің «шеберлік» деген сөзі.

Яғни, модуль – тұтас жүйенің бір бөлшегі, пәннің негізгі заңдылықтарын ашатын ұғымдардың бір-біріне байланысты элементтердің жиынтығы.

Модульдік технология дегеніміз-білім алушының ішкі мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай өз бетімен ізденуіне, әрекет етуіне лайықталған дидактикалық құрылым, адамның өзін-өзі дамуының амалы, жолы.

Оқыту технологиясының біз әзірлеген нүсқасының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерін, яғни жадының алуан түрін (есту, көру, қимыл-қозғалыс және т.б.), ойлау, ынта, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілде) дамытуға бағытталуында.

М.М. Жанпейісованың технологиясында модуль 3 құрамды бөліктен тұрады:

1. Кіріспе
2. Сөйлесу
3. Қорытынды.

Әр оқу модулінің сағаты әр түрлі болады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсеткен. Осы оқу модулінің ерекшелігі жалпы сағат санына қарамастан кіріспе және қорытынды бөліміне 1 немесе 2 сабақ саны бөлінеді, ал қалған сағаты сөйлесу сағаты болады.

Кіріспе бөлімде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте, және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Оқушылар бұл кезеңде бағдарламаның аталған тарауын неге және не үшін оқып үйренулері керектігін, өздері нақты нені меңгеріп, үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түсінуі қажет.

Сөйлесу бөлімінде оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейі, қарапайым білік пен дағдыларын және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы жүзеге асырылады.

Тақырып мазмұнына «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмалар мен зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, жазбаша және ауызша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әрбір берілген оқу материалын сабақта үш күрделілік деңгейінде тыңдау, жазу, көру және айтуға мүмкіндігі болатындай етіп құрылған.

3,4-сабақтардан бастап оқушыларға стандарт талаптарына сай тапсырмалар беріледі (III және II деңгейлер)

I деңгей тапсырмалары дарындылықтың екі түріне, яғни интеллектуалдық және креативтік дарынды балаларға арналған.

Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындалу міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүкіндігіне қарай таңдауға ерікті.

Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Бұл бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Егер сөйлесу бөлімінде оқушыларға үш деңгейлік (жеңілдетілген стандарт, стандартты, стандарттан жоғары) тапсырмалар берілсе, қорытынды бөлімде барлық оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай бірдей тапсырмалар беріледі.

Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалар бөлек есептеледі. Олар баяндама, хабарлама, реферат түрінде болуы және оқушыллардың ғылыми қоғамына (ОҚҒ), конкурстарға ұсынылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Каменскийдің, И.Гербарттың дәстүрлі объект – субъектілері педагогикасының орнын басқасы басты, ол бала оқу қызметінің субъектісі ретінде , өзін өзі өзектілендірудге, өзін танығуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын жазушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер-оқытушы мен оқушының тұлғалық – бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін , білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

«Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу –тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің , мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері ,мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Модуль дегеніміз –қандайда бір жүйенің,ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден , сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлімінде тәрбиеші балалармен оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр балаға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, тілін дамытады.

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңне тұрады:

1 Кіріспе –қызықтырушылық

2 Операционалдық-танымдық

3 Рефлексиялық-бағалау

Психологтар дәлелгендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін балалардың мақсаты түсінуі аса маңызды. Ол үшін мақсат оның мағынасы нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек.

Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2006 ж.
2. Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы».//Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.
3. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты үйымдастыру жолдары.//Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 жыл.
4. Искакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 жыл.
5. Жадрина М.Ж. «ҚР-дағы жоғарғы білім беру дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы 2002 жыл.
6. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан //Қазақстан халқына Жолдауы//, 28.02.2007.



Тинистанова С.С.
мемлекеттік – құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған
профессоры м.а.,
тарих ғылымдарының кандидаты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорган қ.
E-mail: Tin_019mail.ru;

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЗАҢГЕРЛЕРГЕ РИТОРИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме. *Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі заңгерлерге риторикалық білім беру мен тәрбиелеудің негізгі талаптары мен ерекшеліктері қарастырылған.*

Резюме. *В данной статье рассмотрены основные требования и особенности риторического образования и воспитания юристов на современном этапе*

Summary. *This article discusses the basic requirements and features of rhetorical education and the education of lawyers at the present stage.*

Риторика мен заң саласын, өнер мен ғылым екеуін көптеген зерттеушілер мен ғалымдар бір-біріне жақын деп босқа айтпаған. Еуропалық мәдениетте заі саласы риторикадан бастау алады, себебі соттағы даулар мен шешілмеген мәселелер аргументтер келтіру, дәлелдеу өнерімен, өз көзқарасын сөзбен жеткізу орын алға. Риторика, өнер ретінде «сендіру» қабілеті болған.

Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»,- деп атап көрсетті [1].

Сондықтан оқу орындарында білім алатын болашақ заңгерлердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, риторикалық білім беру, тәрбиелеу мен шешендік өнерін дамыту қазіргі кезеңдегі заман талабы болып отыр.

Риторика (грек тілінен аударғанда ῥητωρική) – «шешендік өнер» деген мағынаны білдіреді [2].

Шешендік сөз немесе шешендік өнер - ежелгі Грекия мен Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Грек шешендік өнерінің игі әсері арқасында көне Римде де бұл өнер дами бастады. Біздің дәуірімізге дейінгі ІІІ ғасыр Рим мен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталып, әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуымен сипатталады. Бұл сипат шешендік өнерге де тікелей қатысты. Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әр қайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебірентеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады.

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер:

Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, үрпақтан-үрпаққа жетеді.

Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін.

Үшіншіден, шешеңдік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған. Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген [3].

Қазақстандық ғалым Г. Гиздатов заңгердің сөзіне қойылатын негізгі талап:

– Нақтылық;
– Түсініктілік;
– Логиалық құрылымы дұрыс;
– Жүйелі болуы тиіс.

Логикалық түрғыдан алғанда заңгердің сөзі мынадай сапада болуы қажет:

1.Кез келген жағдайда сөйлеген сөзінің дәлелді болуы.

2.Сөйлеудің диалогтық формада болуы (сұрақ-жауап; жауап-сұрақ);

3.Маманның кіріспе сөзі проблемаға қатысты болуы және аудиторияны өзіне қаратуы;

4.Негізгі бөлімінде келтірілген аргументтерін іске қатысты қолдана білуі;

5.Құрытынды бөлімініде өз позициясын қорғап шығуы мен одан келетін пайда және қатысушылардың оның келтіоген аргументтеріне сенуімен аяқталады [4].

Сотта қолданылатын шешендік сөздер монолог түрінде де, диалог түрінде де жүзеге асады. Сотта қаралған, қаралуға тиіс қылмысты істерді бәрі шешендіктің тақырыбы бола алады. Қазіргі кездегі жүргізілетін сот жұмысындағы прокурордың да, адвокаттың да сөздеріне баға беру сипаты болады. Сонымен қатар сот ісі адам тағдыры шешілетін жер болғандықтан сол адамның өзін, іс-әрекетін (бұрыңғы еңбегін, қазіргі қылмысын т.б.) сипаттау басым болады. Прокурор мен адвокат өзара бір-біріне қарама-қарсы тұрып сөз сайысына түспейді, екеуі де шындыққа жетуді, соттың әділ үкімі шығуын көздейді. Олар тек судьяларға тек арнап емес, жалпы көпшілікке де қарата, өзге де жұршылықтың сана-сезіміне әсер ететіндей етіп сөйлеуді ойластырады. Осы себептен де бұл сөздерде нақтылы айтылған пікірдің дәлелдемесі, қорытындысы болумен қатар тыңдаушыларға әсерлі болу мақсаты да қойыла. Осы тұрғыдан келгенде судья мен адвокаттың сөздері бір-бірінен сәл өзгешеленеді.

Заңгердің тіл мәдениетіне мыналар енеді:

1) нормативтілік немесе дұрыстылық, яғни әдеби тіл нормасына сәйкес жаргон, диалект және ауызекі тілдегі сөздерді (жазбаша тілде орфографиялық және пунктуациялық қателерсіз) қолданбай ойды дәлме дәл бере білу;

2) сөйлеу шеберлігі, яғни сөздің ұтымдылығы, қисындылығы және ұтымдылығы, сөз байлығының болуы, мәнерлілік, сөз даралығы. Сот қайраткері сауатты, тапқыр, сенімді ретте сөйлей білуі тиіс. Егер заңгерлер іскер тілде ғана емес, сондай-ақ образды әрі экспрессивті тілде сөйлей білсе, біздің сотымыздың тәрбиелік маңызы ұлғая түседі.

Ресейлік лингвист-ғалым В. Аннушкиннің ойын назарға алатын болсақ, тиімді риторика, ең алдымен жағдайды бастан аяқ мұқият тыңдау мен жағдайды бағалаудан басталады. Содан кейін барып қана өз ойын құрастыру нәтижелі болады деп есептейді.

Сот процесінде судья басты адам, ол сот процесін жүргізуші, басқаларды сөйлетеді, тыңдайды, өзісөйлемеген жағдайдың өзінде ол жағдайды бақылауда ұстап, қорытындысын шығарады, ой түйіндейді. Сөз құдіретімен, дәлелдермен, қатысушыларды нандырумен сот процесінің кімнің пайдасына шешілетіндігі айқындалады [5].

Заңгерлердің кәсіби деңгейі олардың жүйелі сөзі, ойлауымен тікелей байланысты.

Осыған орай қазіргі кезеңде заңгер мамандарды дайындау мен олардың қызметтерінде не өзгереді, қандай жаңа талаптар болады деген заңды сұрақтар туындайды:

Біріншіден, мәтінді оқу мен қабылдау жылдамдығы өзгереді. Онымен қатар, қазіргі компьютерлік технология жазбаша мәтінді тез түсіну мақсатында жаңа форматта беріп, шрифты өзгерту, сөзді бөліп қарау, т.б. өзгерістермен береді.

Екіншіден, қарым-қатынас форматы өзгереді (жазбаша және ауызша), желілік қарым-қатынас (дисплейлік мәтіндер) орнайды және олар дәстүрлі тергеу амалдарын жүргізу мен жүйелі, тез ойлануға әсерін тигізері сөзсіз. Енді ұзақ мәтіндерді оқитын адамдардың санын азайтып, қысқара бастау қаупі туындайды. Осының барлығы студенттерді оқыту мен практикалық жұмыстарымен байланысты бірқатар мәселелерді туындатады да, бірінші кезекте риторикалық сұрақтардың шығуына, болашақ мамандарды қалай оқытып, тәрбиелеу маңыздылығы көтеріледі.

Отандық филолог-ғалым Н. Шаймерденова атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде жұмыс берушілер бірінші кезекте іргелі білімі бар, сыни тұрғыдан ойлай алатын мамандар болғанын қалайды. Тиісінше, бұл мамандар кәсіби (заңгер) құзіреттілігімен, білімімен қатар, дәл, анық өз ойын жеткізетін, мәтінді логикалық тұрғыдан тез және дқрыс құрай алатын, сенімді, сауатты сөйлей алатын болуы тиіс.

Қазіргі кезеңде жұмыс берушілерді қанағаттандырмайтын қандай мәселе?

1. Жұмыс берушілерді қазіргі заңгерлердің нәуты және анық сөйлеуі, сөйлемді құрастыру мәнері, ойын нақты жеткізуі мен лингвориторикалық дағдылары қанағаттандырмайды;

2. Кәсіби дағдылар – адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі. Жоғары

кәсіби дағдыларымен қатар, бірінші кезекте болашақ заңгерлердің риторикалық білімін бұрынғы корифейлердің тәжірибесін негізге ала отырып, көтеруді талап етеді [6].

Сотта сөйлеудің манызы мұнымен ғана шектелмесі анық. Қылмыстық істі қарау барысында айыпталушы мен қорғаушы оның сипаты мен орында амал-тәсіліне, мақсаты мен ниетіне терең талдау жасаи, жасалған қылмыстың сурет-сүлбесін, яғни болған жағдайды, окиғаны толық кайта қалпі келтіреді. Олардың жасалған жеке бөліктеріне тиісті баға беріп, көпшіліктің алдына сарапқа салуы сотқа қатысушы тұлғалардың талкыланып отырған істің мазмұның терең түсінуге, көңіл зердесінен өткізуге түрткі болып, шығарған үкімнің қаншалықты әділдігіне көз жеткізуіне мүмкіндік алады. Сөз жок, жоғары талап деңгейінен шыға білген айыптаушының не қорғаушының сөзі Қазакстан заңнамасын насихаттауда, мәртебесін көтерудегі қуатты қарудың бірі. Әйтсе де сот шешендері сөздерінің барлығы дерлік тап-түйнакі ай мінсіз шыққан інжу-маржан десек, қателескен болар едік. Солардың ішіндегі сүбесі сере шыққаны – нақты бір жүйеге құрылған, мән-мазмұнға бай, сауатты сөйлеген сөз ғана сот төрелігінін мейлінше әділ шығарылуына кепіл бола алатыны анық.

Болашақ судьяларды шешендік өнерге үйретуде тағы да назар аударатын мәселе- еркін сөйлеу мәнері. Қазақ сөз өнерін киелі деп қастерлеген, сөзге тиек еткен, сөзге тоқтаған. Ана тілінде таза сөйлеудің өзі мәдениеттілікті білдіреді. Өйткені еркін сөйлеу өнері рухани тәуелсіздікке жетелейдіадамның рухани белсенділігін арттырады.тұлғалылыуты ту етіп алып, адамның рухани белсенділін арттырады, судьялардың позитивтіимиджін қалыптастырады [7] .

Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы ойлана сөйлеу іс-әрекетін айқындайды. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген жас атаулы рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістік өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ.

Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың түрмыси құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар үстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы - бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен адамгершілік-рухани проблемаларда. Ал мұндай жағдайда студент жастар бойында риторикалық мәдениеттің қалыптасуы, біздің пайымдауымызша, бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт келешегін тәрбиелеудің, адамды өзгертудің, оның рухани түрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді алғы шарттарының бірегейі [8].

Қазіргі заңгер – мамандар сұраныста болуы үшін мынадай талаптарға сай болуы қажет деп санаймыз:

1.Кәсіби білімі мен сыни ойлау дағдыларының болуы;

2. ақпараттық-техникалық сауатты;

3. қарым-қатынас дағдылары (риторикалық тиімді әдістер), эмпатия, адамға және сөйлейтін сөзіне өзіндік жағымды қасиеттері боуы тиіс;

4. антикалық әлемнен бастап, қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулер мен ойшылдардың еңбегімен, өзіміздің қазақстандық белгілі ғалымдардың еңбегімен таныс болуы қажет. Өкінішке орай, қазіргі жастарымыз осы еңбектердің көбіне ден қоймайды, естеріне сақтамайды, осы дәстүрді жалғастыру керек;

5. «Риторика», «логика», «латын тілі» пәндерін жүйелі оқу;

6. Заң терминдерін жақсы білу, жаттау, есте сақтау дағлылары мықты болуы қажет.

Сонымен қатар,

– Кәсіби судьяны (кәсіби заңгерді) тәрбиелеу үшін тек қана теориялық білім алу жеткіліксіз, жақсы ораторларды тыңдап, олардың қызметіне талдау жасауды үйрену;

– шешендік өнердік классикалық туындыларын оқып, үйрену (қазақша, орысша, әлемдік сот тәжірибесі);

– Риторикалық ережелерді және жалпы, сот тәжірибесінен нұсқаулықтарды оқу, білу;

– Үнемі шешендік дағдаларын қалыптастыратын тәжірибелер жасау тиімді болары сөзсіз. Сонымен қатар, әрбір адамның, әрбір маманның өзінің кәсіби деңгейін өсіру үшін ұстанатын өзінің де ішкі ұстанымы болады, сондықтан да аса жоғары, әрі жауапты істе риторикалық деңгейін көтеру ұстанымы одан еш кем түспейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru
2. Риторика – https://ru.wikipedia.org/wiki/
3. Шешендік өнер – https://kk.wikipedia.org /
4. Гиздатов Г. О современной публичной речи юриста // Заңгер, 2018. – №7(204). – С. 27-32.
5. Аннушкин В. Юрист-профессия речвая // Заңгер, 2018. – №7 (204). – С. 25-26.
6. Шаймерденова Н. Риторическое образование для юристов в контексте техногенных изменений в XXI в.: от сложного к простому // Заңгер, 2018. – 7(204). – С. 22-24.
7. Бөрібаев Т. Рухани жаңғырту аясында шешендік өнерді оқу талаптары мен талғамдары // Заңгер, 2018. – №7 (204). – 33-36 бб.
8. Қыдыршаев А.С., Шакуова Д.А., Қыдыршаева Қ.С. Заманауи білім беру жүйесінде риторикалық технологияны қолдану мәселесі // «Қазіргі әдебиеттану, тілтану мәселелері және жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. – Орал, 2016 жыл қараша. – 99-104 бб.

Тогайбаева А.К.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты
E-mail: aikat_76@mail.ru

Ергарина Ж.М.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушысы,
педагогика және психология магистрі
E-mail: ergarina1987@mail.ru

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНІҢ БАСТАУЫ – ОТБАСЫ

Түйін: *Бұл мақалада құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты қалыптастыратындығы туралы сөз етілген.*

Резюме: *В этой статье рассматривается правовое образование в формирование личности, и взгляд на высокий уровень идеологического и общественного отношения.*

Symmary: *This article discusses legal education in the formation of personality, and a view at the high level of ideological and social relations.*

Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау -ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыстың көзі – маскүнемдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғышарты осыдан басталады. Мектеп жасындағы жастар арасында бұл теріс құбылыстың орын алып отырғаны жасырын емес [1].

Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Бізде отбасы әр қилы: маскүнемдікпен күн өткізетін, ұрыс -керістен көз ашпайтын, басқалардың, мемлекеттің есебінен арам жолға барып қалғысы келетін отбасылары бар. Осындай отбасында өскен баланың оқуға, еңбекке қалай қарайтыны өз-өзінен түсінікті емес пе? Мұндай отбасында тербиеленген бала қылмыс жасауға бір табан жақын тұрады. Арамтамақтық өмірді жақсы көреді, өзімшіл болады. Оқушылар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылықтың алдын-алу үшін жүргізілетін шаралар:

– тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою;

– оқушының тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;

– оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;

– Отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспа-сөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Құқықтың тәрбиенің бір ұшы жыныстық тәрбиеге де байланысты екені даусыз. Көңілі сүйген адамына үйлену, отбасы құру, бала сүю және оны бағып-қағуға қамқорлық, айырылысқан жағдайда балаларға жәрдем көрсету – бәрі де жастардың жете түсінуін, ұғынуын қажет ететін заңдар мен міндеттер [2].

Қазіргі студент – ертеңгі маман, өндіріс жетекшісі, басшы. Демек, кәсіптік оқу орнын тәмамдаған оған кәсіби мамандықпен қатар құқықтың тәрбие де ете керек. Педагогика мен тәрбиенің халықтық ұстанымын ғылыми тұжырымдаған орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің: “өмірде де, ғылымда да барлық халықтарға бірдей тура келетін тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың ұлттық тәрбие жүйесі әр-түрлі. Өз еліне басқа елдің тәрбие жүйесін енгізу мүмкін емес, себебі халықтардың өмір сүру моделі де, тәлім-тәрбие моделі де әр басқа” дегенін қайда қоймақпыз.

Ауыл жастарының арасында құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда олқылықтар бар. Жастар арасындағы насихат пен құқықтың тәрбие мәселесі жөнінде жоғары ұйымдары таранынан белгіленген шаралар жүзеге асырылып, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру қажет.

Мектептер жаңа компьютерлермен жабдықталған, құқықтық тәрбие де өз жүйесін тапқандай. Мәдени шаралар жүргізуге арналған саз, құрал-жабдықтары бар.

Құқықтың тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әділеттілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді.Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтың тәрбиені бұзуына әкеліп соқтырады. Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан – 2050" стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскер барлық қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы – құқықтың тәртіп әскері. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі – оқушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр [3].

Құқықтың мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардық жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу маңызды.

Оқушылардың мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершілігі, дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамдық тәртіпті сақтау да енеді.

Құқықтық мәдениет екі түрғыдан қаралады:

1. Құқықтық мәселелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетін оқушының білуі.
2. Тұлғаның педагогикалық және психологиялық мәнінің құқықтық санаға әсері.

Адамның құқықтың мәдениеті күрделі. Әңгіме адам, оның санасы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы болғанда, көптеген сұрақтар туындайды. Құқықтық қоғам демократиялық принциптерге сүйене отырып, әр адамның шығармашылық күштерін, ниетін, ойын, сезімі, ұмтылысын толық және еркін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Демократияны жетілдіру мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді:

– заңдылықтарды үздіксіз жетілдіру;

– заңның орындалуын бекіту;

– қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азаматтың қатынасуы. Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойынында болу қажеттігі шығады. Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар.

Сондықтан да құқықтық тәрбиені адамгершілік тәрбиесі теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастырамыз. Құқық қоғам мен қоғамның өрбір мүшесінің бүкіл өмірін қамтып жатады. Құқықтық мәдениеті төмен дамыған адам тек заңның өрескел бұзылған жағдайында ғана оған зейін аударады да, құқықтық талаптарды мойындамаған көп жағдайларды байқамайды. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде оқушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет оқушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді. Адамның құқықтық мәдениеті – күрделі психологиялық құбылыс. Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды салаларында көрінеді. Ең бастысы адамгершілікті адам тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайтын тәрбие құралдарының бірі – орынды тәртіп және мінез-құлық тәрбиесінің жоғары деңгейінде болуы [4].

Сонымен, адамның құқықтық мәдениеті дегеніміз – орынды тәртіп пен мінез-құлық, жан-жақты құқықтың білімдерімен заңды құрметтеу, құқықты қорғау іс-әрекетінің терең бірлігі. Құқықтың мәдениеттің осы екі деңгейіне көтерілген, яғни құқықтың білімді меңгерген, заңды құрметтейтін адам заңға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болады. Тек қана заңға сәйкес жүру дағдысы пайда болады. Мұны заңға мойынсұнушылық дейді. Бұл деңгейлік сатыда ішкі қозғаушы күш – адамның ұяты, ар-ожданы. Ұят, ар-ождан және сенімдер адамның мәдениеті тек қана заңға мойынсұну емес, заңды қорғау үшін тұрақты белсенді әрекетке қатысуға дайын тұру.

Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде мектеп басшыларынан, мұғалімдерден құқықтық тәрбиені зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді.

Құқықтың тәрбиені заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озат тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәрбие жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажет. Құқықтық лекциялар, видеолар ұйымдастыру. Мақсаты -жеткіншектер мен жасөспірімдерді еліміздің заңдарына және халқына құрмет сезімін тәрбиелеу, құқықтық біліммен қаруландыру, оны насихаттау. Лекциялардың жоспары жасалып, онда лекциялар тақырыптары көрсетіледі. Видеолар – әр түрлі жастағы балалар үшін ұйымдастырылады. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі көркемдік, хроникалық-құжаттық, ғылыми фильмдер, кино-фильмдер көрсетуге болады. Жасөспірімдердің заң тану мектептері. Мұндай мектептерді жастар сарайы, жалпы білім беретін орта мектептердің жанынан ұйымдастыруға болады. Негізгі мақсат – жас түлектерді құқық және еңбек, азаматтық және заңдары жайлы біліммен қаруландыру. Мектептердегі құқықтық тәрбиенің басқа формалары: құқықтық білім факультативтері, дәріс, баяндама, әңгіме, пікір-талас, олимпиада, кештер, сайыстар, т.б. [5].

Тәрбиенің жалпы әдістері негізінде құқықтың тәрбие әдістері үш топқа бөлінеді:

– Сөздік ақпараттық әдістері: дәріс, әңгіме, әңгімелесу, өнеге, түсіндіру, дәлелдеу, насихаттау, бекерге шығару. Бұл әдістің тиімділігі нақты материалды оқушыларға түсінікті тілде мазмұндай білуге байланысты.

– Ұқтыру, машықтандыру әдістері: үйрету, тапсырма, жаттықтыру, талап. Бұл әдістер оқушылардың іс-әрекеттері мотивтерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы – Дарын, 2004 ж.
2. Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы: Учебное пособие. – Ростов н/Д: Издательский центр - МарТ, 2002 ж.
3. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987 ж.
4. Әмірәлиева Ш. Аға үрпақ тәжірибесі жастарға. – Алматы, 1982 ж.
5. Айтмамбетова Б.Р. Тәрбие процесінің мәні және мазмұны. Тәрбие принциптері (5-лекция). – Алматы, 1991ж.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

Айдарбек Қ.Ж.
Терминология бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д., доцент
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
E-mail: aidarkar_10@mail.ru

Досмаилова А.Н.
Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері, ф.ғ.к
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
E-mail: dosmail. aigul@tilbilimi.kz

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕФИНИЦИЯЛАРДЫҢ ЛОГИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Түйін. *Мақалада терминологиялық дефинициялардың логика-семантикалық құрылымдары, логикадағы нақты және атауыштық дефинициялардың өзара айырмашылықтары көрсетілді. Дефинициялардың ерекше түрі ретінде синтаксистік дефиниция қарастырылып, дефинициялардың жалпы типологиясы берілді.*

Түйін сөздер: *ғылыми мәтін, термин дефинициясы, логикалық дефиниция, семантикалы дефиниция, синтаксистік дефиниция.*

Резюме. *В данной статье анализируется логико-семантическая структура терминологической дефиниции, а также выявлены и рассмотрены особенности конкретных и номинативных дефиниций в логике. В статье в качестве особенного типа дефиниций избрана семантическая дефиниция и в целом составлена общая типология терминологических дефиниций.*

Ключевые слова: *научный текст, дефиниция термина, логическая дефиниция, семантическая дефиниция, синтаксическая дефиниция.*

Summary. *In this article the logical-semantic structure of the terminological definition is analyzed and features of specific and nominative definitions in logic are identified and considered. In the article the semantic definition was chosen as a specific type of definitions and in general, a general typology of terminological definitions was compiled.*

Key words: *scientific text, definition of a term, logical definition, semantic definition, syntactic definition.*

Термин және терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның, техникалық, кәсіби, өндірістік саланың дамуы мүмкін емес. Әрбір терминнің дефинициясы болады және күнделікті қолданылатын сөздерден ерекшелігі терминологиялық өрісінде бір мағыналы қасиетке ие болады. Ғалым Ш. Құрманбайұлы мынадай тұжырым жасайды: «Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады» [1, 9 б.].

Дефиницияның логикалық негізі – сөз бен пайымдау арасындағы тепе- теңдік қатынастың орнатылуы болып табылады. Дефиниция мәтінге негізгі ұғымды енгізетін аксиома немесе мәтіннің негізгі тақырыбы болып табылатын қорытынды пайымдау болуы мүмкін. Дефиницияның мұндай түрлері құрылымы бойынша ғана емес, сонымен бірге мәтіндегі қызметіне орай әртүрлі болып келеді. Дефинициялар мазмұнына қарай ерекшеленіп, терминдердің мағыналарын беруде түрлі интерпретациялық әдістерді қолданады, сондықтан да олар әртүрлі болады. Логикада сілтемелі (остенсивті) және вербалды дефинияларды ажыратып көрсету дәстүрлі қалыптасқан. Сілтемелілердің қатарына кез келген вербалды емес жолмен жасалатын дефинициялар жатады. Мағынаны дефинитивтік емес әдістермен түсіндіру белгілі бір жағдаяттық сипатта өтеді, өйткені олар адресаттың прагматикалық компетенциясына сүйенеді және коммуникативтік қызметтің процесінде түрлендірудің вербальды емес жолымен іске асырылады, көбіне сөздерді түсіндіру және сипаттау әдістерімен қабысады. Вербалдық дефинияларды атауыштық және нақты деп екіге бөледі. Мысалы, «Жұмсалымдық грамматикада синтаксистік құрылымдар мағынадан жұмсалымға қарай талдау бағытында қарастырылады да, сөйлемнің сөйлеудегі (речь) кезі зерттеу нысаны етіп алынады. Яғни мұнда зерттеу нысаны болып бір оқиғаға, нақты бір сөйлеу жағдаятына құрылатын және соған қатысты туындайтын грамматикалық мағыналардан тұратын сөйленім қарастырылады» атауыштық дефинияға жатады (Қапалбеков Б, 77 б.). Мұнда атауыштық дефинияның көмегімен жаңа сөз еніп, жаңа термин немесе терминологиялық сөзді күрделі ой мен пайымдауларды қысқартуда қолданылып тұр.

Логикада нақты және атауыштық дефинициялардың өзара айырмашылықтары көрсетіледі. Атап айтқанда Д.П. Горский: «Анықтаманың атауыштық және нақты болып бөлінуі ең алдымен, термин мағынасы ма, әлде мәні ме деген мәселеге байланысты», – деп атап көрсетеді. Атауыштық анықтамалар терминнің мағыналық түсіндірілуі болып есептеледі, ал нақты анықтамалар Д.П. Горскийдің айтуы бойынша: «олардың көмегімен жіктелу мәселесі шешіліп, ұқсас заттар аумағындағы бізді қызықтырған объектінің бірыңғай ерекшеліктері туралы сұраққа жауап береді» [2, 10 б.]. Ағылшын тілін зерттеуші ғалымдар атауыштық және нақты анықтамалардың ара-жігін былай ажыратады: «Атауыштық дефинияларды тіл элементтері ретінде қарастыруға болады, ал нақты дефинициялар нақты заттардың қасиеттеріне байланысты түсіндіріледі» [2, 6 б.]. Кесте түрінде былай беруге болады

Ал нақты дефиниция – анықталатын заттың арнайы сипаттамасы тіркелетін, анықталушы (зат) және анықтаушы (аты) арасынадағы теп-теңдік белгіленетін анықтама. Мысалы, «Түлғалық грамматика (ТГ) тіл жүйесін «құралдық көрсеткіштен мағынаға» қарайғы бағытта зерттесе, жүмсалымды грамматика (ЖГ) «мағынадан құралдық көрсеткішке» қарайғы бағытта қарастырылады» (Қапалбеков Б. 74 б.). Бір метамәтінде екі терминнің дефициясында да термин мен анықталушы арасындағы тепе-теңдікті көруге болады.

Дефиниция түрлерінің жүктемесін жасауда логика айқын (эксплицитті) және айқын емес (имплицитті) дефинициялар қарастырылады. Атауыштық және нақты дефинияларға эксплицитті дефинициялар жатады, ал мәнмәтіндік дефинияларға имплицитті түрлері жатқызылады. Аталмыш критерийдің ғылыми терминді оның дефициясымен кез келген мәнмәтінде ауыстыруға болатындығын көрсетеді. Атауыштық және нақты дефинициялар кез келген мәнмәтінде алынып тасталынады немесе термин-ұғым мәтіннің мағынасында өзгертілмей ауыстырылып қолданылуы да мүмкін. Бірақ, бұл операция мәнмәтіндік дефинияда қолданылуға келмейді. Осылайша бөлу өте күрделі, себебі бірнеше мәнмәтіннің негізінде берілген ұғымға айқын дефиниция құруға болады. Ал айқын емес дефинияның қатарына аксиомалық ұғымның соңғы нысандарының бірнеше анықтамасы жатады, мысалы, нүкте, сан, қосу (нақты ғылымдарда), түр, тек, құбылыс, сала және т.б. (гуманитарлық салада).

Айқын (эксплицитті) дефинициялар арасында жіктемелік дефинициялар ерекше орын алады, олар ұғымды тек және түр, генетика арқылы анықтайды. Түр айырмашылығы ретінде ұғымға тән және басқа ұғымдарда жоқ, тек сол түрге ғана жататын белгі немесе белгі топтары қолданылады. Сонымен бірге логикада интенсионалды және экстенсионалды дефинияларды бөліп қарастырады. Экстенсионалды дефиниция берілген топ элементтерін құрауды санамалау әдістермен белгіленеді, ал интенсионалды тектік ұғым мен түрлік айырмашылықтан басталып, оларды туыстас ұғымдардан ажыратып тұрады.

Бұдан басқа, семантикалық және синтаксистік анықтамалар түрлері де болады. Семантикалық дефинияда анықтаушы белгілі бір аталым түрі болып табылады, айтылымның вербалды формасы бар термин, терминологиялық тіркес, ал анықталушы айтылыммен белгіленген белгісіз зат немесе құбылыс. Мысалы: «Сөзтудырым дегеніміз – сөйлеуші субъектінің белгілі бір ситуацияда орын алған белгілі бір жағдай, әрекет т.б. себептерге қатысты пайда болған ойын коммуникативтік ниетін білдіру үшін өзінің аялық және энциклопедиялық білімдерінің ішінен керекті ақпаратты тыңдаушыға дұрыс, дәл, нақты, етіп жеткізу үшін тілдік білімін, яғни тілдік құрылымын, тілдік дағдыны және норманы білуі нәтижесінде жүзеге асыратын аса күрделі психика – физиологиялық құбылыс» (З. Базарбаева, 482 б.). Автор «сөзтудырым» терминінің психика – физиологиялық құбылыс ретінде мағынасын барынша көрсетеді.

Синтаксистік дефиниция деп сөздің лексикалық мағынасын сипаттау жолымен емес, оны қолданылу мақсатына қарай айқындайтын анықтаманы айтамыз. Мысалы: «Паремия сөзі – грек тілінен аударғанда «нақыл сөз» деген мағынаны білдіреді. Ғалымдардың бір тобы паремиялогияны тілдегі мақал-мәтел, нақыл сөздер, жүмбақтар, яғни тілдегі күрделі формадағы ерекше сөз тіркестерін зерттейтін арнайы пән деп көрсетсе, ал екіншілері, «парамиялогия» терминінен бас тартып, «парамиологиялық единица» (ПЕ), яғни, «парамиологиялық бірлік» терминін енгізуді жөн санайды» (Е.Әбдірәсілов. 169 б.). Мұнда автор «паремия» терминінің қай тілден алынғанын, мағынасын нақтылай түсу үшін ғалымдардың түрлі зерттеу көзқарастарын саралай отырып, қолдану мақсатын айқындап береді.

Синтаксистік дефиниция терминді және оның анықтамасын синоним ретінде қарастырады, себебі олар бір мәнмәтінде бірін-бірі ауыстыра алады. Мұндай дефинияны логикада операциональды деп айтады.

Сонымен, барлық дефинициялар анықтайтын түрімен және анықтау әдісімен ерекшеленеді. Дефинияның кең тараған түрі ұғымды білдіретін терминге берілетін атауыштық дефиниция болып табылады. Олар анықтау тәсілі бойынша семантикалыққа жатады, яғни берілген ұғым сигнификатын ашады. Нақты дефинициялар семантикалық дефинияларға қарағанда сирек қолданылады олар шартты белгілері жоқ барлық анықтамаларды нақтылайды. Нақты дефинициялар және олардың ғылым жүйесіндегі анықтамаларына қатысты даулы сұрақтар бар, бұл ретте мәселе нақты ғылыми – ойлау мен ментальды – кәсіптік қызмет арасындағы жік туралы болып отыр. Жалпы ғылыми салалардың арасын белгілеу, сондай-ақ ғылыми ұғым жүйесі (нақты терминология) мен кәсіптік ұғым (профессионализм) арақатынасы қазіргі кезде пікірталасты мәселелер қатарына жатады.

Көрсетілген дефинициялардың түрлері орыс тіл біліміндегі зерттеулерде әртүрлі беріледі, мысалы, А.В. Суперанскаяның «Общая терминология» еңбегінде дефинияның мына түрлері көрсетіледі: нақты, айқын, айқын емес, атауыштық, интенсионалды, экстенсионалды, синтетикалық, аналитикалық [3, 115 б.]. С.Д. Шеловтың «Определение терминов и понятийная структура» еңбегінде: тектік-түрлік дефиниция, санамалы, мәнмәтінді дефинициялар, мономорфты, полиморфты анықтамалары берілген [4, 200 б.]. С.В. Гринев термин дефинициясының құрылымын зерттеу барысында ғылыми дефиниция, сөздік түсіндірме, сілтеме анықтама, мәнмәтіндік анықтама, энциклопедиялық анықтама деп бөледі. Бұдан басқа ғылыми еңбектерде дефинияның төменгідей түрлері де айқындалған:

– қайта қолданысқа түскен термин анықтамасын беретін немесе қолданыста бар анықтаманы дәлелдейтін синтетикалық дефиниция;

– термин мағынасын қорытындылайтын аналитикалық дефиниция;

– нысанның маңызды емес жақтарын көрсететін толық емес дефинициялар [5, 164 б.].

Сайып келгенде дефинициялардың жалпы типологиясын былайша жіктеп көрсетуге болады: айқын, атауыштық, мәнмәтіндік семантикалық, терминнің белгілі ұғым мағынасын ашатын дефинициялар; нақты емес, контекстуалды, толық емес, синтетикалық. Дефинициялардың ерекше түрі ретінде синтаксистік дефинияны атауға болады, олар ғылыми мәнмәтінде терминнің орнын ауыстыра алады.

Мәнмәтіндік анықтамалар міндетті түрде белгілі бір мәтінде ғана орын алып, олардың логикалық табиғаты аксиома ретінде қабылданады, өйткені ол ғылыми мәтіннің объективті модальділігінен туындайды. Мұндай дефинияларға қойылатын басты шарт – тілдік бірліктер құрамының толық айқындылығы, яғни анықтаушы қызметін атқарушы терминдердің мағынасы алдыңғы мәнмәтіндерде айқындалып отыруы тиіс. Осыған орай мәнмәтіндік анықтамалар эксплицитті және имплицитті түрлерге жіктеледі. Эксплицитті анықтамалар бір бүтін дискурста беріледі, ал имплицитті дефинициялар керісінше түрлі дискурстарда қолданылып, нысан жайлы бөлектелген бірнеше сөйленімдермен сипатталады. Ғылыми мәтіндердегі мәнмәтіндік дефинициялардың табиғаты жөнінде С.Д. Шелов былай деп жазады: «Мәнмәтіндік анықтамаларда терминделудің мәнмәтіндік артуының ерекше ережесі іске қосылады: неғұрлым мәнмәтін құрылымы көлемді болса, соғұрлым тілдік бірліктің терминделу дәрежесі жоғары болады» [4, 45 б.].

Сонымен, дефинициялардың логика-семантикалық құрылымдары олардың түрлеріне байланысты түрліше жүзеге асырылады. Айқын екі мүшелі және иерархиялық құрылымға тек семантикалық дефинициялардың тектік-түрлік типтері ғана көрсетіледі. Сонымен бірге аталған дефинияның түрі ең бір кең тараған және жиі қолданылатын құрылымдар қатарына жатқызылады. Көп жағдайда мұндай анықтамалар жеке, дербес, пропозициялар арқылы беріліп, қосымша локальдық атрибутивтер мен идентификациялаушы бөлімдерден тұрады. Бұл ретте идентификатор қызметін түрлік белгіні білдіретін элемент атқарады да жалпы тәуелді пропозиция немесе классификаторға қатысты тәуелді пропозиция болып табылады. Көп пропозициялы идентификатор негізінен гетерогенді болады, яғни нысанның түрі сипаттамаларын көрсетеді: сапалық, функционалдық, генетикалық. Идентификациялаушы бөлімнің логика-семантикалық құрылымы тікелей ұғымның тектік белгісіне байланысты болып келеді. (нысанның бір топ заттарға, процестерге, сапаға, қасиеттерге және т.б. қатыстылығы) немесе классификатор қызметін орындаушы (тектік және квазитектік) тілдік бірлікке тәуелді болады.

Ал синтаксистік және мәнмәтіндік дефинициялардың логика-семантикалық құрылымы семантикалық анықтамадағыдай айқын әрі анық емес. Мұндай дефинияларда анықталушы нысан аталмыш терминологиялық жүйенің басқа терминдер арқылы айқындалады.

Қорыта келгенде, ғылыми дефиниция ғылыми мәтіндердің негізгі бөлігі болып табылады. Оларда қоршаған орта туралы адамның білім жүйесі бекітіліп, белгілі білім жүйесінің ұғымдық ақпараты айқындалады. Дефинцияны зерттеу логикадағы ұғым, тіл біліміндегі мағына зерттелуімен тығыз байланысты, сондай-ақ терминологиялық жүйе, терминологиялық және семантикалық өріс теорияларымен де сабақтастықта қарастырылуды қажет етеді. Жалпы барлық ғылыми дефинцияларға қойылатын басты талап анықталушы мен анықтаушының тепе-теңдігі болып табылады. Ең маңыздысы дефинцияның ұғым және терминмен, терминологиялық жүйемен тығыз байланысы, өйткені ол белгілі бір білім саласының ұғымдар жиынтығы мен олардың мән-мағыналық қатынастарын айқындайтын негізгі вербалды құрылым.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
2. Гринев С.В. Введение в терминоведение. – М.: Наука, 1993. – 309 с.
3. Суперанская А.В. и др. Общая терминология: Вопросы теории / Под ред. Т.Л. Канделаки. АН СССР, Ин-т языкознания. – М.: Наука, 1989. – С. 24-25.
4. Горский Д.П. Определение: Логико-методологические проблемы. – М.: Мысль, 1974. – 312 с.
5. Шелов С.Д. Определение терминов и понятийная структура терминологии. – СПб.: СПбГУ, 1998. – 233с.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР:

1. Әбдірәсілов Е. Терминологиялық сөздіктерлің құрылымдық элементтерін жоспарлау сатылары // Қазақ тілі ғасырлар тоғысында: теориясы, тарихы және қазіргі жайы: халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары. – Алматы: Арыс, 2007. – 169-171 бб.
2. Базарбаева З. Интонация мен синтаксистің арақатынасы // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану иновациялық орталығы, 2007. – 48-52 бб.
3. Қапалбеков Б.С. Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері. Автореферат. – Алматы, 2000. – 27 б.

Ахметова Б.З.
кандидат филол.наук, профессор
КГУ им.А.Байтурсынова
г.Костанай
E-mail: bigajsha@mail.ru

Калиев Б.Н.
докторант специальности: 6D020500-Филология
КГУ им.А.Байтурсынова
г.Костанай
E-mail: bolatico@mail.ru

О ЗВУКОВОЙ СТРУКТУРЕ ДИАЛЕКТНОГО СЛОВА НА ТЕРРИТОРИИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Резюме. *Субстратные явления тюркского происхождения в Костанайской области прослеживаются в особенностях местных нерусских языков, способствовавших возникновению и сохранению в русских говорах тех или иных диалектных черт.*

Түйін. *Костанай облысында түркі тектес субстрат құбылыстар орыс сөулеу дыбыстарында қандайда бір диалектілік белгілердің пайда болуына және сақталуына себеп болған.*

Summary. *Substrate phenomena of Turkic origin in Kostanay region can be traced in the features of local non-Russian languages, which contributed to the emergence and preservation of certain dialect features in Russian dialects.*

Взаимодействие между русскими говорами и тюркскими диалектами послужили причиной ряда явлений в фонетической системе говоров Костанайской области.

В ряде говоров исследуемой территории фонема /о/ между твердыми согласными (чаще в соседстве с губными или заднеязычными согласными) может приобретать более закрытый оттенок и выступать в разновидности о^{у}. Например, мо^{у}рок «пасмурная погода, мо^{у}креть «сырость, грязь, слякоть», ко^{у}ршын, ко^{у}фшынки, засо^{у}л, доро^{у}жной.

/о/ с усиленной лабиализацией (о) в старожильческих говорах Костанайской области могло быть унаследованным от переселенцев из Пермской и Вятской губерний: в пермских и вятских говорах также фиксируется описываемое явление, о «резком переходе /о/ в /у/… («вусемь» вм. «восемь», «уй – ты» вм. «ой – ты») в вятском говоре еще писал Г.Я.Маляревский. Смолякова Л.П. отмечает изменение /о/, выражающееся в усилении лабиализации и приобретении этим звуком более закрытого характера звучания в соседстве с губным или заднеязычным согласным, свойственное пермским говорам [1;15].

Однако закрепиться, удержаться (если не зародиться) описываемое явление в исследуемых говорах могло в связи с влиянием иноязычной среды. Дело в том, что в русской речи местного казахского населения очень часто на месте русского [о] выступает [у]: кулуби «голуби», палушына «положена», карува, прумысла «промысел», морусит «морозит». В письменной речи школьников – казахов начальной школы в д.Пресногорьковка наблюдается ошибочное написание «у» на месте «о»: слун, калхус (1 класс), на пулке, забутился (2 класс), свуй, скурый (3 класс), брунзовый, ветерук (4 класс). Подобное явление в русской речи у казахов старшего поколения также можно отметить: лутка «лодка», мушыт «может», бульнис «больница», нуски «носки», путпол «подвал» и под. Исследуя характер ученических ошибок на уроках русской диктовки в казахской школе № 24 г. Костаная, можно сказать, что по отношению к отдельным гласным наблюдаем тенденцию к обозначению ударяемого о посредством начертания у (избуш’ек «извозчик», глухуй, даругой, па гулму «по голому»…). Эта особенность письма отражает в значительной мере замену в казахском простонародном произношении гласных [о] и [у] русских слов. Переход [о] и [у] в русской речи казахов объясняется тем, что казахский звук [у] по долготе более близок к русскому [о], нежели казахское [о], которое произносится более кратко. Поэтому русский звук [о] и воспринимается в казахских диалектах как [у] «хотя по объективным причинам родной язык не может оказать влияние на язык более многочисленного народа, – замечает Л.Х.Даурова, – но речь аборигенов на втором языке, несомненно, испытывает большое влияние родного языка» [2;31].

Фонемы /ф/, /ф’/ усвоились казахстанскими говорами, они произносятся не только в слабой позиции, как результат оглушения (пудофка, напраф’ и под.), но и как самостоятельные фонемы: форточ’ку, фальшиву, фактура, форфорова, фасон и под. Однако еще нередко встречаются случаи, когда фонема, соответствующая общерусской фонеме /ф/, выступает в данных говорах в фонетически не обусловленных вариантах: /ф/ и /х/ или /п/. Например: проф’ет’ила (плат’е фс’о проф’ет’ила) – прор’ех’ет’ила, Варфалм’ейевка – у Вархалам’ейевны, фантана – ис хантана, фатографы – патографы (и патографы), фатограф’ейа – потограф’ейа, фан’ера – пан’ера, пан’ерой.

Причиной описываемого явления может быть, по-видимому, то, что в прошлом в изучаемых говорах отсутствовала фонема /ф/; но сохранение фонетически не обусловленных вариантов /х/ и /п/ в исследуемых говорах можно объяснить влиянием окружающих тюркских диалектов.

Система согласных костанайского диалекта казахского языка отличается от системы согласных казахского литературного языка полным отсутствием фонемы /ф/. Это явление отмечается и в татарском языке [см.2;89]. Согласный [ф] костанайского диалекта в арабских, персидских и русских заимствованиях заменяется согласным [п]: п’ерма «ферма», пурашка «фуражка», п’ит’ел «фитиль», спрапка «справка». Подобное явление, как указывает Д.Г.Тумашева, наблюдается и в тобольском диалекте татарского языка: мусапыр «гость», пакир «нищий» (из арабск.), тарап «сторона», «бык» и под. Заимствование из европейских языков слова типа «фабрика», «фонтан» и под. перешли в казахский литературный язык с сохранением /ф/, но в народном языке мы встречаем замену чуждого [ф] через [п], например, конфеты «кампит»…, фонарь – фонар, панар, ф’ит’ил’ – п’ил’т’е. Русское слово лавка (произн. лафка) «лапке» [3;32].

Языковые особенности местных тюркских диалектов не могли не способствовать продолжительному сохранению фонетически не обусловленных вариантов согласных фонем /ф – х/, /ф – п/. Произношение слов патографы, панера с [п] вместо [ф] в окающих старожильческих говорах может быть передачей казахского произношения этих слов; в костанайских диалектах казахского языка эти слова являются русскими заимствованиями и произносятся с согласным [п].

В целом ряде словоформ в старожильческих говорах Костанайской области отмечены фактически не обусловленные варианты /в/ – у̯ неслоговое – нуль звука: повушк’и – лоуушк’и – лоушк’и, буват – бууат – буат.

На сохранении и устойчивости фонетически не обусловленного варианта ў неслогового в положении перед гласными в исследуемых говорах, несомненно, сказалось тюркское влияние. Казахский согласный [в] отличается от соответствующего русского звука местом образования: «звук этот очень близок к южнорусскому билабиальному у̯» [4;56]. В заимствованиях из русского языка согласный [в] заменяется характерным для казахского ў неслоговым: куашн’а «квашня», уадакач’ка «водокачка», канау «канава». В костанайских диалектах казахского языка губно-зубной вариант фонемы /в/ еще не усвоен полностью. Поэтому даже в позднейших заимствованиях возможна замена губно-зубного [в] звуками [п], [б] и губно-губным [в] (у), причем условием изменения [в] в [б] является его положение между гласными или сонорными: с’ил’сов’ит // с’ил’сэб’ит «сельсовет», в’ич’ир // б’ич’ир // п’ич’ир «вечер» и под. Для старых заимствований такая замена является закономерностью: исп’ес’ «известь», ч’итауат «счетовод». Отмечены нами случаи смешения [в – б] в ряде словоформ (что было отмечено для иноязычных заимствований в речи казахов): навожано – набожано, на выходной – быходной. Ср. обратную мену [б – в]: боцман – восман (восман – от на пароходе ходил).

В русских говорах Костанайской области нам встретилось любопытное явление. В слове «километр» в речи носителей архаического слоя говоров наряду с [л] перед гласным [о] может выступать согласный [б]: к’илом’етра – к’ибом’етра, к’илом’етров – к’ибом’етроф. По-видимому, наличие [б] в этом слове было вызвано влиянием русской речи казахского населения. Слово «километр» было заимствовано костанайским диалектом казахского языка из русского местного говора, в котором известны к’иwом’етра – к’ивом’етра. В русской же речи казахов, как отмечалось, согласный [в] в позиции между гласными заменяется согласным [б]. Поэтому произношение словоформ кибометра, кибометроф с [б] вместо [л] в местных говорах можно считать передачей казахского произношения этих слов; в костанайском диалекте казахского языка это слово произносится обычно с [б]: к’ибам’итьр, к’ибам’итыран. К характерным ошибочным написаниям в русской речи учащихся – казахов относится написание типа «избушик» – «извозчик», так как в казахском языке встречается произношение [б] со столь слабым смыканием губ, что звук слышится средний между [б] и [в], то есть похожий на тот и

другой: сказыват – сказыуат, коровы – короуы – короы.

Соседство тюркского населения, близкие экономические и культурные связи не могли не поддерживать сходные для русского и казахского языков явления в речи носителей русских говоров Костанайской области. Часть тюркского населения на данной территории ассимилировались с русскими, и физиолого-акустические особенности тюркского произношения способствовали сохранению или развитию специфических особенностей гласных и согласных в костанайских диалектах русского языка. На этом языке отразятся те черты, которые привнесены в него ранее, на стадии двуязычия. Именно на стадии смешанного двуязычия казахи через говоренье на русском языке передавали складывающимся русским говорам указанного региона некоторые фонетические особенности своего родного языка.

В говорах Костанайской области в совершенно тождественных позициях встречаются /ц, ч', ш, с, с', з, з'/ и заменяющие их согласные, то есть говорам свойственны для этих фонем фонетически не обусловленные варианты.

1. Фонема /ц/ в данных говорах выступает в виде аффрикаты [ц] и в виде щелевого [с] (с утратой взрывного элемента). Оба варианта являются твердыми согласными: мод'н'ицы – вод'исы, пт'ицы – рукав'исы, по цыфрам – сыфрам, сп'ицы – мат'исы, м'ел'н'ицу – ул'ису (дд.Михайловка, Кособа); в бол'н'ицэ – в бол'н'исэ, процэнт – просэнт (дд.Барвиновка, Сорочинский); п'исм'ицо – пас'м'исо, окол'н'ицой – м'ет'ел'исой, л'ицо – л'исо (дд.Варваровка, Чехова, Б.Дубрава); с'ин'ица – ум'н'иса, гран'ица – кузн'иса (дд.Новопокровка, Варваровка); хл'епцом – столпсом, п'ифса, цэл'на – сэл'на, м'ис'ес, вдов'ец – хл'еб'ес (дд.Карамырза, Святогорка Карасуского района); как п'ишшу н'е изготов'иш хорошо / та н'е шыпко и кат'итса // ковда ч'иташ п'исм'исо йел'е / йел'е // с'ин'ицу в руках говор'ат // м'ет'ел'иса пойот // модн'иса кака нонч'е стала у нас сэл' на д'ен' так и с'ид'ит // ул'ису подм'ел'и бы // колхозн'исэй / дойаркой была в'ет' долго / труд'илас'а хорошо / ударн'исэй была / награды / похвалы им'ейутса // огурсы-то посол // в окнсэ пог'л'ан'-ко // с'ин'иса это // (Афова М.М., д.Западное); п'исм'ицо пр'ишло из г'ерман'ий / жыв'отца н'еплохо в'идат / об'еш'айуца пр'ийехат // ут'ужытца плохо // на хл'еб'ец помажэт // иш сп'иц вз'ал / укол'ица // умн'ица в'ед'// (Кабаева Н.А., д.Усаковка).

Ср. диалектные ошибки в письменной речи учащихся: «Сегодня репетисия» (Святогорка, 4 кл.), «птисы поют» (Карамырза, 3 кл.), «алеют светочки» (Ломоносовская, 3 кл.), разводят сыплят» (Павловский, 5 кл.), «птисы л'ет'ат» (д. Вишневое, 3 кл.), «светы светут» (д. Усаковка, 4 кл.), «просенты» (д. Балыкты, 4 кл.).

Более широко распространено употребление варианта [с] в говорах Карабалыкского района и части говоров Карасуского района. В говорах Узункольского района преобладает употребление аффрикаты [ц].

2.Фонема /ч'/ в изучаемых говорах выступает в следующих фонетически не обусловленных вариантах:

а) /ш'/ (с утратой взрывного элемента в аффрикате /ч'/): годоч'ик – л'есош'ик (д.Славянский), точ'ит – знаш'ит (д.Карамырза), уч'ила – полуш'ила (д.Новопавловка); куч'ер – куш'ер (д.Койбагор), получ'ал – каш'ал (д.Новопавловка); д'ефш'енк'и (дд.Убаганский, Ломоносовская); дак мы уш вздохнул'и н'емного / фс'у свойу жыс' йа знаш'ит роботала // с'еч'ас в'ит' мало поуч'айу / было хърошо пр'и сов'еч'кой влас'т'и / л'уд'м'и был'и и жыл'и н'иплохо / топ'ер'еч'ко-то жал' // ран'ч'е говорили роботай прытче и нарот теба не обидит / ну и фс'е старал'ис'а шыпч'е // (д.Койбагор Карасуского района).

б) /ц'/ (или ц": окуч'ил'и – окуц'ил'и (д.Новопавловка), тогоч'ут – гогоц'ут (д.Святогорка), оч'ер'ет – оц'ер'ет (дд.Сорочинский, Карасу), быч'ок – быц'ок (д.Карамырза), ч'ебак – ц'ебак (д.Убаганский);

в) /с'/: натос'иш (д.Славянский), с'ево (д.Первомайский), окуч'иват – окус'иват (дд.Михайловка, Смирновский), скач'ут – м'ес'ут (дд.Пешковский, Бурли), уч'оных – ус'оных (дд.Михайловка, Славянский), врач'а – врас'а (д.Белоглинка), ч'орт – с'орт (дд.Койбагор, Новопавловка, Искра), сып'ич'к'и – ов'ес'к'и (дд.Силантьевка, Большая Чураковка), //с – н'им'и д'евас'ка.. пр'ишлос' мн'е сватаца за н'ейо / // .. молоко ф кр'инос'ках д'оржал'и … ран'е с рус'кам'и кукшыны был'и // (Каденова М.П., д.Веселый Подол).

Нужно отметить, что соотношение вариантов /ч' – ш'/ (шеканье), в отличие от /ц – с/ (соканья), распространено в местных говорах не широко. В подавляющем же большинстве случаев употребляется /ч'/.

При объяснении явления упрощения аффрикат нужно, прежде всего, взять во внимание то, что среди ранних русских поселенцев было много выходцев с северо-востока Европейской России, где данное явление русским говорам было уже известно.

Воздействие же говоров обрусевших татар, казахов, которые в русской речи передавали [ч’] и [ц] фрикативными [ш’] и [с], послужило дальнейшему развитию данного явления. Как указывалось, очень тесные взаимоотношения русских с тюркским населением приводили к ассимиляции казахов, татар русскими. Так, предки многих стариков (в д. Белоглинке) были татарами. И.А.Забелин, 70 лет, житель д.Белоглинка, рассказывает, что его дед был татарином, а отец русским.

Кроме того, распространению шеканья и соканья способствовало двуязычие казахско-татарского населения. В языке костанайких татар фонемы /ч’/ нет, а заменявшая /ц/ (иць «пей», пыцяк «нож») упрощается в /с/ (сь) или произносится со слабо выраженным затвором. В речи казахов аффрикаты [ч] и [ц] имеют также слабо выраженный взрывной элемент. И при передаче ими родных слов слышится: пшак «нож» (повсеместно), шагында, шыккан, ашкан, ашыган, ашьган, шекты (повсеместно).

В русской речи казахского населения последовательно наблюдается утрата затвора в аффрикатах [ц] и [ч]: ш’илавек, шуваш; сыфра – с’ифра, кан’ес, уш’ител’н’иса, уш’ит, внушка, на п’еш’к’е, ш’етыр’е, ш’ерт; на ул’ис’е, пшан’иса, ат’ес, ш’ем’ина, шайку, ш’ибаны, ш’ипает, ш’итат, каш’ат, ш’айн’ик’и, уш’еба, с’елый, у сыпл’аток, на ш’ужых, кр’иш’ит, плаш’ит, на крыл’еш’к’е, с’иган’е, свойашн’иса (Молдабаева А.А., д.Карамырза); пшэн’исэй с’ейал’и, с’елым дн’ами, лопатошк’и, с п’еш’к’и, с’ерд’еш’ко (Сыздыкова К.Б., д.Чехова). Ср. также приводимые С.Аманжоловым казахские заимствования из русского языка: оф’исар «офицер», с’ифр «цифра», куп’ес «купец» и др. [4; 167].

О несомненном влиянии казахского диалекта свидетельствует и тот факт, что отдельные случаи распространения [ш’], [с] на месте [ч’], [ц] нами отмечены даже в говорах по нижнему течению реки Тобола, где, как известно, ко времени прихода русских других национальностей не было.

Употребление варианта [ц’] в части говоров по низовью Тобола наблюдается лишь в речи лиц старшего возраста и представляет, очевидно, следы явления цоканья. В этих говорах при наличии элементов мягкого цоканья и соканья появилось произношение [с’] на месте [ч’]: собас’ка (Туманова К.Р., д.Антоновка) – собац’ка (Сомова Н.Г., д.Покровка) – собач’ка (Свиридова Т.Н., д.Глебовка).

Наличие варианта [с’] на месте [ч’] в денисовских говорах можно объяснить, по-видимому, результатом взаимодействия соканья и цоканья.

Л.П.Смолякова подобное явление отмечает в говорах юго-западных районов Пермской области. «В шекающе-сокающих говорах, – пишет она, – поскольку последним свойственно упрощение аффрикат, единичные цокающие формы, подчиняясь общим законам местной фонетики, иногда также теряют взрывной элемент и дают секающие формы» [5;145].

В исследуемых говорах фонетически не обусловленный вариант /с’/ также наблюдается преимущественно в тех говорах, где отмечены следы мягкого цоканья. Наличие [ц”] (согласного, среднего между [ц’] и [ч’], приближающегося к [ч’]) и [ч”] (звука, близкого к [ч’]) в системе говоров Костанайской области свидетельствует о начавшемся процессе усвоения /ч’/ из литературного языка, причем этот процесс уже зашел достаточно глубоко: число случаев произношения фонемы /ч’/ во много раз превышает по количеству случаи с /ц’/ (ц”) и /с’/.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Блинова О.И. Народная речевая культура сквозь призму лексиграфического текста // Вестник Томс. гос.пед.университета.- Томск, 2005 г.
2. Высотский С.С. О звуковой структуре слова в русских говорах // Исследования по русской диалектологии. - М., 1993.
3. Демидова К.И. Теория об иерархии диалектного членения и ее использование при изучении лексики говоров территории позднего заселения // Фортунатовский сборник. Материалы научной конференции, посвященной 100-летию Московской лингвистической школы 1879-1997гг.- М.: Эдиториал УРСС, 2000г.
4. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка: учебное пособие. - Алматы: «Санат», 2001. - 608 с.
5. Журавлева Е.А. Изучение русского языка в новом геополитическом контексте // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – Алматы, 2006. – № 8-9 (98-99). – С. 143-148

Жаңабекова А.Ә.,
ф.ғ.д., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: aiman_miras@mail.ru

Пірманова К.Қ.,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2 курс магистранты,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: Kunsulu.Pirmanova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘТІНДЕР КОРПУСЫНДАҒЫ СӨЗЖАСАМДЫҚ БЕЛГІЛЕНІМДЕР ҚОЮ БАҒДАРЛАМАСЫ

Түйін. *Бұл мақалада біз қазақ тілінің сөзжасамына арналған корпусқа бағдарланған сөзжасамдық белгіленімдер туралы айтып, сонымен қатар корпустың пайдаланущыларына сөзжасамдық белгіленім арқылы қандай практикалық мүмкіндіктерді ұсына алатындығымызды айтқымыз келеді. Мұндай лингвистикалық анализатор жұмысын қамтамасыз ету үшін программаға әр белгіленім түрі бойынша лингвистикалық нұсқаулықтар, ягни лингвистикалық базалар дайындау қажет. Лингвистикалық анализатор жұмысын қамтамасыз ететін лингвистикалық базалар жасалып, қазіргі кезде туынды сөздердің негізгі түбірі мен сөзжасамдық бөлігін бөлшектей алатын әрі сөзжасамның қай тәсілі арқылы жасалып тұрганын сипаттайтын сөзжасамдық белгіленім бағдарламасы жұмыс істеп тұр.*

Түйін сөздер: *корпус, ұлттық корпус, белгіленім, сөзжасамдық белгіленім, негізгі түбір, туынды түбір.*

Жаңабекова А.А.,
д.ф.н., главный научный сотрудник института Языкознания им. А.Байтурсынова,
Алматы, Казахстан,
E-mail: aiman_miras@mail.ru

Пірманова К.Қ.,
магистрант 2 курса института Языкознания имени А.Байтурсынова,
Алматы, Казахстан,
E-mail: Kunsulu.Pirmanova@mail.ru

РАЗРАБОТКА СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РАЗМЕТОК В КОРПУСЕ ТЕКСТОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Резюме. *В этой статье мы хотели бы рассказать об условно-ориентированных словообразовательных разметках казахского языка в корпусе, а также о том, какие практические возможности могут быть предоставлены пользователям корпуса с помощью слоовобразовательной разметки. Для обеспечения работы такого лингвистического анализатора необходимо подготовить лингвистические базы, то есть лингвистические основы, для каждого типа разметок. Разработана лингвистическая база данных для обеспечения работы лингвистического анализатора, и теперь работает текстовая программа, которая описывает, как слова могут использоваться для разрыва корневого и словообразования производных слов.*

Ключевые слова: *корпус, национальный корпус, разметка, словообразовательная разметка, основной корень, производный корень.*

Zhanabekova A.A.,
doctor of Philological sciences, chief researcher of A. Baitursynov
Institute of Linguistics,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: aiman_miras@mail.ru

Pirmanova K.K.,
2nd course MA student of A. Baitursynov Institute of Linguistics,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: Kunsulu.Pirmanova@mail.ru

THE DEVELOPMENT OF WORD-FORMATIVE MARKUPS IN THE CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE TEXTS

Summary. *In this article we would like to discuss conditionally oriented derivational markups of the Kazakh language corpus, as well as word-formative markups and their practical capabilities provided for corpus users. To ensure the operation of such a linguistic analyzer, it is necessary to prepare linguistic bases for each type of markup. A linguistic database has been developed to enable the linguistic analyzer to work. Now a text program that describes how words can be used to break the root and word-formation of derived words is being developed.*

Keywords: *corpus, national corpus, markup, derivational markup, main root, derived root.*

Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауда оның көлемін ұлғайту ғана емес, лингвистикалық мүмкіндіктерін кеңейту де маңызды мәселе. Лингвистикалық мүмкіндіктер деп отырғанымыз тіл деңгейлеріне сәйкес әртүрлі тілдік талдаулар түрін көбейту деген сөз. Ұлттық корпус дегеніміздің өзі тілдердегі мәтіндердің көлемді электронды жинағы ғана емес, сонымен қатар мәтінге автоматты түрде лингвистикалық талдаулар жасайтын компьютерлік бағдарламамен жұмыс істейтін ең алдымен лингвист-тілші мамандардың, білім алушылардың, тіл үйренушілердің кәсіби қажеттіліктерін өтейтін кең ауқымды ақпараттық-анықтамалық жүйе болып табылады. Мәтіндерге автоматты түрде белгіленім қоятын компьютерлік бағдарламаны лингвистикалық анализатор деп атайды. Тілдік талдаулар түрлеріне қарай морфологиялық анализатор, синтаксистік анализатор, фонетикалық анализатор, сөзжасамдық анализатор, лексика-семантикалық анализатор т.б. деп бөлінеді. Ал осы бағдарлама жасайтын лингвистикалық талдауларды «белгіленім» (разметка) деп атайды. Қай тілде болмасын алғашқы корпустарын құрастыруда ең алдымен морфологиялық анализатор бағдарламасы жасалып, морфологиялық белгіленімдер алдымен корпусқа енгізілген. Өйткені сөздің сөзтүрленімдік бөлігін әсіресе түркі тілдерінде бөлшектеу оңайырақ. Себебі түркі тілдері жалғамалы тілге жатады. Қосымшалар түбірден кейін ретімен бірінің үстіне бірі жалғанады. Мұндайда программа түбір сөздер мен оған жалғанған сөзтүрлендіруші қосымшаларды тез табады. Ал сөздің мұндай құрылымын бөлшектеу флективті тілдерді қиынырақ. Солай бола тұра, орыс тілінің ұлттық корпусында сөздерге морфологиялық белгіленімдер қоятын программа жасалған.

Қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінде жасалған корпуста морфологиялық, фонетикалық, лексика-семантикалық (біршама) және сөзжасамдық анализатор жасалды. Осы анализаторлар арқылы корпуста ізделген сөздің түбірі бөлініп көрсетіледі (лемматизация), сөзге жалғанған морфологиялық түрленімі бөлшектеліп, шартты белгілермен сипатталады; сөздер фонетикалық тұрғыдан да жуан және жіңішке әуезділігі, буын құрау бөліктері мен олардың түрлік сипаттамалары, жеке дыбыстардың талданымы көрсетіледі. Сонымен қатар туынды сөздердің негізгі түбірі мен сөзжасамдық бөлігін бөлшектей алатын әрі сөзжасамның қай тәсілі арқылы жасалып тұрғандығын сипаттайтын сөзжасамдық белгіленім бағдарламасы жұмыс істеп тұр. Мұндай лингвистикалық анализаторлар жұмысын қамтамасыз ету үшін программаға әр белгіленім түрі бойынша лингвистикалық нұсқаулықтар, яғни лингвистикалық базалар дайындау қажет. Морфологиялық анализатор бұдан бұрынғы жылдары жасалғандықтан, біз бұл жерде жаңадан жасалған белгіленім түрі – сөзжасамдық белгіленім енгізу бағдарламасы туралы баяндаймыз.

Қазақ тілінде түбір сөздер негізгі түбір және туынды түбір сөздер болып бөлінеді [1, 177]. Мұның қай түрі де лексикалық бірлік ретінде сөздіктерге реестр ретінде енеді, мысалы, негізгі мал сөзі де, туынды малшы сөзі де дербес лексикалық бірлік, сондықтан екеуі де реестрлік тізімге кіреді. Мал сөзі сияқты қазақ тіліндегі негізгі түбір сөздерді сөзжасамдық анализатор реестр тізімінен іздейді. Малшылық деген туынды сөз кездескенде оны реестрдегі тізімге қарап отырып, оның малшы сөзінен туып отырғандығын, ал малшы сөзінің реестрде тағы кездесіп тұрған мал сөзінен туып отырғандығын көрсетеді. Яғни сөздің соңынан бастап, реестр тізімінде бар сөздермен салыстыра отырып, сөздің түпкі

түбіріне дейін бөлшектеуі қажет. Демек, сөзжасамдық анализатор үшін де сол тілдегі түбір (реестр) сөздердің тізімін линвистикалық база ретінде беру қажет.

Қазақ тілінде сөздер жоғарыдағы малшы сөзіндегідей, тек қосымша жалғану арқылы ғана жасалмайды. Сондықтан сөзжасамдық белгіленім бағдарламасында, яғни сөзжасамдық анализаторға сөзжасамның басқа да тәсілдері туралы лингвистикалық нұсқаулық беру қажет.

Қазақ тілінде туынды сөздер үш түрлі тәсіл арқылы жасалды: 1) лексика-семантикалық тәсіл; 2) синтетикалық тәсіл; 3) аналитикалық тәсіл [2, 181].

Автоматты талдаулар үшін лексика-семантикалық тәсіл ескерілмейді, өйткені бұл тәсілмен жасалған сөздердің формальдық белгілері жоқ, сөз мағына кеңеюі арқылы жаңа мағыналарға ие болады. Корпус үшін сөзжасамдық белгіленім бағдарламасында синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер негізге алынады. Мұның ішінде синтетикалық тәсіл бойынша жасалған сөздерді талдауда программа реестр тізімі мен сөзтудырушы қосымшалар тізіміне сүйенсе, аналитикалық тәсілде көбінесе біріккен сөздер мен қос сөздердің тізіміне негізделеді, яғни программаға осындай сөздердің тізімі лингвистикалық база ретінде беріледі.

Алдымен сөзжасамның аналитикалық тәсіліне тоқталайық. Тілдегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді күрделі сөздер дейміз. Мұндай күрделі сөздер: қос сөздер, біріккен сөздер, тіркесті түбір сөздер, қысқарған сөздер.

Программа бұл сөздерді формальді белгілері арқылы да табуына болады. Мысалы, қос сөздер дефис арқылы жасалады. Қос сөздер қайталама және қосарлама қос сөз болып бөлінеді. Бұл екі түрі де дефис арқылы жасалғанмен, қайталама қос сөздер түбірдің қайталанып келуі арқылы жасалады, ал қосарлама қос сөздерде екінші сыңары басқа сөз болып келеді. Егер қос сөз құрамында екінші сыңарда бірінші сыңардағы сөзді қайталанып қолданса, программа оны қайталама қос сөз ретінде тануы қажет және соған сәйкес «қайталама қос сөз» деп көрсетеді. Мысалы: қайта-қайта, әлсін-әлсін т.б.

Белгіленім моделі: туынды, күрделі, анал., қос сөз, қайталама.

Ал егер қос сөздің екінші сыңары бірінші сыңарынан мүлдем басқа сөз болса, яғни алдыңғы сыңарды қайталамаса, программа оны «қосарлама қос сөз» деп тануы қажет. Мысалы: әке-шеше, ата-ана, бала-шаға т.б.

Белгіленім моделі: туынды, күрделі, анал., қос сөз, қосарлама.

Біз жоғарыда қос сөздерді табудың бірінші жолын айтып отырмыз. Екінші жолы қайталама қос сөздер мен қосарлама қос сөздердің тізімін программаға лингвистикалық база ретінде беру. Мұндайда программа алдыңғы жолындай сөздердің екінші сыңарының қайталану/қайталанбай сипатына назар аудармайды, бұл жолы қос сөздің екі түрінің тізіміне ғана сүйеніп, мәтінде кездескен қос сөздерді ажыратады. Мұндай бағдарламада базаға берілген қос сөздердің тізіміне енбей қалған қос сөз белгісіз болып қалады, сөзжасадық белгіленім қойылмайды. Сондықтан қос сөздерді автоматты тануда осы аталған екі жолды да программаға енгізу қажет, яғни программа қос сөздерді осы екі жолмен де қатар іздеп көру керек.

Қос сөздерді формальді белгілері бойынша анықтағандай, компьютерлік бағдарлама біріккен сөздерді де тануына болар еді. Біріккен сөздер екі сөздің бірігуі арқылы жасалады. Рееестр сөздер тізіміне сүйене отырып, егер біріккен сөз құрамында екі дербес сөз қолданылып түрса, мұндай сөздерді біріккен сөздер ретінде көрсетеді. Мәселен, саңырауқұлақ, итмұрын, аққала т.б.

Модель: туынды, күрделі, анал., біріккен сөз. Ал кіріккен сөздерді бұл жолмен тану қиын, өйткені кіріккен сөздердің құрамы кірігіп, екі сөзге аражігі бөлінбейді, шегарасы көрінбейді, сондықтан кіріккен сөздерді программаға тек тізімдеп қана беру мүмкіндігі бар. Мысалы: бүгін, бүрсігүні, әнеугүні т.б. Қазақ тілінде мұндай кіріккен сөздер саны көп емес.

Модель: туынды, күрделі, анал., кіріккен сөз. Біріккен сөздерді автоматты танудың екінші жолы қос сөздердегідей олардың түрлеріне қатысты тізім жасау. Біріккен сөздерді кіріккен сөздерден басқа, өз ішінде жасалу тәсіліне қарап төл будан және кірме будан сөздер деп бөлуге болады. Төл будан сөздер дегеніміз – қазақ тілінің өз ішіндегі сөздердің бір-бірімен бірігіп, бір ұғымды білдіруі арқылы жасалған сөздер. Мысалы, аққала, ұзынқұлақ, көкқұтан т.б. Кірме будан дегеніміз – біріккен сөздің бір сыңарының басқа тілден енген сөз болып келуі арқылы жасалған сөздер. Мысалы: авиакасса, автотұрақ, совхоз, партком т.б.

Модель: туынды, күрделі, анал., төл будан/кірме будан.

Бұл аталған қос сөздер мен біріккен сөздерден басқа күрделі сөздердің ішіндегі қысқарған сөздер деген түрі де кездеседі. Қысқарған сөздерді танудың формальді белгісі бас әріптермен сөздің бастапқы әріптерінің

жазылуы немесе нүктемен сөздің толық берілмеуі. Енді сөзжасамның синтетикалық тәсіліне тоқталайық. Тілдегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді дара туынды сөздер дейміз. Синтетикалық тәсілде негізгі түбір сөздерге сөзжасамдық жұрнақтар жалғанып жаңа туынды сөз жасалады.

Бұл тәсілмен жасалған туынды сөздерді сөзжасамдық анализатор реестр тізіміндегі сөздерді және сөзжасамдық қосымшалардың тізімі мен сипаттамасы берілген кестені пайдаланып таниды. Біріккен сөздерді анықтауда программа сөз құрамындағы бөліктерді реестрден іздеп тапса, қосымша жалғану арқылы жасалған сөздерде де осы іздеу тәсілін қолдануға болады, яғни сөз құрамында бір ғана толық мағыналы сөз түрса, толық мағыналы сөзден кейінгі жадғанып түрған реестрде жоқ бөлік қосымша болып шығады. Мысалы: малшы, малшылық, балалық, адамгершілік, абыройсыздық, балала, оюла, бірінші т.б. сөздерде мал, малшы, бала, адам, абырой, бала, ою, бір сөздері реестрде бар толық мағыналы сөздер. Ал осы сөздерге жалғанып түрған -шы, -лық, -гершілік, -сыздық, -ла, – інші бөліктері дербес сөздер емес, сондықтан программа оларды біріккен сөздер ретінде танымайды, екінші кезекте сөзжасамдық қосымшалар кестесінен осы қосымшаларды іздестіреді. Программа мұндай іздеуде әр сөз табының сөзжасамдық қосымшалар тізімі берілген кестеге сүйенеді. Қосымшалар кестесінен табылмаса, оларды тағы да қосымша бөліктеріне бөлшектеп көреді, мысалы: -сыздық қосымшасы кестеде жоқ, сол себепті анализатор оны -сыз және -дық деп тағы бөлшектеп, тағы да қосымшалар тізімінен іздестіреді. Әрі қарай іздестіру осылайша жалғаса береді.


Модель: туынды, дара, синт. жұрнақ

Сөзжасамдық жұрнақтарды әр сөз табына қатысты қысқаша шартты белгілермен беруге де болады. Мысалы: етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар – Ет.ет.туд.; есімдерден зат есім тудырушы жұрнақтар – Ес.зт.туд. т.б.

Сөзжасамдық белгінім қоюда туынды сөздермен қатар негізгі сөздерді түпкі түбір екендігін көрсетуге болады. Негізгі түбірлер реестр тізімінде түрған ешқандай қосымша жалғанбаған немесе ешқандай түбір сөз қосылып жазылмаған сөздің түпкі бөлігі. Мұндай негізгі түбірді – Т деп таңбалауға болады. Сөзжасамдық анализатор алдымен сөздердің осындай түпкі бөлігін іздеп тауып алуы қажет. Туынды сөз болмаса, ол негізгі түбірді бірден – Т (түбір) деп белгілеп, ал егер туынды сөз болса, оның негізгі түпкі түбірін бөліп алып, оған Т белгісін қойып, әрі қарай туынды сөзді жасаушы сөзжасамдық жұрнаққа қарай ығысады.

Енді біз төменде жоғарыдағы компьютерлік программаға берілетін лингвистикалық нұсқауларға сүйеніп жұмыс істейтін сөзжасамдық анализатордың нәтижесі – мәтіндер корпусындағы лингвистикалық терезе ұяшығында көрсетілетін сөзжасамдық белгіленімдерден кесінді береміз.

1-сурет



Сурет 1 – Корпус мәтініндегі сөзге қойылған сөзжасамдық белгіленім

Суретте сөзжасамдық анализатор итмұрын деген сөздің біріккен сөз екенін, аналитикалық тәсіл арқылы жасалғандығын сипаттап көрсетіп түр. Қорыта келгенде, корпус мәтігдеріндегі сөздерге автоматты түрде сөзжасамдық белгіленімдер қоятын программа жасау ұлттық корпус құрастыруда үлкен бір нәтижелі көрсеткіштердің біріне жатады. Бұл лингвистикалық зерттеулерде сөзжасам мәселелерін зерттеуде таптырмас ақпараттық-анықтамалық құрал болады. Бұл сөзжасамдық белгіленім қою программасын 100 пайыздық шындықты көрсетеді деп айта алмаймыз. Өйткені тілімізде әсіресе қосымшалар арқылы жасалған сөздерде омоним құбылысы өте жиі кездеседі. Сондықтан келешекте әркез түзету, жақсарту жұмыстарын үзбей жүргізіп отыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ грамматикасы. – Алматы, 2002.
2. Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.

Жұмай Н.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
E-mail: nurmiraali@mail.ru

О. БӨКЕЙ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ АУДАРМАТАНУДАҒЫ ОРНЫ

Түйін. *Аталған мақалада қазақтың кемеңгер жазушыларының бірі Оралхан Бөкей шығармаларының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу жолдары, сонымен қатар шығармаларын аударған аудармашыларың өзіндік ерекшеліктері, аударма барысында туындаған тілдік мәселелер жайы сөз болады.*

Резюме. *В статье анализируется перевод творчества казахского писателья О. Бокея на русский и английский языки. При анализе особое внимание уделяется особенностям жанровой специфике и стилю переводчиков на русский и английские языки.*

Summary. *The article analyzes the translation works of a well-known Kazakh writer Oralkhan Bokey into Russian and English with the identification of linguistic units used by the translators. The author of the article classifies the translators of O. Bokey's stories and novels, assays to identify their own ways, styles of translation.*

Жазушы, драматург Оралхан Бөкей (1943-1993) – «Мұзтау», «Атау-кере», «Үркер ауып барады», «Қайдасың қасқа құлыным», «Өз отыңды өшірме» т.б. қазақ әдебиетінің классикалық үздік туындыларының қатарына қосылатын көптеген шығармалардың авторы. Алғашқы еңбегі дүниеге келісімен-ақ қалың оқырманын баурап алған бұл жазушының еңбектері ағылшын, неміс, араб, чех, болгар, венгер, араб және жапон тілдеріне аударылып, әдебиет сүйгіш әлем оқырманына жол тартқаны белгілі.

Жазушы О. Бөкейдің өзге тілдерге аударылған шығармаларына тоқталар болсақ, оның көптеген повесттері мен әңгімелерін түпнұсқадан орыс тіліне алдыңғы қатарлы үздік аудармашылар А. Ким, А. Кончиц, О. Мирошниченко, Б. Момышұлы, Р. Сейсенбаев, Ю. Домбровский, А. Орлов, В. Мироглов пен Арина Ким тәржімалады. Жазушының көзі тірісінде орыс тілді оқырман қауымның көзайымына айналып та үлгеріп еді. Мәселен, 1970 жылы «Камчигер», 1973 жылы «Где ты, жеребенок белолобый?», 1975 жылы «Ледниковые горы», 1978 жылы «След молнии» жинағы, 1980 жылы «Плеяды», 1981 жылы «Поющие барханы», 1984 жылы «Крик», 1985 жылы «Поезда проходят мимо», «Сказание о матери» және «Отголосок юных дней», 1986 жылы «Долгая, долгая зима», 1987 жылы «Человек – Олень» мен «Серый олень» атты шығармалары орыс тіліне аударылған еді.

Көріп отырғанымыздай, жазушы Оралхан Бөкейдің шығармалары жарыққа шыға салысымен аудармашылардың назарын аударып, көпшілігі бірден орыс тіліне аударылып отырған. Әсіресе, 1970-1987 жылдар аралығында жазушы қаламынан туған туындылар өз оқырмандарын баурап алып, небір қайталанбас дүниелермен таныстырып жатты. Жоғарыда аталған аудармашылар жазушының әр туындысына әртүрлі қырынан келіп, өзіндік стильмен аударуға тырысты. Осы тұрғыдан келгенде, А. Ким, А, Кончиц және О. Мирошниченко өз аудармаларын жолма-жол (подстрочный) аударма тәсілі арқылы жүзеге асырды.

Жазушы Оралхан Бөкей туындыларын алғашқылардың бірі болып орыс тіліне аударған жазушы, аудармашы Роллан Сейсенбаев болатын. Роллан Шакенұлы Сейсенбаев – қазіргі қазақ әдебиеті әлемінде жазушы, аудармашы, прозаик, драматург және пубицист ретінде танымал. Ол өз туындыларымен бірге, ұлы Абайдың, Жамбылдың, М. Әуезовтың шығармаларын орыс тіліне аударған. Өзі негізін қалаған «Аманат» журналы арқылы әлемдік туындыларды аударып, қалың көпшілікке танытып, аударма саласына басымдық беретін Р. Сейсенбаевтың шығармалары ағылшын, неміс, француз және басқа да Еуропа және Азия халықтарының тіліне аударылған. Жазушы Оралхан Бөкейдің тұңғыш кітабы – «Қамшыгер» деген атпен 1970 жылы жарық көрген болатын. Бұл жинаққа жазушының «Қамшыгер», «Бура» және «Терісаққан» секілді шығармалары енген еді және осы туындылары Оралхан Бөкейге үлкен жетістік, танымалдық сыйлады. Аудармашы ретінде Р. Сейсенбаев алғаш рет О. Бөкейдің осы жинаққа енген «Қамшыгер» атты туындысын орыс тілінде сөйлетіп, қалың оқырманның ізгі ықыласына ие болған. Осыдан кейін жазушы Р. Сейсенбаев Оралханды басқа аудармашылармен, атап айтқанда мәскеулік аудармашы Анатолий Киммен таныстырып, нәтижесінде олар О. Бөкейдің өзгеге ұқсамайтын ерекше қолтаңбасын, тақырыптық кеңдігін, жазушылық шеберлігін жоғары бағалап, оның туындыларына үлкен қызығушылық тудырып, өзге тілдерге аудара бастады.

Р. Сейсенбаевтың себепкерлігімен Анатолий Ким жазушы Оралхан Бөкеймен танысу мүмкіндігіне ие болды, әрі оның өмірдегі жақын досы, өнердегі әріптесіне айналды. Оралхан Бөкей шығармаларын орыс тіліне аудара отырып, өз кезеңінде аты шығып, аударма өнерінде толағай табыстарға кенелген Анатолий Ким жазушы Оралхан Бөкей шығармаларын жарыққа шығарғаннан кейін оған өтініштердің көптеп түскендігін айта келіп, өзгелермен Оралханша ойласа, ұғыса алмай бас тартқандығын айтады. Жазушы Оралхан Бөкей прозасын орыс тіліне шеберлікпен аудара отырып, оның көркем сөз әлемін норвег жазушысы Крут Гамсонға ұқсататын Анатолий Ким: «– О-о! Судьба подарила мне встречу с писателем совершенно родственным по своему романтическому восприятию мира. Оралхан умел видеть чудесные детали среди сложных и тяжелых обстоятельств человеческой жизни, это меня очень сблизило с ним, благодаря ему у меня впервые появился шанс подойти к переводу как к сотворчеству. А потом нас с Оралханом связала очень хорошая человеческая дружба. Каждый раз, приезжая в Казахстан, я ждал встречи с ним. Ох, какая большая печаль – был молодым, полным сил и творческих замыслов и… почему-то ушел. Я до сих пор не могу пережить его уход», – деп үлкен жылылықпен еске алады мәскеулік жазушы [1,5].

Еңбектері реализмге негізделген бұл екі жазушының проза жанрында мифтік сарын, анимистикалық сенім секілді ұқсастықтары бірқатар туындыларда бірлесе жұмыс істеуге себеп болды. Мәселен, Анатолий Ким орыс тілінен ағылшын тіліне аударылған жазушы Оралхан Бөкей шығармаларының топтамасына енген «Человек-олень», «Снежная девушка», «Олиара» сынды еңбектердің аудармасын жасады.

Аудармашы А. Ким, А. Кончиц және О. Мирошниченко өз аудармаларын жолма-жол аудару тәсілін қолдана отырып жүзеге асырды. Бұлармен бірге кейбір аудармашылардың әдеби қазақ тілін жетік меңгермеулерінің салдарынан көркем аудармаға қойылатын талаптар, шығарманың мағыналық стилі толық жүзеге асырылмай қалатын тұстары да кездесті. Әр тілдің өзіне тән семантикалық қатарлары болатындықтан, жолма-жол аударма барысында біршама семантикалық қатарлар арасында сәйкессіздік орын алып отырды. Бұл түрғыдан келгенде, аудармашы А. А. Ким өзінің соңғы сұхбаттарының бірінде «өз шығармашылық өмірінде көптеген туындыларды жолма-жол аудару тәсілі арқылы орыс тіліне аударғанын, тілді толық білмей түрып осындай аударма жасаудың «қылмыс» екендігін мойындайтынын жеткізген. Мұндай жағдайда тек аударылып отырған шығарма ғана жоғалмайды, сонымен бірге аударылып отырған орыс тілінің де қасиеті кемітіндігін» атап өтеді [2, 221].

Аудармашы, жазушы Виктор Федорович Мироглов қазақ жазушыларынан Ә. Тарази, Д. Досжанов, Ә. Нүршайықов, І. Есенберлин шығармаларымен бірге классик жазушы Оралхан Бөкейдің «Поезда идут мимо» атты повестісін А. Кончицпен бірлесе отырып, орыс тіліне аударған [3].

Жазушы, прозаик Анатолий Александрович Кончиц «Станица» баспасында аудармашы қызметін атқарып жүрген кезінде қазақ жазушыларынан С. Елубаевтың, Ә. Нүрпейісовтың, сонымен қатар біз қарастырып отырған жазушы Оралхан Бөкейдің «Осиротевший верблюжонок», «Поезда идут мимо» (В.Ф. Мирогловпен бірге), «Отголосок юных дней», «Сказание о матери Айпаре» секілді туындыларын орыс тіліне аударған.

Алайда бұл аудармалар көпшіліктің сынына ұшырады. Мәселен, Оралхан Бөкейдің «Жетім бота» («Осиротевший верблюжонок») атты повестісін А. Кончицаның ауаруымен «Аударма» баспасы 2011 жылы жарыққа шығарған еді. О. Бөкейдің өзіне тән аффирмацияға толы, мистикалық элементтері қолданыс тапқан, магиялық реализм сарынында жазылған бұл туындысы аударма барысында мүлдем басқа сипатқа ие болған. Бұл шығармада кездесетін архитектор Тас пен мистикалық кейіпкер Ақботаның кездесетін сәті шығарманың шиеленіскен шегі еді, өкінішке орай аудармашы аударма барысында осы сәтті түсіріп тастаған [4].

Дегенмен, осы аудармашының еңбегінің нәтижесінде жазушы Оралхан Бөкейдің «Осиротевший верблюжонок», «Отголосок юных дней», «Сказание о матери Айпаре» сынды туындылар орыс тілді оқырмандарымен қауышты.

Оралхан Бөкей шығармаларын орыс тіліне аударған жазушылардың бірі – Бақытжан Момышұлы. Шығармашылық жолын аударма ісінен бастаған Бақытжан Момышұлы Ш. Мұртазаның, Д. Досжанның, К. Тоқаевтың, Б. Бодаубаевтың, Қ. Найманбайдың және Оралхан Бөкейдің шығармаларын орыс тіліне аударған. Бақытжан Момышұлы Оралхан Бөкейдің «Бура» әңгімесін аударды. Бақытжан Момышұлының бұл аудармасын талдап, сараптама жасаған зерттеуші Е.С. Адаева түпнұсқа мен аударманы салыстыра отырып аудармашының әсіресе, туындыда жиі кездесетін табиғат бейнесін си-

паттайтын түстарын асқан шеберлікпен тәржімалағанын түсіндіреді. Аудармашы ретінде Бақытжан Момышұлы «қазақ сөзінің образдылығын сақтауға тырысып», шығармадағы суреттеулердің толық жетуіне барын салғандығы байқалады. Дегенмен, кейбір сөйлемдердің түсіп қалып, кейбіреулерінің қосылу арқылы аударылғанын байқаймыз. Сонымен қатар жазушы сөйлемдерінің синтаксистік құрылымы жағынан авторлық пафос та, баяндаудағы экспрессивті-эмоционалды бояу да, автор мен кейіпкерлердің дүниеге көзқарастары мен ішкі сезімдері де шығарманың синтаксистік құрылысы арқылы беріліп, түпнұсқамен түгелдей сәйкес тәржіма жасауға қиындық туғызғаны байқалады [5,120].

Жазушы Оралхан Бөкей шығармаларының ағылшын тілінде «сөйлеуі», әлем әдебиетінің мол қорына қосылып, ағылшын тілді қалың оқырманға таныстырылған «The Man-Deer and other stories» атты жинақтан бастау алады. Бұл жинақтың тұсаукесері 2018 жылы 23 ақпан күні Астана қаласында өтті. Бұл жинақ халықаралық қазақ ПЕН-клубының қолдауымен «Біз – қазақпыз» жобасы аясында жүзеге асырылып, қазақ классиктерінің, атап айтқанда, Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлу», Мұқағали Мақатаевтың «Таңдамалысы», Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» туындысы, Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повестері ағылшын тіліне аударылған еді. Жазушы Оралхан Бөкейдің «The Man-Deer and other stories» атты жинағына енген “The Man-Deer”, “The Scream”, “Oliara”, “The story of the Mother Aipara”, “The Lightning Trail”, “The Thaw”, “Bura”, “Ardak”, “The Rustler” шығармаларын белгілі аудармашылар Саймон Холлингсворт пен Саймон Гейган ағылшын тіліне аударған.

Жазушы Оралхан Бөкейдің «The Man-Deer and other stories» атты жинаққа енген шығармалары өзінің бай тілдік ерекшеліктері, сөз қолданыстарымен жоғары бағаланады. Жоғарыда атап өткендей, түпұсқадан орыс тіліне аударушылардың басым бөлігінің әдеби қазақ тілін жетік білмеулері жазушы Оралхан Бөкейдің осы жинағына енген туындыларының түпнұсқасы мен ағылшын тіліндегі аудармасы арасында біршама алшақтық бар екенін көрсетеді. Мәселен, «реалия» немесе «эквивалентсіз лексика» терминдерімен аталып жүрген, көркем әдебиетте жиі кездесетін, белгілі бір халықтың мәдениетімен үштасып жататын сөздердің аударылуына тоқталар болсақ, бұл сөздер аударма барысында үлкен қиындық тудыратын сөздер қатарына жатады. Нақты аудармасы болмайтындықтан, аудармашының әдетте өзінің фондық білімі мен мәдени-тарихи жағдаяттарды терең меңгеруіне, аударылып отырған тіл иесі халықтың тұрмысынан, қоғамдық-әлеуметтік салаларынан, болмысынан, таным-тіршілігінен жеткілікті хабардар болуы керек. Реалия сөздерді аудару барысында транслитерация мен транскрипция тәсілдері жиі қолданылады. Транслитерация тәсілі арқылы аударылатын тіл сөзінің графикалық түрі қолға алынады, ал транскрипция тәсілі арқылы оның тек дыбыстық түрі ғана берілетінін білеміз. Қалай болғанда да осы тәсілдер арқылы берілген сөздердің де мағыналарының дұрыс түсіндірілуі шет тілді оқырманның туындыға барынша терең бойлауына мүмкіндік береді. Дегенмен, транскрипцияның аударылу тәсілі ретінде қолданылу барысында оның ықшамдылық қасиеті назардан тыс қалмауы керек. Осындай жағдайда аударманың мағынаны жеткізе алу қызметіне басымдық бере отырып, транскрипцияланған сөздердің санына да шектеу қойған абзал. Өйткені, шығармадағы шектен тыс транскрипцияланған сөздер оқырманға түсініксіз болып, оның сол шығарманы толық оқып шығуына тосқауыл болуы мүмкін.

Осыған қарамастан транслитерация және транскрипция әдістері аудармалық бұрмалаушылықтан тосатын бірден-бір тәсіл екендігін айта кеткен жөн. Осының нәтижесінде аударылып отырған тілге жаңа сөздер еніп, бірте-бірте бұл сөздер сөздік қорға еніп, оны толықтыру үрдісіне қатысады.

Бұл шығармадағы реалиялар жинақтың соңында глоссарий түрінде беріліп, мағынасы түсіндірілген. Мысалы:

«Aqsaqal (Karasaqal): A village elder. A position that commands great respect in the aul and in the wider community» [6, 437];

Bii: A judge. A bii would consult rulers on matters pertaining to the common people, passing judgments on crimes (given the absence of written law in nomad societies) and negotiating with enemies (like a modern-day diplomat) [6, 438];

Kuruk: The traditional implement used by herdsmen to capture livestock, it is comprised of a long staff with a rope lasso noose on the end [6, 440].

Zhal-zhaya: A dish of thinly cut pieces of cooked neck fat (zhal) and fillet, rich with fat (zhaya). Considered the best parts of the horse [6, 441]. Осы аудармашылардың бір ерекшілігі аударылған еңбектерінің соңында осындай реалия сөздерден құралған глоссарий беріп отыруында болса керек.

1991 жылдан бері әртүрлі аудармаларды дүниеге әкелген аудармашы Саймон Холлингсворт жазушы Оралхан Бөкейдің осы шығармасын аудару үшін біраз еңбектенгенін айтады. Этнографиялық мәселелерге қатысты туындаған қиындықтарды бұл аудармашылар Қазақстандағы Пен-клуб мүшелері болып табылатын жазушылармен кеңесе отырып, жинақ соңынан глоссарий түрінде енгізгенін айтады. Ол ағылшын тілді оқырманға бұл атаулардың жақсы түсіндіріліп, қолданыс табуына септігін тигізеді дейді аудармашылар [7].

Жазушы Оралхан Бөкейдің әрбір туындысы түпнұсқа түрінде және аударма ретінде жеке-жеке, түбегейлі зерттеуді талап етеді. Аударма арқылы жазушы еңбегі өзге тілді оқырманымен қауышатыны сөзсіз. Алайда аударманың сапасы, түпнұсқамен барынша жақын келуі, жазушының ойын өзгертпей жеткізуі сияқты мәселелер тікелей аудармашының шеберлігіне, біліктілігі мен фондық біліміне қатысты жүзеге асырылатыны сөзсіз. Осы орайда классик жазушы Оралхан Бөкейдің осы жинаққа енген туындыларын түрлі зерттеулердің нысаны етіп, толыққанды зерттеу алдағы ізденістерімізге себеп болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шимырбаева Г. Тонкий и глубокий Оралхан. Казахстанская правда, 9 августа, 2013 г.
2. Ким А. Юбилейной комиссии Оралхана Бокеева // Ежеквартальный литературно-художественный и общественно-политический журнал «Аманат». № 3. 2003. Семипалатинск, 2003 г, С. 221-224.
3. Бокеев О. Поезда идут мимо. Перевод с каз.В. Мироглов, А.Кончиц. Алматы, Жазушы, 1985, 400с.
4. Байтукенов Т. Превед, мед-медь!. Общественно-политическая газета «Время», 16 января, 2014 г.
5. Адаева Е.С. О. Бөкейдің «Бура» әңгімесінің орыс тіліне аударылу сипаты. Вестник КазНУ им. Аль Фараби, 2012. – №5-6. – С. 119-123.
6. Ссылка: https://24.kz/ru/news/social/item/265145-v-kokshetau-prezentovali-povest-zamanai-and-amanai-sakena-zhunusova
7. O. Bokeev. The man-deer and other stories. – Almaty, 2017. – 441p.

Игиликова С.И.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және
«Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының
бірлескен білім беру бағдарламаларының
2 курс докторанты
E-mail: igilikkyzy@mail.ru

Малбақов М.М.
ф.ғ.д., профессор,
А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері
Алматы қаласы
E-mail: myrzabergen@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫНДАҒЫ МАТА АТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

Түйіндеме. *Тілдің тарихи негіздері берік болған жағдайда оның болашақтағы даму жолы да жарқын болмақ. Осы тұрғылардан қазақ тілінің тарихи лексикасының құрамын зерделеу ісі – қазіргі таңдағы маңызды шаруалардың біріне айналып отыр. Тарихи лексика құрамында түркі текті төл сөздермен қатар, ежелгі түркі-моңғол тілдеріне ортақ, байырғы лексикалық қорға енетін атау сөздер құрамы кездеседі. Мақалада қазақ тілі тарихи лексикасының құрамына кіретін «мата» сөзінің мән-мағынасы лингвосемантикалық және этимологиялық тұрғыдан қарастырылды. Зерттеу жұмысы XIX-XXI ғасырлар аралығындағы этимологиялық және аударма сөздіктер арқылы аталған лексикалардың уәжділігін анықтау басты назарға алынды.*

Резюме. *Если исторический фон языка будет сильным, его будущий путь развития будет ярким. Изучение состава исторической лексики казахского языка из этих точек является одной из самых важных вещей в современном мире. В исторической лексике есть тюрко-монгольское общее тюркоязычное слово, включающее общие слова в древнем лексическом фонде. Суть слова «ткань», которая является частью исторической лексики казахского языка, рассматривается в терминах лингвосемантической и этимологической точки зрения. Исследование основывалось на этимологических и переводческих словарях XIX-XXI веков, чтобы определить мотивацию этих лексиконов.*

Summary. *If the historical background of the language is strong, its future path of development will be bright. Studying the composition of the historical vocabulary of the Kazakh language from these points is one of the most important things in the modern world. In the historical vocabulary there is a Türko-Mongolian common Türkic-speaking word, including common words in the ancient lexical fund. The essence of the word «fabric», which is part of the historical vocabulary of the Kazakh language, is considered in terms of linguistic and etymological point of view. The study was based on the etymological and translation dictionaries of the XIX-XXI centuries to determine the motivation of these lexicons.*

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі ескі сөздіктердегі қазақ тілінің тарихи лексикасына, әсіресе ескірген, сирек қолданылатын лексика тобына кіретін тілдік бірліктерді қарастырған кезде өзінің ерекше алуан түрлілігімен көзге түсетін сөздер – мата атаулары. Қазіргі кезеңдегі қолданымдағы маталардың атауларында кірмелілік басым. Яғни, олардың көбісі өзге тілдік аталымдармен аталып келді. Мата атауларының төл тарихымызда ұшырасатын дәстүрлі аталымдарын өзара салыстыра отырып, зерттеу жүргізу, сол арқылы олардың құндылығы анықтап алу, нәтижесінде құнды тарихи аталымдардың ішіндегі бүгінгі күн талабына қажеттілерін қайыра қолданымға ұсыну қажет болмақ. Себебі, бүгінгі таңда жаппай орысша қолданылып жүрген мата атауларының бұрынғы қалыбын қолдану, ол болмаса, дәл баламасын табу ісі – уақыт талабы. Қазіргі кездегі маталардың таза ұлттық атауларына қатысты материалдарға көз жүгіртер болсақ, алуан түрлі аталымдарға кезігеміз. Мәселен, «Қазақ халқының ұлттық киімдері: Мата түрлері» атты Б.Хинаят, А.Сужикова тарапынан құрастырылған еңбекте [1] мата атаулары туралы төмендегідей деректер келтіріледі:

«Мата атаулары мен түрлері:

Барқыт, берен, тұқаба, биқасап, бүлде, дүрия, қамқа, қойқын, қыжым, мақпал, мауыты, міндала, пайы, баршын, парша, пүліш, саң, тапта, үштап, тібек, шұға, мана, ләмбөк, дыраб, манат, масаты, борлат, бояқ, бүйдас, зипуын, дабы, сылаң, касапдар, қаламы, қымқап.

Жібек маталар: баршын, кініпас, кіріс, кіләңқор, күлдірі, қатипа, батсайы, сарпөңке, сіндіп, тапта, торғын, торқа, шәйі, қырмызы, атлас, кінауыз, маңлық, құлпы.

Жұқа маталар: зон, ақсүп, борлат, бомази, бояқ, дабы, сыңсыма, сұрып, сәтен, сиса, шағи, бітес, тек, зәріп, саржа, құмаш, орысқол, тайғақ

Арзанқол маталар: ләмбік; діке; үлдірік; ләстік; кенеп; шөжім; шыдаған; сүпы; шыт; бөз; тептік; ақзу; күн-түн; тібен; сәлдебөз; меткетон; тіке (С.Кенжеахметұлы жарияланымы бойынша).

Қазақтар арасында кең таралған жібек маталардың ішінен көбірек тарағаны:

– Қамқа – алтындатқан не күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата.

– Қатипа – жол-жолы бар, жұқа жібек мата. Барқыт, шыт.

– Манат – барқыт тәрізді сырткиімдік бағалы шұға.

– Мауыт – оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұға.

– Торқа – ең қымбакт жібек мата.

– Батсайы – қалың жібек кездеме.

– Биқасап – енсіз жібектен тоқылған жолақ мата.

– Дүрия – жылтырауық тығыз жібек мата.

– Баршын – жолақты жібек мата.

– Тібен – түрлі-түсті қалың мата.

– Торғын – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.

– Мақпал – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі.

Мақпалдың үш түрі бар:

– қара мақпал – қара барқыт;

– қой мақпал – түкті пүліш;

– қырмызы мақпал – қызыл күрең барқыт. Бірақ қазақтар мақпал деп көбінесе біртегіс, түгі тықыр қара барқытты атаған. «Мақпалдай қара, мақпалдай жұмсақ» дейтін теңеудің мәні осында. Мақпалдан қамзол, шалбар, қыз-келіншектердің киімі тігіледі, түскиіз жасалады, баскиім тысталады.

– Шағи – жұқа келген жұмсақ және таза мата.

– Қыжым – сапалы жүннен тоқылған түкті мата, плюш.

– Қойқын – жуан жіптен тоқылған қалың мата.

– Ләңке – сырткиімдік матаның бір түрі.

– Насар – жібек кездеме.

– Пай немесе пайы – жібек мата.

– Парша – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.

– Үштап – ақ түсті тығыз мата.

– Іштік мата немесе ішкиім тігетін маталардың түрі мен атаулары да көп. Қазақтар маталарды сауда-саттықпен Ресей, Қытай, Бұқар, Парсы, Үндістан, Ыстанбұл т.б. жақтардан әкелген. Осыған байланысты түрліше атау қалыптасқан. Өкінішке орай сол атаулар таралған өңіріне қарай әрқалай аталса, оған қоса бір матаның түрлерін бір-бірімен шатастырса, ұқсата беретін үрдіс қазақтар арасында ертеден бері белең алған.

– Шөжім – ішкиімдік, арзанқолды жұқа мата.

– Саң – шыттан қалыңдау, ақ түсті мата.

– Шыт – түрмыста жиі қолданатын, жеңіл әрі арзанқол жұқа мата.

– Сарпөңке – астарлық жібек мата.

– Бояқ – кездеменің боялған түрі.

– Борлат – қызыл түсті жұқа мата.

– Дабы – жұқа ақ матаның бір түрі.

– Ләмбек – сырткиімдік судыраған жылтыр қара мата» (Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 196-197 бб.).

Осы аталған мата атауларының біразын біз қазан төңкерісіне дейінгі мерзімде жарық көрген орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктерден кездестіреміз. Ескі сөздіктердегі мата атауларының берілісі алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Ол атаулардың да бүгінгі күн қажетіне жарауы әбден мүмкін. Себебі, қазіргі кезеңде жаппай орысша қолданылып жүрген мата атауларының бұрынғы қалыбын қолдану, ол болмаса, дәл баламасын табу ісі – уақыт талабы. Сонымен, 1897 жылғы қазақша-орысша

сөздікте кездесетін мата атаулары: ак сун (дұрысы ақ сүп болар деп ойлаймыз – М.М.) – крученый коленкор, берен – лучший бархат, бойак – бязь, борлат – низкий сорт коленкора, красный кумач; біз – бязь, жибек – шелк, камка (старинное слово) – шелковая материя, китайский шелк; кенеп – холст, холщевой; койкун – концевая китайка, койкун шыт – набивная китайка, біз койкун – московская бязь, макпал – плис, бархат; кара мақпал – черный плис, қой мақпал – красный плис низкого сорта, қырмызы мақпал – бархат вишневого цвета (самый любимый киргизами. Одежда из этого бархата считается у них необходимой принадлежностью достаточного человека, особенно порядочной девушки), мауут – высший сорт сукна, кастор; сиса – ситец, тептик – материя вроде гарпинки, торка – шелковая материя (старинная), ушуга – сукно высшего сорта, шигершин – вязь, шокума – парши не сплошные, а рассеянные; шыт – ситец [2].

1883 жылы шыққан Ешмұхамед Букиннің сөздігінде кездесетін мата атаулары: манат – красное сукно, сары жақыт – поташь [3]. Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімде жарық көрген түркі сөздіктерінің ішіндегі ең көлемдісі – В.В.Радлов сөздігі [4]. Осы сөздіктегі қазақ тілі бойынша берілген материалдар ішінде мата атаулары да мол ұшырасады: өлгөі – китайская ямба (I, 1253), саңkой – даба, бумажный материал (IV, 1, 287); манат – красное сукно (IV,2, 2017), тептек (III, 1, 1114), koйkун (II, 1, 503), барша – (IV,2, 1488), kамka – (II, 1, 490), маут – (IV,2, 1993), далымбу – (III, 2), makпал – (IV,2, 1999), балkы / былkы – полушелк (IV,2, 1730), kaca – (II, 1,348), насар – (III, 1, 656), бойak – голубая бухарская даба (IV,2, 1657), шыт – (IV,1, 1058), мäулўм – (IV,2, 2072), бўлkўн – (IV,2, 1847), борлат – (IV,2, 1665), дімсä – какая-то шелковая материя (III, 2, 1781), kулпа – какая-то шелковая материя (II, 1, 990), торғун = торka (III, 1, 1185).

Бұл мата атауларының біразы көпшілікке белгілі. Мәселен, ақ сүп атауы, жергілікті сөз қатарына жатқанмен, кең таралған. Жібек, кенеп, мақпал, шыт, сиса, шұға атаулары да исі қазаққа танымал. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бояққа – «кездеменің боялған бір түрі», борлатқа – «қызыл түсті жұқа мата», қамқаға – «алтындатқан яки күмістеткен, зерлі жіптен тоқылған жібек мата», мауытыға – «оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұға» тәрізді анықтамалар береді.

Ескі сөздіктер торқа сөзіне – «ең қымбат жібек мата», манат сөзіне «барқыт тәрізді сырт киімдік бағалы шұға» тәрізді анықтамалар ұсынады. Сөз болған мата атаулары қазіргі тілде бар. Тілімізде олардан да басқа атаулар жеткілікті. Мәселен, қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде: «Тептік» – 1. мақтадан не зығырдан тоқылған мата; 2. «жол-жол болып келген мата», құлпы – «кездеменің бір түрі» сияқты бұрынғы атаулардың қазіргі тілімізде шыңында да бар екендігін айғақтайтын мысалдар молшылық. Бұлардың көпшілігі «Қазақ тілінің аймақтық лексикасы» атты еңбекте [5] аталған (Сарыбаев, Нақысбеков, 1989, 54-55 бб.).

Бұл мата атауларының біразы көпшілікке белгілі. Мәселен, ақ сүп атауы, жергілікті сөз қатарына жатқанмен, кең таралған. «Жібек», «мақпал», «шыт», «сиса», «шұға» атаулары да исі қазаққа кеңінен танымал.

Енді осы жоғарыда келтірілген атаулардың қазақ тілінің үлкен түсіндірме сөздіктеріндегі берілісін көрелік. «Борлат» сөзі қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде (3-том, 488-б.): Қызыл түсті жұқа мата. Ақ үйдің оң жағында бәтеспен қаптап, манат, борлат, қызыл мақпалмен оймыштаған әсем отау түр (І.Жансүгіров, Шығ.). Құтты болсын отауың, Атын «қызыл» қойыпсың. Дөдегесін дүрдитіп, оған б о р л а т ойыпсың (І.Жанс. Шығ.). Борлаттай қызарып кетті...» – түрінде келтіріледі [6]. 1897 жылғы сөздікте «низкий сорт коленкора», «красный кумач» деген анықтамалар беріледі. Орыс әдеби тілінің 17 томдық түсіндірме сөздігінде: «Коленкор – хлопчатобумажная, сильно проклееная ткань одноцветной окраски, употребляемая преимущественно для книжных переплетов и подкладки у одежды. Коленкоровая рубаха. Коленкоровые кофты; Кумач – хлопчатобумажная ткань, обычно ярко-красного цвета: ситцы есть у нас богатые, есть миткаль, кумач и плис. Кумачные сарафаны. Красная кумачная рубаха [7]. Бұл матаның, әсіресе, Кеңес Одағының «қызыл империя» атанған большевиктік кезеңінде жиі қолданымда болғаны белгілі. «Қызыл отауда» қолданылғаны туралы жоғарыдағы мысалда айтылған. Түрлі энциклопедиялық сөздіктердің, соның ішінде «Брокгауз-Ефрон» сөздігінің мәліметі бойынша, аталмыш мата Ресейде көптеп шығарылған. Қазақстан Ресей құрамына енген соң бұл матаның елімізде қолданылуы еселеп артқан.

Өткен ғасырларда Орта Азия базарларында «бояқ» деп негізінен мата бояйтын бояуларды атағаны мәлім. Оны өзбек тілінің сөздіктерінен де байқаймыз: «Бўёқ – 1. Бўяш, ранг бериш учун ишлатиладиган модда; нарсаларга суртилган шундай модда қатлами» [8]. Алайда, қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме

сөздігі бояқ сөзіне: «түрлі-түсті кездеме. Бұл жібердім базардың бояғы менен бөзіне. Салса жылқы тоқтайды Арқаның бөрі көзіне (Қоб. батыр). Қаршыға бүй деп толғайды: Бөз өтпейді бояқтан, жылқы тұрмас саяқтан (Қыз Жібек). Көпкеңбек жасыл бояқтай... (3-том.517-б.) – түрінде түсіндірме береді. Демек, негізінен мақтадан алынып тоқылатын бөз матаның осындай боялған түрлері болған. Жоғарыда келтірілген мысалдар осыған меңзейді. Әуел бастағы бояудың атауы бірте-бірте боялған бөзге ауысқан. «Қобыланды батыр» жырында бояқ, яғни бояу мен мата атауы ретіндегі бөз қатар аталып отыр. Демек, бояу мен мата бөлек-бөлек сатылып алынып, кейін боялуға тиесілі мата боялатын болғандығы байқалады. «Қыз Жібек» жырында боялған бөздің боялмаған ақ-сарғыш түсті бөзге қарағанда бағалы болатындығы айтылып отыр. Ал енді «көпкеңбек жасыл бояқтай» деген жолдарда бөздің боялатын бояуларының арасында негізгі түстің көк түс болғандығын көреміз. В.В. Радлов сөздігінде қазақ сөзі ретінде келтірілген бояқ атауына «голубая бухарская даба» (IV, 2, 1657) деген анықтама берілген. Демек, бөз матаға қатысты бояудың негізінен көк түс болғандығы айқындалып отыр.

Қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде: «Бөз 1. Мақтадан тоқылатын жұқа, арзан қолды ақ мата. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді» деп, Байжан өзі тәуір болған соң, қол жетіп тұрған заманда бір бай жерден Жұманға жақсы қыз айттыруға ойы бар еді (М. Дулатов, Шығ.). 2.этн. Қайтыс болған адамға арналып тігілетін киім; кебін» (3-т. 532-б.). «Бөз» атауы – түркі тілдерінің көпшілігіне тән. Бұл сөз араб-парсы тілдерінен енген. Бұл сөз кейінірек мата атауы ретінде орыс тіліне де өткен. Орысша «бязь» деп аталады. Алайда, орыс тіліндегі «бязь» екі түрлі жолмен жасалады. Яғни екі түрлі сапалы матаның атауын білдіреді. Біріншісі – жоғарыда аталған, мақтадан жасалатын ортаазиялық мата (өткен ғасырларда қазақ елінде негізінен осы мата, мақта жіптен қол станогында тоқылатын, орта азиядан шыққан, көбінесе Самарқан, Бұқара жақта тоқылатын бөз пайдаланылып келген). Екіншісі – кендірден тоқылатын қатты мата. Бұл мата өндірістік жолмен Еуропа елдерінде, Ресейде орта ғасырлардан бері тоқылып келеді. Бөздің бұл түрі, әрине, сауда жолымен Ресейден алынып келген. Суретшілер бояумен сурет салу үшін пайдаланатын кенеп бөз – осы мата.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Берен – ир. 1. Қымбат, асыл мата. Байдың қызы жамылар масаты менен беренді (Батырлар жыры). Берен белбеу – қымбат, бағалы, асыл матадан жасалған белбеу. Көк мәуіті берен белбеулері аттарының тірсегіне шұбатылады (К.Әзірбаев, Аңыз)». 1897 жылғы қазақша-орысша сөздікте берен – мақпалдың (барқыттың) ең бағалы, қымбат түрі ретінде аталған. Түсіндірме сөздіктегі мысалдан береннің асыл тегі мауыт(ы) екені білініп тұр. 15 томдық түсіндірме сөздіктегі мауыт(ы) сөзінің берілісі төмендгідей: «Мауыт зат. Оң жағы майда түкті келген, бағалы саналатын қалың мата, шұға. Жасыл мауытпен жабылған үлкен столдың ар жағында... (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). // Мауыттан тігілген. Алтын зер салсам жарасар, қара мауыт жағаға Арғымақ жексем жарасар Күймелі күміс шанаға (Бес ғасыр жырлайды). Мауыт бешпет... Мауыт қалпақ... Жасыл мауыт шапан. Қызыл мауыты» (11-т. 105-б.). Жоғарыда «байдың қызы жамылар масаты менен беренді» деген мысалдағы «масаты» туралы айтар болсақ, қазақтардың түсінігінде, бұл сөздің мағынасы жұмсақ түкті барқыт, жібек матаға келеді. «Қазақ әйелдерінің үстінде масаты ма, жібек пе, шағи ма ...әйтеуір, бәрі жарық-жұрық етеді» (С.Шарипов, Шығ.). Бір сөздікте бұл сөздің төркінін араб тіліне апарып тірейді де, мағынасын – «түгі құбылып, түрған барқыт тәрізді мата» деп түсіндіріледі [9]. Бұл ретте біз К.К.Юдахин тарапынан түзілген «Қырғызша-орысша сөздікте» келтірілген деректерді қолдаймыз. Бұл туралы алғаш рет белгілі ғалым Ә.Нұрмағамбетов жазған болатын. Ғалымның айтуы бойынша К.К.Юдахин өз сөздігінде «машаты» сөзінің кірме сөз, иран сөзі екендігін белгілейді де, «килем» сөзін қарауды нұсқайды. Нұсқаған беттен «машаты килем» тіркесін көреміз де оның тұсындағы аудармасы – мешхедский ковер делінген [10]. Енді осындай ой елегінен өткізсек, біздің «масаты» түлғасында қолданылып жүргеніміз дыбыстық өзгерістерден өткен сөз, Иран жеріндегі Мешхед қаласының атауы болмақ. Демек сол қаладан жасалып шыққан кілем, маталардың алдында Мешхед сөзі қосылып, кейін келе біздің тілімізде «масат – масаты кілем» немесе «масаты» күйінде қалыптасып кеткен. Осы себептен де оның араб емес, парсы сөзі екендігіне күмән келтіре алмаймыз [11]. Мақпал жөнінде қазіргі қазақ тіліндегі және XIX ғасырдағы қазақ арасындағы атауларды өзара салыстырып көрелік. Қазіргі түсінік: «Мақпал – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. Мақпалдың үш түрі бар: қара мақпал – қара барқыт; қой мақпал – түкті пүліш; қырмызы мақпал – қызыл күрең барқыт. Бірақ қазақтар мақпал деп көбінесе біртегіс, түгі тықыр қара барқытты атаған. «Мақпалдай қара, мақпалдай жұмсақ» дейтін теңеудің мәні осында. Мақпалдан қамзол, шалбар, қыз-келіншектердің киімі тігіледі, түскиіз жасалады, баскиім тысталады» [1]. Қазақ тілінің 15-томдық түсіндірме сөздігінде: «МАҚПАЛ

[пр. لم خم] 1. Тығыз тоқылған түкті әрі жұмсақ, қалың мата, барқыт. Пан барқыт – жібек жіп араласқан әртүрлі оюлы гүл төгілген барқыт. Пан барқыт көйлек киген. Плюш барқыт. Үзын түкті барқыт. Ешкінің кейбір тұқымдарының жүнінен плюш барқыт, т.б. әдемі киімдер істеледі (Тарту). Ши барқыт. [Кеңірдек барқыт]. Кеңірдек жүзігіне үқсас ши бедерлі барқыт» деген түсінік беріледі (11-том, 21-б.). Осы сөздіктің 2-томында: «БАРҚЫТ 1. Оң жағы тығыз түкті келген, жұмсақ, мақпал мата» анықтамасы беріледі. Бұл түсініктерден нені ұғуға болады? Шындығында, орыс тілінде мақпалды бархат деп атайды. Орыс тіліндегі осы сөз кейін барқыт түрінде қазақ тіліне де ауысқан. Мақпал атауымен қатар қолданылады. Синоним сөздер ретінде. Орыс әдеби тілінің 17 томдық сөздігінде барқыт сөзіне «оң беті қалың қысқа түкті жібек мата» деген анықтама беріледі. Барқытты маталар құрамына мақпал, пүліш, піліс жатқызылады (Орыс әдеби тілінің сөздігі, 1-том, М-Л., 1948, с.285-286.). «Барқыт» сөзінің орыс тілінен алынған кірме сөз екендігі ескеріліп, сөздік мақалада анық, айқын көрсетілуі керек. Қазақ тіліндегі мата атаулары санамаланған кезде барқыт сөзі мақпалмен қатар, жеке мата атауы ретінде қолданылып келеді. Бұл жалғыз қазақ тіліне тән жағдай емес, татар, қырғыз тілдерінде де осылай. Мақпалдың бір түрі ретіндегі шибарқыт сөзіне 15-томдық түсіндірме сөздіктің 15-томындағы 360-бетте: «Шибарқыт – бет жағы жол-жол болып келген барқыттың бедерлі түрі. Шалбарды барқыт, пүліш, шұға, тібен, трико, шешінше, шибарқыт, шегрен, қамқа, көк мауыты сияқты ширақы маталардан, қой-ешкі терілерінен тігеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері)» деген анықтама беріледі. Өзге түркі тілдеріндегі материалдарды салыстыра қарастырған кезде, бәрінде де шибарқыт сөзі орыс тіліндегі вельвет сөзінің баламасы ретінде ұсынылады. Негізінен, бұл матаның жол-жол болып қатар тоқылған шилерге үқсастырылып, шибарқыт аталуы өте дәл болған. Барқыт сөзінің орыс тілінен енгендігі анық, айқын көрсетіліп келеді. Алайда, бұл сөздің панбарқыт, шибарқыт тәрізді аталымдарға негіз болуы – оның тілдік жүйемізде ежелден бері орын алып отырғандығынан хабар береді. Сірәда, бұл сөз орыс тіліне түркі тілдерінен алынып, кейін түркі тілдеріне қайыра енген атаулардың бірі болуы ықтимал.

Жоғарыда, мақпал сөзіне қатысты қазақ әдеби тілінің 15-томдық сөздігінен келтірілген мысалда бұл сөздің қазақ тіліне парсы тілінен енген кірме сөз екендігі көрсетілген. Басқа түркі тілдеріне де енген. Татарша – макмал, қырғызша – макмал, өзбекше – бахмал. Өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде (1-том, 85-б.) бұл сөздің өзбек тіліне фарси-тәжік тілдері арқылы енгендігі, арғы төркіні араб тіліндегі мухмал сөзі болып табылатындығы көрсетілген.

Жалпы мақпал текті маталардың түр-түрлері көп-ақ. Солардың ішінде ең негізгілері: шибарқыт (вельвет), пүліш (плюш), мауыты (велюр). Қой мақпал деген де осы мауытының өте нәзік ерекше майда түрі болу керек...

«Қамқа» атаулы матаға жоғарыда Б.Хинаят пен А.Сужикова құрастырған еңбекте «алтындатқан не күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата» деген түсінік беріледі. 15-томдық түсіндірме сөздікте: «ҚАМҚА [ир. اخمک] Зерлі жіптен тоқылған жібек мата, қытай жібегі» (9-т. 183-б.) деген анықтама бар. «Қазақша-орысша сөздікті» құрастырушылар (Н.И.Ильминский, т.б.) қамқаның қазақ арасында ескіден бері қолданылып келе жатқан сөз екендігін, қытайдан шыққан, таза қытайы жібек матаның атауы екендігін айтады. Екі анықтаманы біріктірсек, «алтындатқан не күмістеткен зерлі жіптен тоқылған қытайы жібек мата» болады. Және де бұл матаның қазақ даласында ескі замандардан бері қолданылып келе жатқандығын, сауда жолымен, «ұлы жібек жолымен» келген қытайы жібек мата екендігін ескеру керек. Бұл өте маңызды ақпар. Жібектің әуел баста осы Қытай жерінде шығарыла бастағандығы, кейін Иран жерінде, жалпы Орта Азияда, түт ағашы өсетін басқа да жерлерде шығарыла бастағаны анық. Жоғарыда қамқа атауымен қытайы жібек матаның аталып отырғандығына басты назар аудару қажет. 1897 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Киргизско-русский словарь» атты еңбекте қойқын атауына қатысты «койкун – концевая китайка, койкун шыт – набивная китайка, біз койкун – московская бязь» деген деректер беріледі. Бұл жерде матаның негізінен екі елден алынып отырғандығы көрсетіліп отыр. Ежелден бері қытай елімен сауда-саттық жасап келген қазақтар (қойқын, қойқын шыт), кейінгі ғасырларда орыстармен сауда жасай бастаған (бөз қойқын).

Қазақ тіліндегі шыт сөзінің асыл негізі араб-парсы тілдері екендігі айқын. Б.Хинаят, А.Сужикова тарапынан құрастырылған «Қазақ халқының ұлттық киімдері: мата түрлері» атты еңбекте жібек маталар арасынан «қатипа» атауын кездестіреміз. Енді бір жерде бұл атау «барқыттың бір түрі» ретінде аталған. Бұл қандай атау? Матаның аты ретінде қалай қойылған? Қазақ тілінің 15-томдық түсіндірме сөздігінде де бұл атау бар екен: «Қатипа [ар.هفيطق] зат.этн. Барқыт сияқты жатық түсті тығыз тоқылған мата. Әйелдер ішігінің сыртын қаптайды. Төзімді, мықты мата. Қатипа тақия..» (3-том, 462-б.). Қазақ

тілінде сиса деген матаның атауы бар екендігі белгілі. Жаяу Мұсаның белгілі әндерінде «Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса, Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса? Шорманның Мұстафасы атымды алып, Атандым сол себептен Жаяу Мұса» тәрізді жолдар бар. Қазақ жерінің солтүстік көршімізбен тығыз сауда-саттық жасайтын өлкелерінде орыс тіліндегі «ситец» сөзі қазақша қолданыста әуелі «ситса» болып кейінірек «сиса» атауына айналып кеткен. Бұл айқын байқалып тұрады. Алайда, қазақ тілінің тарихи сөздіктерінде түп төркіні анық байқалмайтын атаулар да жетіп артылады. Мәселен, өлгөй, саңқой, далымбу, мәулім, насар, дімсә тәрізді қытай, парсы, араб тілдерінен бір мезет еніп, қатталып қалған атаулар бар. Жоғарыда келтірілген «Қазақ халқының ұлттық киімдері: мата түрлері» атты еңбектің өзінен қаншама алуан түрлі, түсіндірмені қажет ететін атауларды көреміз. Бұлар қай дәуірде, қай кезеңде кірді? Олардың сырын ашу қажет. Сондай-ақ «матаның бір түрі», «жібектің бір түрі», «барқыттың бір түрі» тәрізді анықтамаларды нақтылау қажет болмақ. Осылардың барлығын анықтап алған соң мата атауларының негізгі, канондық аталымдарын белгілеп, оларды заманауи графикамызға, латын графикасына негізделген жазуымызға көшіру – уақыт талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРТ ТІЗІМІ:

1. Қазақ халқының ұлттық киімдері: мата түрлері. Құрастырған: Б.Хинаят, А.Сужикова. Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 196-197 бб.
2. Киргизско-русский словарь. Оренбург, 1897. 342 с.
3. Киргизско-русский и русско-киргизский словарь. Ташкент, 1883.
4. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречии. В четырех томах, 8-ми книгах. СПб, 1883-1906.
5. Сарыбаев Ш.Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы, 1989, 54-55 бб.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-томдық. Алматы, 2011.
7. Современный словарь русского литературного языка. В 17-ти томах. М-Л., 1956, т.5 с.1145; с.1833-1834.
8. Ўзбек тилининг изоҳли луғати. 1-том. Ташкент, 2006. 396-б.
9. Арабско-русский словарь, 1-том, М.,1970, с.85.
10. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. Фрунзе, 1965. С.386, 520.
11. Нұрмағанбетов Ә. Бес жүз бес сөз. А., 1994. 203 б.

Итемирова А.С.
аға оқытушы
тіл пәндері кафедрасы
Қазақстан-Ресей медициналық университеті
E-mail: akmaral.itemirova@mail.ru

Дәрменқұлова Р.Н.
ф.ғ.к., доцент
тілдік пәндер кафедрасы
Үлттық медицина университеті
E-mail: rainur70@mail.ru

Серікқалиева А.Қ.
оқытушы
тілдік пәндер кафедрасы
Үлттық медицина университеті
E-mail: aiman-serikkalieva@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМ МЕН ЕТІСТІКТЕН ҚҰРАЛҒАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЖҰМСАЛУЫ

Түйін: *Мақалада сан есімдер мен етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған сөз тіркестердің жұмсалуы (қолданылуы) қарастырылады. Сондай-ақ, сан есімдер мен етістіктердің тіркесуіне мысалдар келтіре отырып, олардың бір-бірімен мағыналық қатынастары айтылады.*

Резюме: *В статье рассматривается применение словосочетаний числительных с глаголом. Также на примерах данных словосочетаний рассматривается их смысловая связь друг с другом.*

Summary: *This article discusses the use of phrases created by a combination of numerals and verbs. They also connect together the meanings of numerals and verbs in combinations with examples.*

Біз қарастыратын грамматикалық категориялардың бірі – сөз тіркестерінің синтаксисі. Түркі тілдерін зерттеушілердің ішінде Н.К. Дмитриевтің, Н.А. Баскаковтың, әсіресе Е.И. Убрятова мен М.Б. Балақаевтың сөз тіркестері жайында жазғандары елеулі еңбек болып есептеледі.

М.Б.Балақаев сөздердің өзара тіркесу зандылығының қалыптасуына тарихи түрғыдан қарау керек екендігін көрсетеді. «Современная система словосочетания представляет собою результат длительного развития языка. Она создается в процессе исторического развития языка в связи с историей употребления слов. С обогащением лексического состава и усовершенствованием синтаксического строя языка расширяется и возможности сочетаемости слов. Чем больше слова выступают в контакт с другими словами, тем ярче выражается их социальная функция» – дейді.

Осы пікірдің дұрыстығын санды білдіретін сөздердің басқа сөздермен тіркесу қабілетінің артуынан да байқауға болады.

Сан есімдер заттарға қатысты болғандықтан, олар – зат есімдермен тіркесетін сөздер. Онда олар барлық зат есімдермен емес, санауға болатын заттармен тіркеседі де, санауға болмайтын абстракты зат есімдермен жапа тармағай тіркесе бермейтіні белгілі.

Сонда да сан есімнің көбінесе тіркесетін сөзді зат есім деп есептейміз. Өйткені сан есім мен зат есім тығыз мағыналық байланыста айтылады. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, тіл дамуының нәтижесінде оның байланысы тек затпен шектелтіп қоймай, етістікпен де тіркесетін болған. Сонда сан есім пысықтауыштық қатынаста қимыл процесін сандық сапа түрғысынан пысықтайды.

Сан есімдер мен етістіктердің тіркесі тіл ғылымында бұрында айтылатын және ондай тіркес V-VII ғасырдың ескерткіштері Орхон-Енисей жазуларында және Махмуд Қашқарийдің «Девони Луғоит турк» сөздігінде кездеседі. Бірақ ол құбылыс түрік тілдерін зерттеушілердің арнайы зерттеуінің объектісі болған емес. Сондықтан бұл мәселе қазақ тіл білімінде өз шешуін таба алмай келеді. Қазақ тілі синтаксисі жөнінде кітаптар жазған Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, С. Жиенбаев сан есімдердің мүшелік қызметін тиіп-қашып айтқанымен, етістікпен тіркесу ерекшеліктерін ауызға алмайды.

Сан есімдермен етістіктердің тіркесуі туралы алғашқы мағлұматты М.Б. Балақаевтың «Основные типы словосочетаний в казахском языке» (1957) деген кітабынан алуға болады. Онда сан есімдер етістікті сөз тіркестерінің құрамында айтылып, оның бірқыдыру ерекшеліктері сөз болды және олар байланысу формасына қарай екіге бөліп қарастырылады.

1. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері.

2. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері.

Мүндай сөз тіркестерінде сан есім оның бағыныңқы сыңары ретінде пысықтауыш, не толықтауыштық қатынаста жұмсалатыны көрсетіледі.

Сан есімдер етістіктермен меңгеріле байланысқанда, олар заттық мағынаға ие болады. Бірақ қанша заттық мағынаға ие болғанымен, олар өзінің сандық мағынасынан біржола ажырап қалмайды. Оларда әрі заттық, әрі сандық ұғым болады. Сан есім субстантивтенгенде, ол әдетте өзі тіркесетін заттың орнында жұмсалатын болады. Оның қандай зат екені сан есімнің лексикалық мағынасынан белгілі болып тұрады.

Шылаулар белгілі септік жалғауындағы сан есімді меңгеріп, біріншіден, оның грамматикалық мағынасын толықтыра, үстемелей түседі, екіншіден, сан есімді етістікпен мағыналық және тұлғалық байланыстырушылық қызмет атқарады. Шылаулар барлық септік жалғаулы сан есімдерге жалғана бермей, тек барыс, шығыс кейде жатыс септіктеріне ғана тіркеседі. Осыған байланысты олар мынадай топқа бөлінеді: 1. Дейін, шейін, тарта, жуық, таман т.б. шылаулар барыс жалғаулы сан есімді меңгереді. 2. Кейін, соң, бұрын, әрі, бері, гөрі, соң, аса т. б. шылаулар шығыс жалғаулы сан есімді керек етеді.

Шылаулар толық мағыналы сөздерге көмекші қызмет атқара отырып, жалғанған сөздеріне мезгілдік, кеңістік, бағыттық, мақсаттық, себептік, т.б. мағыналық реңктер береді. Осыған байланысты олар сөйлемде әрі толықтауыштық, әрі пысықтауыштық қатынаста қолданылады.

Сан есімдер етістікпен екі түрлі тәсіл арқылы байланысады: аналитикалық және синтетикалық.

Синтетикалық жолмен байланысқан сан есімді сөз тіркестерінде бірінші компонент екеу немесе одан да көп болған жағдайда олардың әрқайсысы басыңқы мүшемен тікелей байланысады. Байланыстың бұл түрін жарыспалы байланыс деуге болады. Мысалы: Ал, саған үшті беске айырбастағанша ойын жоқ, бар үйге (Ғ. Мұстафин, «Миллионер»). Осында жарыспалы байланысты мына үлгімен берсек былай болады:

Үшті айырбастау беске

Сонымен, қорыта айтқанда сан есімдер екі түрлі сөз тіркесінің құрамында айтылады. 1.Сан есімдердің зат есімдермен тіркесі. Бұл кезде сан есімдер заттың сандық жағын көрсетіп, онымен қабат тұрып, анықтап қабыса байланысады. 2.Сан есімдер етістікпен тіркеседі. Бұл кезде сан есімдер алшақ (меңгеріле байланысқанда), не қатар (әрі қабыса, әрі меңгеріле байланықанда) келе береді.

Енді сан есімдердің етістікпен байланысудағы мағыналарын қарастырайық.

І. Қабыса байланысу. Сан есімдердің етістіктермен қабыса байланысуы өте мол ұшырайды. Бұл кезде сан есім бағыныңқы, ал етістік басыңқылық қызмет атқарады. Сан есімдер етістікпен екі түрлі жолмен қабыса байланысады.

1) Сан есімдер етістікпен тікелей байланысады. Мысалы: екі алды, үш кесті. 2) сан есімдер түрлі қосарлы сөздер арқылы барып тіркеседі. Ондай сөздер мыналар: дүркін, мәртебе, қайтара, шамалы, қабат, есе, рет т. б.

Кез келген етістік барлық есімдерге бірдей басыңқылық қызмет атқара бермейді. Мысалы: кейбір жан-жануардың үндеуін білдіретін «шулау», «мөңіреу» т.б. етістіктері сан есімдермен тіркеспейді. Еш уақытта қазақ бес мөңіреді, он шулады деп айтпайды. Сол сияқты кісінің, заттың сындық құбылыс күйін білдіретін «ұзару», немесе кісінің көңіл күйін білдіретін «ыңқылдау» етістіктері де сан есімдермен тіркесе бермейді. Қазақша жалпы бес ұзарды демейді. Көбіне бес қарыс, бес сүйем ұзарды деп қана айтуы мүмкін. Жалпы бұл көрсетілген етістік мағыналарына қарап, жан-жануардың үндеуін, кісінің заттық, сындық құбылыс күйін немесе кісінің көңіл күйін білдіретін етістіктер сан есімдермен мүлдем тіркеспейді деген сөз шықпайды. Бұл жоғарыда көрсетілген етістік топтарының ішінде күлу, жылау, жоқтау т.б. сан есімдермен еркін тіркесе береді. Мысалы: Он күлді, он жылады, үш тоқтады, т.б. Бірақ мүндай жағдайлар қазақ тілінде некен-саяқ кездеседі. Сондықтан сан есімдер кісінің, заттың күйін білдіретін етістіктермен жалпы тіркеспейді деуге болады.

Сан есімдер мен етістіктердің тіркесу қабілетін айтумен бірге, олардың бір-бірімен мағыналық тобын да ашу керектігі айқын. Олар (сан есім мен етістіктер) бір-бірімен тіркескен кезде қимылдың

шегін, бөлшегін, мөлшерін және қимылдың қайталануын білдіруі мүмкін. Енді осыларды мысалдармен көрсетелік.

Батырлар сол бетімен он төрт қонып,
Қара Ертіс жағасына барды жетіп.
Осы жерде екі – үш күн тынығысып,
Қарауылдан қаламақты түрды күтіп.

(И. Байзақов)

Жималы төсегін үш бүктеді де, қабырғаға сүйей салып, далаға шықты.(С.Шәймерденов, Мінез). Біраз жер жүрген соң, сүрлеу екі айырылды. (XVIII-XIX ғасыр қазақ ақындарының шығармалары). Аздан соң аспанға бір қарады да, өзінің қауіпсіз жерге орналасқанына масаттанғандай бір жылмың етіп, таяу жатқан бір бұтақты тізесімен төрт бөліп, оттың үстіне тастай салды. (Ә. Әбішев, Тандамалы шығармалары). Қарға баласына: «Адам баласы біздің дүшпанымыз, сақ болындар, екі шоқып, бір қараңдар, бір шоқып екі қарағанда аштан өлеміз бе?» деген. (Қазақ ертегілері). Екі сүріндік. Екі сүрінудің керегі не? (Ғ. Мүстафин, Миллионер). Құлқын сәріден әкеліп байланған биені күніне он сауамын (М. Әуезов, Абай).

Бұл-дағы кәдімгіше ышқынады,
Жұлқынып әлдекімге күш қылады.
Шашақтан айырылған соң алжыған ба,
Үш күліп, минутына үш жылады.

(Х. Ерғалиев, Құрманғазы)

Молда өзін бір алдайды, өзгені екі алдайды. (Қазақтың мақал-мәтелдері). Абай үй-ішінің сүйсініп тындағанын байқап, әнін үш қайырып айтты (М. Әуезов, Абай).

Сан есімдердің түрлі қосарлы сөздер арқылы келген түрлерінің де өзара айырмашылықтары барлығы байқалады. Бұлар да етістікпен жапа-тармағай байланыса бермей, тек табиғи мағыналық жақындығы бар сан есімдер мен етістіктер ғана тіркеседі. Мұндай күрделі сан есімдердің бір өзгешелігі етістік тіркескенде әртүрлі алшақ және қабат түрып байланысуында. Әсіресе «рет» сөзімен келген сан есімдердің етістікпен тіркесуде аясы кең. Ал басқалары адамның, не басқа заттың қимыл әрекетіне байланысты хабарлауға, кейбір адамның көңіл күйіне байланысты етістіктермен ғана тіркесе алады. Жалпы олар әртүрлі мағынада жұмсалады.

1.Рет, дүркін, мәртебе, қайтара, қабат, сөздері сан есімдермен қосарласып келіп, етістікті сөз тіркесі құрамында қимылдың дүркінділігін білдіреді. Мысалы: – Тақсыр, менің өндірмесіме қойды ма? Жеті рет жыртып, жеті рет тырмалап, әбден есімді тандырды. (Қазақ ертегілері). Мен санап түрдым, бастық үш рет есінеді. (Ғ.Мүсірепов. Қазақ солдаты). Ақырында екінші дүркін сең де жүріп өтті. (С. Голубов. Үшқыннан жалын). Сайран мұндай сөзді басқалардан күніне мың қабат естісе де, елемеуші еді, дәл Олжайдан естігеніне қатты қорланып, түтігіп кетті. (Ә. Әбішев, Таңдамалы шығармалары).

Ал сан есімдер «есе» сөзімен қосарланып, етістікпен тіркескенде қимылдық сандық түрғыдан даму дәрежесін білдіреді. Мысалы: Түрқы ұзын, бойы биік, қара көк екі есе көркейген (М. Әуезов, Абай).

II.Меңгеріле байланысу. Сан есімдер етістікпен меңгеріле байланысқанда табыс, барыс, шығыс, жатыс және көмектес септіктерінің бірін қабылдайды.

1.Табыс жалғаулы сан есім. Табыс жалғаулы сан есімдер сабақты етістіктермен тығыз байланысты. Олар да мағыналарына қарай әрі толықтауыштық, әрі пысықтауыштық ыңғайда қолданылады.

Пысықтауыштық қатынастағы сан есімдерді кісінің қабылдау әрекетін білдіретін (күлу, қусыру), түрлі заттардың қимылын білдіретін етістіктер меңгереді. Ол кезде олар қимылдың аралық шамасын көрсетеді. Мысалы: – Ендеше, Шығанақ 60-ты құсырып тастады (Ғ.Мүстафин. Шығанақ). Қанша айтқанмен оның жасы сексенді алқымдаған шал емес пе? (Н.Баяндин. Ертістің арғы жағы, бергі жағы) Сағат таңертеңгі жетіні соқты. (С. Голубов, Үшқыннан жалын). Бұрын сағатына сексен –тоқсанды қойып айдайтын жеңіл машина, қазір көп жерде жиырма-отызды да айдай алмайды (С.Мұқанов. Тыңда туған байлық).

Сан есімдер толықтауыш мағынада қолданылғанда, кісінің қимыл-әрекетін, көңіл-күйін т.б. білдіретін етістіктерді меңгеріп қимылдың жиынтығын білдіреді. Мысалы: Басшысы бастай білсе, он кісі жүзді жеңеді. (Қазақтың мақал-мәтелдері). Бірді күлдіріп, бірді жұлдырып айтады десек те, табатынды таппаппыз да. (М. Әуезов, Абай жолы).

2. Барыс жалғаулы сан есім. Барыс жалғаулы сан есімдер әрі пысықтауыштық, әрі толықтауыштық қатынаста жүмсалады. Барыс жалғаулы сан есімдерді адамның қимыл-күйін, жуықтау, кейбір психикалық құбылысты білдіретін, айуанаттардың өсу қалпын, сол сияқты түрлі заттарға байланысты үміттену, талпыну, аяқтау, тұжырымдауды білдіретін т. б. көптеген етістіктер меңгере алады.

Ол кезде олар қимылдық бағытын, мақсатын, орнын біреуге арналуын, мезгілін, жылдамдығын т.б. айқындайды. Мысалы: Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді (М.Әуезов. Абай). Нешедесің ол да келіншек? – Отызға шығамын (Ғ. Мүстафин. Шығанақ). Бұл үшеуі еншілерін бір-бірінен алып, бөлек тұрайын десе, жалғыз өгізді үшке бөле алмайды (Қазақ ертегілері).

Ханбибі сұлу қыз шаш тарап,
Ажарын бір өзінің мыңға балап

(Батырлар жыры)

Өйткені кегендіктер 1965 жылы қой басын үш жүз мыңға жеткіземіз деген міндеттеме алып отыр (С.Шаймерденов. Мінез). Бастауыш кластардағы 136 баладан оқу жылын 54 бала тек «5» пен «4» ке бітіріпті. («Қазақстан мұғалімі»). Он айдан бері артта келе жатқан участкені жүз елуге бір шығардым. (Ә.Әбішев. Таңдамалы шығармалары). Екі оқтан аман сақтаймын, үшіншіге келгенде сыртынан баққан бабаң бар. (Батырлар жыры).

Сол сияқты, жатыс жалғаулы сөздер кейде барыс жалғауы арқылы да беріле беретін жағдайлар бар. Мысалы: Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, таңғы сегізде тұрып, тоғызға қызметке кетіп, содан кешке мүзды аяқ болып бір-ақ оралып жүргенімді өзіңіз көрмедіңіз бе? (С.Шәймерденов, Мінез). Бұл жерде «тоғызға» барыс жалғаулы сан есімі негізінде жатыс жалғауындағы сөздің мағынасын білдіріп тұр.

3. Жатыс жалғаулы сан есімдер. Жатыс жалғаулы сан есімдер етістіктермен жай және тәуелді күйінде де келіп тіркеседі. Бұлар да мағыналарына қарай толықтауыштық және пысықтауыштық қызметте қолданылады.

Жатыс жалғаулы сан есімдерді қимыл әрекетке, кісінің көңіл күйіне, кездесуге, қабылдауға т.б. мағыналарға байланысты етістіктер меңгеріп, олар қимылдың басталу, аяқталу мезгілдерін, қимылдың мекенін т.б. мағыналарды білдіреді. Мысалдар: Түскі сағат екі де Тривандрумға жеттік. (М. Әуезов. Индия очерктері).

Не керек қайраты жоқ қолдан келер,
Қоңсылы күл секілді дөңгеленер.
Отызда ойнақтаған бозбала әні,
Дейтін жұрт күн бар ма екен өлім берер.

(И. Байзақов)

Тоғызымда толғанмын, ат секілді болғанмен (Батырлар жыры).

4. Шығыс жалғаулы сан есімдер. Шығыс жалғаулы сан есімдерді де сабақты етістіктер меңгереді. Олар қимылдың шыққан орнын, мөлшерін, үлес мөлшерін, көлемін, қимылдың басталу, аяқталу мерзімін, шегін т.б. қолданылады.

Шығыс жалғаулы сан есімді айуанаттарға байланысты иемдену, таныту, жан-жануардың үндеуін сол сияқты топтау, қабылдау, бірігу, даралау, қарау т.б. мағынадағы етістіктерді меңгереді. Мысалы: Көкек еліне, Тобықтының он бес кісі жуандары, түйе бастатқан тоғыз-тоғыздан айып тартады (М. Әуезов. Абай жолы). Үш мыңнан отырғызып кемеге екі, теңізбен «тәуекел» деп кетіп қалды («Рүстем-Дастан»).

Мен шолақ атқа мініп жалындадым,
Орысқа, қазақ түгіл, жалынбадым.
Мәстекті мен отыздан айдасам да,
Бір тиын ақша салып жарымадым.

(XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары)

Өйткені биік кеуде түсында шоқпарланып жүз-жүзден үйілісіп өсіп түрған көкшіл, жылтыр жаңғақтары бар. (М.Әуезов. Индия очерктері). Сағат тоғыз болмаса да, айтулы сегізден асты. (Ә. Әбішев. Таңдамалы шығармалары). – Екі айтқанды ұнатпайтын едім, – деп Шығанақ жымыңдап қойды. Осы шіркін жүзден асып кеткен сияқты. (Ғ.Мұстафин. Шығанақ).

5.Көмектес жалғаулы сан есімдер тек салт етістікпен ғана тіркесіп қоймай, кейде сабақты етістіктермен де тіркесе береді. Мысалы: «алысу» етістігі тек салттық қызмет атқарса, «бітіру» етістігі әрі салттық, әрі сабақтық қызметті атқара береді. Сондықтан беспен бітірдім, бесті бітірдім болып қолдана береді. Жалпы көмектес жалғауындағы сан есімдер басқаларына қарағанда аз кездеседі. Олар көбіне бірлестік, құралдық т.б. мағыналарда қолданылады. Бұларды біріктіру, аяқтау сияқты кісінің қимыл әрекетіне байланысты етістіктер меңгереді. Мысалы:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақпын оны да ойла,
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма

(Абай).

«Батыр күны бір оқтық» бұрынғы айтқан,
Аянбай алпысымен салысалық
(Батырлар жыры).
Міне жеті жылдығыңыз саңлауы жоқ беспен бітірдім.
(Ғ. Мұстафин. «Қазақ солдаты»)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балақаев М.Б Структурные особенности словосочетания в тюркских языках, (Казахский Государственный Университет им. С.М.Кирова к сороколетию республики, Сб. статей, Алма-Ата, 1961, 407 стр.)
2. Сауранбаев. Н. Қазақ тілі. Педучилищеге арналған. Алматы, 1944 ж.
3. Аманжолов.С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы.Алматы, 194 0ж.
4. Жиенбаев. С. Синатаксис мәселелері. Алматы, 1939 ж.
5. Балақаев. М. Б. Қазақ тілі грамматикасы. 1949, 7-14 бб.
6. Аманжолов С., Әбілқаев А., Үйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы.2 бөлім, 1962 ж.

UDC 82-31

Ybyraikyzy G.
2nd year PhD student
Al-Farabi Kazakh National University

Ozarslan M.
professor of Turkish folklore Department
Hacettepe University,
Turkey

THEMATIC AND IDEOLOGICAL SIGNIFICANCE IN THE NOVEL BY ORALKHAN BOKEY «THE DEVIL'S BRIDGE»

Түйін. *Мақалада қазақ прозасына өзгеше жазу стилімен келген О. Бөкейдің «Сайтан көпір» повесінің тақырыптық-идеялық мәні, негізгі ұстанымдары айқындалды. Әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсетудегі ерекшеліктері, шығарма өзегін айқындаудағы дейктикалық элементті пайдалануы, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық сияқты дуалистік дүниетаным ұғымдарын нысанға алғаны қарастырылды.*

Резюме. *В статье исследуется тематическое и идеологическое значение, а также определяются основные принципы повести О. Бокей «Чертов мост», пришедшей в казахскую прозу с необычным стилем. Описываются особенности социально-общественных явлений, рассматриваются использование автором дейктического элемента для раскрытия основы произведения, а также концепции дуалистического мировоззрения как добро и зло.*

Summary. *The article examines the thematic and ideological significance, as well as the basic principles of O. Bokey's novel "Devil's bridge", which came to the Kazakh prose with an unusual style. The features of social and social phenomena are described; the author considers the use of the deictic element to reveal the basis of the work, as well as the concept of the dualistic worldview as good and evil.*

In any literary work, the title of the text may affect the reader. Artistic meaning in the title of the text orients the reader to understand the inner content of the work, the secret colors, the author's thoughts. Therefore, between the reader and the author, recognized by the artistic world of the work, there is a dialogue communication.

The reader, when he perceives the connection between the inner content of the work and its name, evaluates it through the prism of his worldview. The author explains the name of the work, either from a real position, or in a conditional, abstract meaning. The choice of the artistic image of the author when choosing the name of the work gives more opportunities to learn the writer's horizons and this gives even more opportunities to better understand the work. In connection with the title of the work, the scientist T. Esembekov says: "The title of an artistic text is an indicator of the author's many-sided intent. He links the text with the coordinates of the artistic world, time and space. Therefore, the artist gives the initial information to the reader about what will be discussed in the text through the title of the text. "[1, 107]. In connection with this conclusion, we can confidently say that the title of any text is the informative code of the entire work.

Undoubtedly, the themes of such works of Oralkhan Bokei as "Kary Kyzy", "Atau kere", "Kamshyger", "Kaydasyk", Kaska Ulynym, "Saitan kaңpir", etc. significantly influence the reader's worldview

Many works and ideas that analyzes and evaluates the archival works of Oralkhan Bokey. A writer with "unusual style" intrudes boldly into the sphere of literature, and we are confident that his work requires a lot of explanation and research.

The main value of human life is to live it with dignity, this subject is also manifested in the work "Saitan kopir", since the main direction of the whole work of Oralkhan Bokey is as follows. If you ask yourself why the author named the works "Saitan kopir", that is, in translation "the bridge of Satan", satan, the devil is an evil that always steals a person from the right path, and the bridge is the path of a person, his life path. The writer wants to convey that a person should not be tempted by evil and pass this "bridge" in the right direction.

"In this world there are many people with the soul of Satan, but it's very difficult to notice them in a crowd. All this evil comes from them ... "[2, 71], says the author. A writer who loves honesty and rightness

literally curses the demonic acts of humanity. The author through such expressions as Echo, Scream, This one expresses the chaos that occurs at that time in evil society. Daixis Anau (this) brings with it a very deep, hidden meaning, which also serves as a tool connecting and developing the course of events of the work. Because during the Soviet era, many writers who could not express their point of view openly, used the method of hidden design, through hints. Deixis Anau uses allusion and associative meaning.

"I have known such people as Anau for a long time. I never told anyone that he was a real villain, with the soul of the devil, the enemy of humanity. Not only I know these, all the people know about them, but they are silent. No one will say – you are this! There is probably no one who did not hear the heartbreaking cry. All knowing the truth that the owner of Aihai Anau, no one will help, even if you ask who? – nodding answer, – "you know, Anau." [2, 50]. The writer describes in detail "Anau", hinting who he is Anau, the pressure that comes from Anau replaces with metaphors Aihai. The concept of Anau fits into the concept of pressure, Creek gives a description of the chaos in society that arose from the pressure of Anau is the damage from chaos, the concept of sound is a manifestation of human cry.

The artistic significance of the story is learned through the manifestations of the high spirit of the horse breeder Aspan, who fights such as Aihai and Anau, while the writer wants to note that the true purpose of humanity is that in any situation he must remain an Aspan man who never did evil in his life, is exposed violence such as Aihai and Anau, which leads to rubbing his legs, in spite of all this, he shows a good example of one that preserves honor and humanity always. Aspan during horse migrations from Alatay wintering remains under an avalanche and as a result loses a leg.

He experienced during the avalanche, how difficult it is to say goodbye to this world, without knowing its taste, it was a discovery for him that he wanted to share the whole world. Now he understood the value of life and will not deprive himself of life. He felt that nothing would scare him, that his heart began to beat faster. If it were not for this cold that permeates through the bones, he would lie here forever, he would endure ... A wonderful image is seen before my eyes. This is a way of life. " The author in this passage to show the drama of life and death goes to a kind of artistic techniques. At this moment, when Aspan is in oneeric states, he creates a struggle between black and white, that is, good and evil. All the secret that was on the soul pours out and goes out, the stones on the bottom reel. He recalls the words of his father: "As far as you show good in this world, so much it will radiate in that world, also with evil, son." He is about his only son Haman, in the heart Aspan lights the light of mercy.

"How many times and how have I sinned ?"he thought, but couldn't remember. For the first time in his life, he wondered what would happen to those who constantly harmed others, who lied and cheated. "The death of these sinners will probably come from the suffocation of the evil deeds they have done" [2, 58]. The struggle in the soul of the hero in understanding the essence of this life and conveys the main idea of the author. The reader feels that the author put a lot of effort to show the purity of spiritual and physical.

O. Bokey, to expand the philosophical idea of living life remaining always human, uses the mythical legend "Old Snitch". "Long ago, in the village of Enbek lived a woman who was nicknamed "old snitch". Difficult periods came, men in the village were sent to war, and in the village there was no one to protect the property and constantly there were thefts. They stole everything from the threads to the yogurt and milk. The people in the village cursed Hitler in the first place and that woman. Wanted to lock it, but they had no hard evidence proving her guilt, on the other hand a lonely woman in jail was not the truth. After the war, in peacetime, this woman happens to be something horrible, something hard to believe. As soon as the sun sets and the evening comes, she heard a constant knock that goes underground, it stops only with the onset of dawn. Knock that nainaetsya only sackton sun hears only she, the woman, the snitch, the rest of the guests to her home can not hear anything and as soon as the knocking begins, a woman zakryv ears with hands and repeating lies "here we go again," She called the police and they looked under the floor, even changed the floor and the house at the end, but still the sound is not usaual from her, no one could understand what is this secret. The woman was so frightened that in the end she rushed to the river Bukhtyrma, from that moment in this village the legend about the "Old Snitch» [2, 48-49].

In this story, you can pay attention to the plexus of realistic and romantic phenomenon and all this can be understood through the legend "Old Snitch" and all its magical power that "you can not dig a hole to another, not whether he himself will get". "Pit and dungeon – in ancient Kazakh tales and epics, it is equal to another name of hell." The mythical significance of the prison, in the modern Kazakh "prison cell, the place of serving punishment" is the place the semblance of hell, narrow, dark, damp" [3, 135]. In the work, you can also

understand that “do not dig a hole to another, you will get yourself”, that is, clarified by the fact that all the evil that you do to others will return to you as a boomerang.

«On earth lives about four million people and everyone has their difficult moments, its disaster, only those who already died, they silent. If the miracle of God had happened and all the dead were resurrected, maybe they would have taught the living to be content with what they have, to be more merciful to each other and live happily, who knows... if we returned... would reveal the essence of many terrible acts of this world, WE would be burned with shame... the truth is, they’ll never come back.

So let’s SCREAM so loud that the whole world will hear, because WITHOUT SCREAMING you do not live and like a dead man» [2, 3]. here the author wants to express his opinion that we should not be silent if we see the drawback of society, we must respect ourselves, constantly grow spiritually and give a good example to the growing generation. In the work there is a CRY that expresses the bitter truth of an unjust society and there is a CRY that generates evil and danger.

Шығарма тарихи кезең шындығын тартыс үстінде ашуға жасалған батыл қадам, іргелі ізденіс болды. Осыған орай, сыншы Т.Тоқбергенов «Шынында «Ана дауысындағы» драмалық сарын мынау «Антта» анық ауыр трагедияға соғады. Сөз саптау, тілдік ізденіс жөнінен де, тақырып тереңдігі мен кейіпкердің кесек ірілігімен де бұл пьеса өміршең туындылар қатарына жатады», – десе [2, 133 б], жазушы, сыншы Р.Нұрғалиев «Драматург үшін қиын мақсаттың бірі – салған жерден әрекет арқылы, мінез ерекшелігімен көрінетін кейіпкерді сахнаға шығару», – деп жазды [2, 169 б]. «Дағдарған елді тар қиядан алып шығар ұл бар ма? Қайдасың, азамат...» деп аяқталатын трагедияның айтар ойы, меңзер түсы әріде. Қазақ елі XVIII ғасырдың басында бодандыққа қандай жағдайда келді? Ата-бабаларымыздың жеке мықты мемлекет болып қалыптасуына ықпал болған қандай жайлар? Міне, осы тәрізді уақыт шындығын ашуға үмтылыс- «Анттың» негізі. Халықтық бірлік- шығарманың басты ой қазығы. Мұнда ынтымағы жетпеген елдің ауыр қайғысы, жеке мемлекет бола алмау қасіреті бар. Бұл өткеннің бүгінге сабағы. Әсіресе, тәуелсіз мемлекет боламыз деген қазіргі кезеңге тарих тағылымы болса керек. Шығармаға уақыттың, қоғамның қатыстылығы туралы кейін жазушы «Егемен Қазақстан» газетіндегі сұхбатында былай дейді: «Мен «Антты» жазғанда оны бір мерекеге арнағаным жоқ. Баяғыдан көңілімде, іште пісіп жүретін 1956-1957 жылдары болу керек бір кітаптарда Әбілқайыр Ресейге қосылып, той жасады дегенді оқығанда Әбілқайырдың кешке қарай төбе басына шығып, осының арты не болар екен деп жалғыз ойланып қалған бейнесі көз алдыма келеді. Бұл «апырай, сонда не ойлады екен?» деген образ болатын. Жазушының көркем туынды жазғанда өз ойы, ұсынған түп қазығы болады. Бұл ойды айтып жеткізуді мұрат тұтпай, қолға қалам алмайды. Ал тарихи туындының жөні бөлек. Әбілқайырды алғанда қазақ баласының бірлігі үшін бір ауыз сөз айтқым келеді. Ол кезде атын атап түрып ұлттық бірлікке шақырсаң, ұлтшыл атануың қиын емес. Сол пікірді мен Әбілқайыр, оның ар жағында түрған халық арқылы айтсам керек. Бұл өзі жай пьеса емес, трагедия ғой. Трагедия деуге болмаған соң драмалық пьеса деп айдар тағуға мәжбүр болдым. Егер уақытында байқай алған, терең мән берген адам болса трагедияның түп қазығы-Төле бидің монологы, толғанысы» [3, 6-б.].

Үш бөлімнен түратын драма-дастанда (автор осылай атаған) «Түнгі сыр», «Бопай қыз», «Ақтабан шұбырынды», «Сардар сайлау», «Аңырақай», «Ыдырау», «Арпалыс», «Ант» тақырыптарына бөлініп пьесаның композициясы айқындалған. Шығарма нақтылы бір жұмыр сюжетке құрылмағандықтан автор уақыт пен оқиғаны кең қамту ниетінде осындай тәсілге барған. Бұл әдіс жалпы драматургияда жат болмағанымен, қазақта тың. Әр тақырып тарихи жайға жанасып, драманың түпкі идеясына саяды және негізгі қаһарман Әбілқайыр ісінен ажырамай, оның характерін толыстыруға септігі тиеді.

Т. Ахтановтың «Ант» драмасындағы фольклорлық сарындарды саралау барысында, алдымен, көркем әдебиеттің үш тегінен тарап, өзектесіп жатқандығын байқаймыз. Әдебиеттің эпос, лирика, драма-сынды үш тегіне тән дәстүрлер драманың өн бойында да түнып түр. «Эпостық дәстүр – эпикалық

шығармалардың басты өзегі. Оларда өмір шындығы көркем түлғалардың бойына жинақталып, солардың басында болатын қым-қуыт оқиғалар толқыны арқылы ашылады» [4,18-б.].

Драматург тарихи оқиғаны басты желі етіп ала отырып, фольклорлық сарынының бірегейі эпостық баянның өзіндік үлгісін жасайды. Жырдың драмалық шешім табуында Сауран сұлтан сияқты образдардың енгізілуі де жазушының ескі әдебиетіміздің түнық бұлағын қана ішіп, жақсы дәстүрлерін игере білгендігі. Халқымыздың бүкіл арман-тілегіне негіз болған қиял дүниесі небір ертек, аңыз, жырларды дүниеге әкелген ғой. Сол кең ойлылық драматург қаламын кең тыныс беріп, эпостық сарынның жаңа түрге ие болуына мол мүмкіндік жасаған.

Қазақ елі «Аңырақай» аталған зор майданда жоңғардың бетін қайтарып, қайрат жасады. Үш жүздің ел болып бас қосып Әбілқайырды қол басы сайлады. Бұл бірігу де оңайға түспей талас- тартыспен шешілген еді. Қайып хан, Сәмеке хан, Барақ сұлтандар Әбілқайырдың бағын арттырып, дәрежесін көтергісі келмеді. Ел қамын ойлаудан гөрі әрқайсысы өз мәртебесінің биік болуына тырысты. Елдің бірігіп жоңғар бетін қайтаруына мұрындық болғандар халықтан шыққан батырлар мен билер еді. Драманың бастан-аяқ сюжеті фольклордағы эпикалық баяндау тәсілімен өрілген.

Ал лирикалық толғаныс фольклордағы басты сарындардың бірі десек, «Ант» драмасында бұл–басы ашық түрған мәселе. «Лирика –нәзік сезімнің, жан-дүниеде болып жатқан көңіл-күй тебіреністердің көрінісі болғандықтан, кейіпкердің рухани әлемін барлауға, оның ішкі дүниесін танытуға мол мүмкіндік беретін жанр» [4,19-б.]. Сол сияқты аталған драмада екі жастың бір-біріне деген ынтық сезімі, олардың алғаш аттарын естіген, одан кейін кездескен, тіпті мәңгілік ажырасқанға дейінгі барлық сәттері – түнып түрған лиризм.

Драмадағы ақ өлеңмен төгілген үзінділерге назар аударсақ, Сауран сұлтан мен Бопай қыздың, Әбілқайыр мен Бопай ханымның махаббат атты аңсардың қай түстарынан көрініп түрғаны, олардың сол құдіретке жеткені бар, жетіспей жүргені бар, жетіп айрылғаны бар, әлі дәмеленіп жүргені бар, әлі өкініп жүргені бар, өкінбей жүргені бар екендігі көркем берілген.

Мәселен, Сауран сұлтан мен Бопай қыз арасындағы жас құрақша тербетілген махаббатқа, соның жастық уыз салтанатына, ертегілердегі ғашықтықтың өміріндегі шынайы көрініске сұқтанбайтын жан жоқ. Тіпті, керек десеңіз екеуінің өздері де, сірә, жамандыққа көрінер, елден ерек сұқтанатынын қайтерсің.

Бәтима:

Егер жақсы болмаса
Осынша есім кетер ме?!
Исі қазақтан озып туған жан ғой ол,
Құдай тағала есіңді алғаны.
Қиын болады екен, қыздар – ау
«Бопайжаным» деп сұқтанған
Жалғыз ауыз сөзіне
Құрбандық болғым келеді.

немесе:

Дұғалап алған басымды
Не сиқыр бар еді,
Мына Сауран сұлтанның?!
Сауран... сұлтан... сұлтаным.
Сұлтаным келеді асығып,
Апта көрмесем айға татиды,
Жұма көрмесем жылдан артық зарығам.
Ел аузына іліккен
Қайда кетті қайратың
Батыр қыз атанған Бәтима?

Сауран:

Бопайжан...
Өзіңе аян саған деген көңілім
Бұл жалғанда сенен артық жар құшам деп
Арман еткен кезім жоқ.

немесе:

Бәтимә... Бопайым...
Ер азаматтан артық серігім [3,344-б.].

Осы сияқты лирикалық толғаныс сезімдер, кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі тебіреністер драманың барлық оқиғалар желісінде үзілмей кең өріс алып жатады. Әсіресе, Қозы мен Баянның ыстық сүйіспеншілігімен өрілетін нәзік сезім иірімдері...

Ал жамандық атаулының аты да, заты да ешкімге опа бермейтіні қандай аян болса, жүзеге асқан түсында да сондай сорақы болатыны бар. Міне, кенеттен Сауран сұлтан мен Бопай қыздың арасындағы әзиз махаббат бір сәтте күрт сынады. Найзағай ойнап, жасын түскен махаббаттың ойраны шығады. Сонда осындай сорақылыққа, осындай опасыздыққа, осындай сатқындыққа Сауран сұлтан неліктен өз еркімен барды? Сонда көздегені ел бірлігі ме, әлде өзінің сұлтандық бар болмысы осы ғана ма? Немесе бәз-біреулердің торына түсіп, өзіне-өзі ор қазғаны ма? Астар да көп. Күрмеуі де көп. Ал Бопай қыздың не кінәсі, не жазығы бар еді. Жаратылысынан сұлу болған тән сымбаты мен тәрбиесі озық көргенді де ибалы, тал шыбықтай батыр қыз болмысы кінәлі ме, жазықты ма? Әлде, заты әлімсақтан бері төмен етектіге саналып, соның қорлық қамытына бәрібір жегілуге жаралған ба? Астар көп, қыртыс та көп. Күрмеуі көп... [3,366-б.]. Осылайша, Сауран сұлтан мен Бопай қыз арасындағы құштарлық пен қимастық тарихи әлеуметтік драмаға романтикалық сарын қосып жылы леп әкеп түр. Біздің мақсатымыз драманың идеялық-тақырыптық негізіне талдау жасау емес, ондағы фольклорлық сарындардың көрінісіне талдау жасау болғандықтан, біз бұл жерде жазушы қолданысындағы лирикалық қолданыстың берілу ерекшелігіне мысал келтірдік. Мұндай лиризм фольклордың төл туыныларына тән. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», тіпті эпикалық жырлардың өзінде жатар арасындағы сүйіспеншілік түнық лиризмен өрілгенін білеміз. Ендеше, лирикалық толғаныс – сол фольклордан желі тартып келе жатқан дәстүр деп есептейміз.

Мұндай мысалдар драманың тереңіне бойлап, түнық та көркем тіліне қанығa түскен сайын көз сүріндіреді. Қарапайым, жадағай бір сөз жоқ. Әр сөзі үлкен ойға, терең сезімге құрылған. Оқырманның түгел ойы мен жан-дүниесін баурап алатын күшті лиризм драмадағы фольклорлық дәстүрлердің соңы емес. «Көркем шығарманың мәңгілік ғұмыры, оның оқырман көңілінен нық орын табуы ондағы өмір шындығынан туындайтын терең тартысқа байланысты болса керек. Тартыс – драмадағы ең шешуші нәрсе. Онсыз қимыл-әрекет жоқ. Әрекет болмағасын драмалық шығарма да жоқ. Осы тартыспен өзектесіп жататын драмалық дәстүр – сөз тартысы ретінде аталған драмада тамаша көрінеді» [4,21-б.]. Драмалық тартыстың барлық кезеңдері (басталуы, дамуы, шиеленісуі, шешімі) Ахтанов туындысында композициялық жағынан шебер қиюластырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі де қатаң сақталған. Драманың өзіндік заңдарын орынды пайдалануы фольклордағы драмалық дәстүрді тамаша игергенінің көрінісі. Тартыс дегенде, ең алдымен, сөз тартысын өзек етіп аламыз. Сөз құдіреті қазақ халқы үшін ерекше қастерлі. Сөз қадірін өз қадірім деп түсінген халқымыздың көркем тарихында сөз культінің орны бөлек. Драмада жойқын қимыл-әрекетсіз-ақ сөздің күші арқылы оқырманның айызын қандыратын суреттер өте көп. Пьесаның өн бойында өрбіп отыратын тартыс Әбілхайыр хан мен Барақ сұлтан, Бопай ханым мен Сауран сұлтан, Әбілхайыр мен Сауран, Қайып хан мен Әблхайыр т.б. араларындағы қарым-қатынастар жігі арқылы өрістеп отырады.

Пьеса өз шешімін «Арпалыс», «Ант» аталатын үшінші бөлімінде табады. «Ақтабан шұбырындыдан» алты-жеті жыл кейін Әбілқайыр басшылығымен иісі қазақ бас қосып «Аңырақай» соғысында жау бетін қайырған соң, халық біріксе не боларына көздері жеткен батыр, би, намысты ерлер ел бірлігін көксейді. Бірақ ол болмады. Әр хан өз дегеніне кетті. Айтысып, араздасып қарауындағы қазақтарын бөліп алып Жәдіге мен Өскеден тараған төрелер өз білгенін істеді. Осымен Әбілқайыр бастаған Сауран сұлтан, Бөкенбай батыр және басқалардың еңбегі еш болып, үміті үзілді.

Әбілқайыр хан:

Ойратты жеңген бір мастығымыз
Мың қайғыны ұмыттырғаны ма?

Бөкенбай:

Үш арыстың баласы
Қазақ деген теректің
Үш бұтағы емес пе?
Үш бұтақты қақыратып үшеуің
Үш қияға тартасың.

Семеке хан:

Өз ұлысың енді саған олқы боп,
Бізге қарап сұқтандың.

Қайып хан:

Қисая тартқан жағушы еді өзіме,
Құдайым сол қыңырлықтан жазбасын.

Әбілқайыр хан:

Бұл халықтың өз ішінде аңдысып,
Тас қамалға шықпастай боп бекінген.
Ойраттан бетер жауы бар.
Шапсам қылышым өтпейді,
Атсам оғым жетпейді.
Жігерімді құм қылып,
Діңкемді әбден құрытты [3,358-б.].

Міне, бар бітім-береке осымен тамамданады да, қазақ тағдыры тағы да тығырыққа тірелді. Өмірдің ендігі тартары не болмақ, түсер жолы, барар беті қайсы, өмір бойы айналасымен аңдысып, жағаласып өтпек пе, әлде бір толас болар ма? Осы сұрақ Әбілқайыр жанын әлдеқашаннан мазалаған. Одан да бұрынғыларды аз ойландырмаушы еді, тек шешімін таптырмайтын. Осы тарихи факт пьесаның түйінді жеріне кеп түскен. Осы үзіндіден драманың басты өзегі драмалық тартыс айқын көрінеді.

Жалпы, драмалық шығармалар бастан-аяқ кейіпкерлер сөзінен тұратыны белгілі. Драмадағы бүкіл қимыл-әрекет, тартыс тікелей кейіпкерлердің диалогы, монологы арқылы көрінеді. Сондықтан сөздің қызметі сол драманың бүкіл идеясын ашуда орасан. Сол заңдылық, сол дәстүр Ахтанов драмаларында шеберлікпен сақталған. Осылайша драманың өн бойында тұтас өріліп жатқан тартыс, сөз тартысы аяғына дейін еш толастамайды. Сонымен, эпостық баяндау, лирикалық толғаныс, драмалық тартыс сияқты фольклор мен әдебиеттің үш тегінің сарыны Ахтанов драмасындағы фольклорлық дәстүрлердің негізгі өзегі.

Фольклордан үлгі алмаған, тамыр тартпаған шығарма жоқ. Миф, ертегі, аңыз, мақал-мәтел кез келген классикалық романдарда кездесе береді. Фольклордың үлгілерін бейнелеу құралдарының бағалы түрі ретінде әрқашан бойына сіңіре беретіндігін жазба әдебиет туындылары батыл дәлелдеп келеді.

Жалпы, ескісіз жаңа болмайтыны сияқты, қай қаламгер де өз шығармаларында фольклорлық дәстүрлерді пайдалануда ұтыс табатыны белгілі. Тіпті әлем әдебиетіндегі классиктердің қай-қайсысы да фольклор мұраларын өз шығармаларына арқау ете отырып, одан үйренген., жаңа әдебиеттің жалғасын тапқан, оған арқа сүйеген. Бұл туралы М.Жұмабаев: « ... Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Негізі берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті» [5,4-б.] , – дейді. Сол сияқты Т.Ахтанов та туындыларында фольклорлық жанрларды да, фольклорлық сюжеттерді де, фольклор поэтикасын да зор шеберлікпен молынан пайдаланған. Алдымен драмадағы мақал-мәтелдердің қолданылу шеберлігіне тоқталайық. Фольклордың басқа жанрлары сияқты мақал-мәтелдердің де кейіпкерлердің әдеби бейнелерін ашуда, образ жасауда рөлі зор. Олар көркем туындының кестесіне толып жатқан өрнек төрінде етене жақындасып, ғажап әдемі айшықтар

жасауға көмектеседі.

...«Жақыныңды жаттай сыйла
Жат жанынан түңілсін».
Хан сыйлауды қазаққа
Үйретейік те өзіміз...(Сауран сұлтан)

***

Осының ғой, бездіретін, бауырым,
Жібекті түте білмес жүн қылады.
Сен біреу емессің,
Сен көпсің, Барақ.
Сенің осы пиғылың
Елімді бордай тоздырған.
«Ауылыңды жау шапса,
Бірге шап» деген мақалды
Шығарған да сендерсің.
Бірге шауып Жоңғармен,
Қазақ деген еліңді
Хан талапайға салмақсың...

деген мысалдарда ауыз әдебиетінен келе жатқан мақал-мәтелдер өзгеріссіз қолданылған және кейіпкердің сөзін түздықтап, өз ойын шегелеп айтып, жеткізуде одан сайын нақтылай түсуге ықпал еткен. Мұндай мысалдар драманың өн бойында өте көп. Аталған шығармада драматургтің тіл байлығы, сөз қолдану шеберлігін айғақтайтын адамгершілікке, туған жер, ерлік, салт-дәстүрге, сөз өнерін бағалауға, туыстық қатынасқа, байлық пен кедейлікке, ерлі-зайыптыларға, еңбекке т.б. байланысты мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Олар жазушының қаламгерлік зертханасынан өтіп, шығармада әрқайсысы өз орнын таба білген. Кей тұстарда олар халық тіліндегі түпнұсқамен берілсе, енді бірде шығарманың құрылымына, сөйлем мен сөйлеушіге байланысты икемделіп, жазушының өз стильдік қолданысына түседі, басқаша айтқанда халық тіліндегі мақалдардың инварианттары беріледі.

Мысалы, драмадағы Бәтима ханымның: «Жау жағадан алғанда// Шабыса алмаймын, дейді, өзара» деген сөзіндегі алғашқы жолдан халық аузындағы «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» деген мәтел еске түседі. Жазушы сол мәтелдің алғашқы жолын алады да, фольклордағы мақалдың жалғасына қарама-қарсы ойды беру үшін кейіпкерінің аузына салады. Алайда әрбір қазақтың дәл осы үзіндіні оқу барысында есіне фольклордағы жалғасы түсетіні хақ. Яғни жадыдағы жаңғырық – фольклорлық жады іске қосылады. Бұл да – фольклорлық сарынның көрінісі. Фольклорлық сарын деп отырғанымыздың өзі сонда белгілі нәрсені айна-қатесіз қолдану емес, құлаққа сіңісті, көңілге туғаныңдай болып тоқылған түйсіктен туындап жататын білім, түсінік қазығы дейміз. Халықтың жадында сақталған жалпыға белгілі нәрселер жазба әдебиеттің қазанында қайнаған уақытта еріксіз шеберлік жібімен өріле түсіп, шығарманың фольклорлық айшықтарын таныта түседі де, жазушының суреткерлік қолтаңбасындағы ерекшелікті молайта түседі.

Т. Ахтанов көркем шығармаларында өте жиі кездесетін фольклорлық жанрлардың бірі – шешендік сөздер. Анығырақ айтсақ, шешендік сөздер сарыны. Т.Ахтанов – көркем сөздің аса зор білгірі, зергері. Әрбір сөзін «мидың мың градустық домнасында қайнатып, пісіріп алып барып» шығаратын жазушының әр сөзі мірдің оғындай, өз нысанасына дөп тиеді. Жазушының көркем тілі ондағы шешендік сөз айшықтарымен астасып, осы заманның би-шешеніндей әсер қалдырады. Драматург көркем шығарманың тіліне өте биік талап қойған. Өзі де сол талабы өресінен шыға білген.

Шешендік сөз дәстүріндегі ең басты ерекшеліктердің бірі сендіріп сөйлеу, бұлтартпайтын дәлелмен нығыздай сөйлеу десек, драматург осы дәстүрді тамаша пайдаланған.

Мысалы, Сауран сұлтан:

Айтысып кеттің екі аға,
Інім бар ед деп артымда
Есіңе неге алмайсың. . .

Кіші жүздің де санатқа
Кірер күні болар ма?
Егер ондай күн болса
Келіп түр дәл осы жолы орайы.
Мен қамшы тастап толғайын
Дау қуған адам емеспін,
Ақ найзаны қолға алып
Жау қуған адаммын.
Анайы айтсам айып етпегін
Қол кімдікі болса –
Жол да сонікі емес не?!
Немесе Төле би:
Кісі ішімі кіршіл,
Кісі, аты тершіл-ді,
Кісі қолымен киіп-жарып, еңсеріп
Кете алар ма екенсің?!
Барақ сұлтан:
Қамал соғып, қала-сап,
Жер шұқыған елемес,
Қонарымды сай білсін,
Көшерімді жел білсін деп
Босып жүрген халықты
Қай қазыққа байлайсың?
Қазақ деген ағын су –
Оны қалай бөгейсің?
Қазақ деген соққан жел –
Оны қалай қармайсың.

***

Сақ, етер тисе санына
Сақсыры толса қанына
Сабырын сарықпас сабаз ол.
Жабыдан туғаныңды қайтейін –
Түлпар болсаң.
Құладыннан туғаныңды қайтейін – Құмай болсаң.
Тәуекел ет те бағыңды сына.

Ал түспалдап сөйлеу – халқымыздың сөз құдіретінің, ой даралығының бірден-бір көрінісі. Осы екі дәстүрді драматург шебер байланыстырған. Мысалы, Сауран сұлтанның:

Атып алмаған аюдың
Бөліске салмай терісін
Қоя түрсаң қайтеді, Барақ аға?...

деген сөзінде қазақтың түспалдап сөйлеу дәстүрі анық байқалады.

Қорыта айтқанда, фольклор қазынасын Ахтановтың пайдалануы түрліше сипатта көрінеді. Кейде түрлендіріп, жаңғыртып, фольклор ұғымының мәнін тереңдете, кеңейтіп алса, кейде бастапқы мағынасының аясында шектеледі. Бұл ретте мына пікір ойымызды түғырлай түседі: «Фольклорлық элемент қашан да болсын ақынның шығармашылық мақсатына лайық алынады. Егер автор фольклорлық материалды, фольклорлық форманы шығармашылық електен өткізіп, жаңа шығармасының бойына біте қайнастырып пайдаланбаса, шығарма биік, идеялық көркемдік дәрежеге жете алмайды» [6,80]. Расымен де, фольклорлық элементтер ақын-жазушылар шығармасымен біте қайнасып, бір жүйеден табылып жатпаса, оның көркемдігі кемшін болар еді. Тахауи Ахтановтың «Ант» драмасы да осындай фольклорлық элементтерге толы және олар драманың көркемдігін одан сайын толыстырып түрғанына куә боламыз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ақиқаттың алдаспаны//Ақтөбе газеті. http://www.aktobegazeti.kz/?p=23376 (22.08.2013)
2. Арыстан жалды заңғар жазушы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2013. – 592 б.
3. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы:Жазушы, 1984 – 3-т.: Пьесалар. – 448 б.
4. Молдаханов Ә. Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлер. Оқу құралы. – Ақтөбе, 1999. – 128 б.
5. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы:Жазушы, 1984 – 3-т.: Пьесалар. – 448 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы:Жазушы, 1989. – 448 б.
7. Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. – Алматы: Ғылым, 2001. – 127 б.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Вершина истины//Актюбинская газета. http://www.aktobegazeti.kz/?p=23376 (22.08.2013)
2. Писатель с львиной натурой. – Алматы: издательство «Білім», 2013. – 592 с.
3. Ахтанов Т. Пятитомный сборник сочинений. – Алматы: Жазушы, 1984 – 3-т: пьесы. – 448 с.
4. Молдаханов А. Фольклорные традиции в художественных произведениях Мухтара Ауэзова. Учебное пособие. – Актобе, 1999. – 128 с.
5. Ахтанов Т. Пятитомный сборник сочинений.– Алматы: Жазушы, 1984 – 3-т: пьесы. – 448 с.
6. Жумабаев М. Произведения. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 с.
7. Ауесбаева П. Жанр рассказов в казахском фольклоре. – Алматы: Гылым, 2001. – 127 с.

REFERENCES:

1. Vershina istiny//Aktyubinskaya gazeta. [The peak of truth // Aktobe newspaper]. http://www.aktobegazeti.kz/?p=23376 (22.08.2013)
2. Pisatel’ s l’vinoy naturoy [A writer with a lion kind] Almaty: izdatel’stvo “Bílím”, 2013. – 592 s.
3. Akhtanov T. Pyatitomnyy sbornik sochineniy [Five-volume collected works] Almaty: Zhazushy, 1984 – 3-t: p’yesy. – 448 s.
4. Moldakhanov A. Fol’klornyye traditsii v khudozhestvennykh proizvedeniyakh Mukhtara Auezova [Folklore traditions in works of art by Mukhtar Auezov] Uchebnoye posobiye. – Aktobe, 1999. – 128 s.
5. Akhtanov T. Pyatitomnyy sbornik sochineniy [Five-volume collected works] Almaty: Zhazushy, 1984 – 3-t: p’yesy. – 448 s.
6. Zhumabayev M. Proizvedeniya [Works] Almaty: Zhazushy, 1989. – 448 s.
7. Auyesbayeva P. Zhanr rasskazov v kazakhskom fol’klore [Genre of stories in Kazakh folklore] Almaty: Gylym, 2001. – 127 s.

Сейтжанов З.Н.
филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
E-mail: aknur.ospanova@mail.ru

Мекебаева Л.А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
E-mail: mekebaevaleyla@gmail.com

Оспанова А.А.
философия докторы (PhD), аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
E-mail: ospanova0306@gmail.com

ЕКІ ДАСТАН

Түйін. *Т. Жолдыұлы көптеген дастан жазған эпик ақын. Абақтының азабын жеті жыл тартқан ақынның бұл екі дастаны түрме түнегінде отырғанда жазылған. Алғашқы дастаны «Абақты» деп аталады. Абақтыда отырғанда көрген қорлық-зорлылығын, Гоминдаң өкіметінің озбырлығын діпке тізгендей етіп шығарманың арқауына айналдырған. Абақты азабын осындай білгірлікпен суреттеген шығарма бұрын-соңды жазылмаған. Қазақ халқының басынан қандай қорлық өткеніне осы шығарманы зерттеу, талдау барысында көз жеткізе түсеміз.*

Дастанда қинау мен қысымның қандай түрлерін қолданғанын оқығанда сондай қатыгездік пен айуандықтыққа төзген ақынның жігер-қайратына таң қаласың. Адамдарды тағылықпен жазалап отыру түрме басшыларының күнделікті әдетіне айналған. Ақыл жүрек сыздатар ащы шындықты ашып айтады. А.Т. Жолдыұлының бұл туындысы ашу-ызаға, қайнаған кекке толы. Автор өз кезіндегі шындықты, халық басынан өткен қасірет-қайғыны шежіре куәліктей етіп өлеңмен өрнектей білген.

Ақынның екінші дастаны «Нүнтебектің асы» деп аталады. Нүнтебек өмірде болған адам. Әрі бай, кедей-кепшікке қайыы көп, халыққа сыйлы адам болғандықтан сол өңірдің халқы түгел шақырылады. Абыройлы адамға берілген үлкен ас болғандықтан қазақтың ұлттық ойындары (ат бәйгесі, палуан күрес, дар ойыны, т.б.) қоса өткізіледі. Асқақ келген халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіледі.

Шығарма Т. Ә. Жолдыұлының ақындық шеберлігін танытатын тартымды туынды болып табылады.

Тірек сөздер: *эпик, жыр, халық, образ, фольклор.*

Резюме. *А.Т. Жолдыулы – эпический поэт, автор многих дастанов. В течении семи лет находясь в заключении акын написал два дастана. В тюрьме он продалжал работать над своими произведениями. Первый дастан называется «Абакты». Основным лейтмотивом призведения становится тяжелая жизнь в тюрьме, узурпаторство правительства Гоминда, проблема веры и безверия. Ранее не встречались произведения столь точно передающие суровую атмосферу и жизнь тюрьмы. Анализируя данное произведение, мы понимаем насколько казахский народ был подвергнут невыносимому давлению и унижениям.*

Читая дастан мы видим душевные переживания автора, его состояние в тот момент, когда он находился в тюремных стенах, восхищаемся мужеству и силе духа поэта, перенесшего пытки и жестокость. Основной задачей начальников тюрьмы является наказание людей. Автор в произведении рассказывает правду о жизни заключенных. Произведение А.Т.Жолдыулы полна негодования и гнева. В своих поэмах автор с горечью размышляет о печальной участи и тяжелой судьбе своего народа.

Вторая поэма называется «Нүнтебектін асы». Нүнтебек – реальный персонаж. Нунтебек был влиятельным и заботящимся о своем народе человеком. На его поминки были приглашены как богатые так и бедные люди региона. В дастане описываются различные казахские национальные игры, такие как скачки, борьба и многое другое. Гостям оказывали величайшие почести и внимание.

В исследовании проанализированы историко-этнографические особенности дастана. «Абакты» и «Нүнтебектін асы» являются свидетельством поэтического мастерства поэта Т.А.Жолдыулы.

Ключевые слова: *эпик, поэзия, народ, образ, фольклор.*

Summary. *A.T. Zholdyuly is an epic poet and the author of many dastans. For seven years while in detention, the akyn wrote two dastans. In prison, he continued to work on his works. The first dastan is called "Abakty." The main theme of the artwork is the hard life in prison, the usurping of the government of the Guomind, the problem of faith and lack*

of faith. Previously, the works have not met so accurately convey the harsh atmosphere and life of the prison. Analyzing this work, we understand how the Kazakh people were subjected to unbearable pressure and humiliation. Reading the dastan, we see the author's emotional experiences, his state at that moment when he was in prison walls, we admire the courage and strength of spirit of the poet who had endured torture and cruelty. The main task of the warden is to punish people. The author in the work tells the truth about the life of prisoners. The work of A.T. Zholdyuly is full of indignation and anger. In his poems, the author with bitterness reflects on the sad fate and hard fate of his people. The second poem is called "Nyntebektin asy". Nyntebek – a real character. Nuntebek was an influential and caring person. Both rich and poor people of the region were invited to his wake. The dastan describes various Kazakh national games, such as horse racing, wrestling and much more. Guests were given the greatest honors and attention. The study analyzed the historical and ethnographic features of the dastan. "Abakty" and "Nyntebektin asy" are evidence of the poetry of the poet T.A. Zholdyuly.

Key words: *epic, poetry, people, image, folklore.*

Таңжарық Жолдыұлының абақтының қараңғы қапасында отырып жазған «Абақты» (1942) дастаны «Түрме тарихы», «Түрмедегі хал», «Кілтшіге» деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Әр бөліміндегі түрлі оқиғаларды бір-бірімен үштастыра жырлай отырып, тұтастық тапқан бір сюжеттік желі тартады.

Шығармада кездесетін жер-су аттары тура аталып, оқиға лирикалық кейіпкердің атынан баяндалады. Дастанда өткен ғасырдың 30 жылдарының соңын ала «Жиһангерлерге сатылғандарды тазалау» деген атпен жүргізілген қаралы жылдардың қанды қырғыны мен қатал шындығы терең ашылады.

Лирикалық кейіпкер абақтыдағы азапты өз басынан кешкен, азаттық үшін алысқан ерлердің бірі. Ол өзінің қалай тұтқындалуынан бастап абақтыдан шыққанға дейінгі көрген қысым-қиянаттарын баяндау арқылы сол тұстағы қоғамдық сипат алған зобаланды батылдықпен суреттейді. Лирикалық кейіпкердің өзі – жинақталған тип, ол халық өкілі (1) екекенін ескерсек, лирикалық кейіпкердің басынан өткен қиындықтары арқылы ақын қуғын-сүргін жылдарының қасіретін қалтқысыз аңғартады.

1933 жылы өкімет басына келген Шыңшысай алдымен өзінің «алты саясатын» жариялап халықты алдауға кіріседі. Алғашқы кезде Шыңдубанның бұл саясатына өлкедегі аз ұлттың бәрі де үмітпен қарайды. Өйткені ұлттар теңдігі сақталып, еліміз көркейеді деп сенеді.

Бірақ күткен үміт ақталмады. Көп уақыт өтпей-ақ Шыңдубан әртүрлі айла-шарғы қолдана бастайды. Барлық аймақтарда жаппай тұтқындау басталады. Алдымен оқыған,беделді адамдарды қамауға ала бастайды.

Ұқтырды Қожанияз шатылды деп,
Жапонға алтын алып сатылды деп, –

Қожаниязға тағылған кінә – осы. «Жапонға сатылған,сондықтан тұтқындадық» – деп өздерінің қанқұйлы әрекеттерін бүркемек болады. Қожанияз, Қажым секілді белгілі адамдарды тұтқындағаннан кейін халықта күдік көбейеді. «Қажымның құйыршығы» деген сылтаумен бір түні елу адамды қолға алса, келесі түні тағы да көп адамдарды ұстап әкетеді. Бұрын-соңды мұндай қиянатты көп көре қоймаған халықты үрей билейді. Не үшін тұтқындалып жатқанын түсінбеген елдің түн ұйқысы төрт бөлінеді.

Халықты күдік кеулеп, үрей басты,
Біле алмай неғыларын қатты састы.

Шындығына келгенде бұл халыққа үлкен қасірет әкеліп, мыңдаған адамдардың түбіне жеткен аты шулы 1937-1939 жылдардағы репрессияның Шыңжаңдағы жалғасы болатын. Басы осылай басталған нәубет біртіндеп қарқын ала бастайды. Енді бірді-екілі адамды қойып, топ-тобымен жаппай ұстау басталады.

Ең алдымен қазақстаннан бас сауғалып барған Райымжан Мәрсеков, Зият Шәкәрімұлы, Ғазез Қалбанов бастаған біршоғыр қазақ зиялылары ұсталып, із-түссіз жоқ болады. Олардың соңынан әр аймақтың білікті адамдарына қармақ салады.

Ауыр кезеңнің осындай зұлматы шығармада шынайы бейнеленген. Шыңжың қазақтарының басынан өткен қаралы жылдардың қасіреті дәлелді де дәйекті көрініс тапқан. Тәуелсіздігі, еркіндігі жоқ елдің тартар тауқыметі де көп екен.

Қылығы, міне жүртым,бізге қылған,
Қосылып қанды қайғы күнде тыңнан.
Осында алты жылда өлген адам,
Асыпты орта есеппен алпыс мыңнан-,

деген жолдар тарихи шежіредей естіледі.

Алғашында түтқындаған адамдарын жасырын-жабық құртып отырса, келе-келе қынадай қыруға ашық, құлышына кіріседі. Халықтан қан соқта жасайды. Адамның арманы мен арын аяққа басқан жауыздықтан түршіге түңілеміз. Ақын сөзінде ешқандай жалғандық жоқ. Оның ызалы кек үшқындаған жолдарда қоғамның көлеңкелі көрінісінің бар зұлымдығы шыншыл айтылған әрі келер ұрпақтарға арналған ақтық аманаттай естіледі.

Сонымен, дастанның бірінші бөлімінде «Жиһангерлерге сатылған» деген атпен жүргізілген қанды нәубеттің қалай басталып, қаншама адамдардың өмірін қиғанын хабардар етеді. Бодандықтың зіл-зобалаңы мен қисыны жоқ қысастығын көрген халықтың бастан кешірген қайғы-мұңы айқын көрінеді.

Дастанның екінші бөлімінде гоминдаң жендеттерінің абақтының қараңғы қапасында жатқан адамдарға көрсеткен қорлық пен қорлауы барынша шындық түрғыдан әшкереленеді. Түтқындардың басынан тауқыметке толы күндер өтіп жатады. Жаза басып, жапа шексе өкінбес еді. Алайда ақ-қарасын ажыратпай-ақ аса қаталдықпен қинаудың неше алуан түрін қолданады. Алдымен ес-түсынан танып құлағанша үрғызады. Күндіз тамақ татырмай, түнде үйықтатпай әбден әлсіретеді.

Қанды балақ жендеттер жауап алудың тәсілін сан құбылтып отырады. Айуандықпен үрып-соққан соң қараңғы қапасқа тығып бірнеше тәулік үйықтатпу арқылы түтқындардың жігер-қайратын жасытады.

Ауасы лас, қапырық камерада кенезесі әбден кепкен сәтте қайта сұраққа алады. Енді қинау-қысымның басқа бір түрін қолданады.

Қаптаған темірменен кереует бар,
Жіңішке ортасы ой, жан-жағы тар.
Жатқызып оған таңып сабағында
Еңіреп даусы шығып жылайды зар.

Адамгершілік, ізгілік орнына адамдарды қатыгездікпен жәбірлеу, тағылықпен жазалап отыру абақты төңірегіндегілердің үйреншікті ісі болады. «Қара су, қатқан нанды мүжып», жазықсыз жапа шеккендерге адам ретінде қарап бір ауыз жылы сөз айтатын пенде болмайды. Қатесін қағидаға айналдырған қаныпезерлерге обал-сауап, көзжасы ешқашан әсер етпейді. Қайдағы бір ойлап тапқан өтірік пен жаланы мойындауды талап етеді.

Ал жазалаудың енді бір түрі шегенің үшын жоғары қаратып қаққан қалың тақтайға отырғызады.

Абақтыда отырғандардың көрген күні – осы. Осылайша қинап отыру олардың күнделікті әдетіне айналған. Бұл аз болғандай гоминдаң жендеттері жантүршігерлік азапты үдете түседі. Шығарманы оқыған сайын қаралы жылдардың қайғылы сәттері соншалықты айқын елестеп, санаға салмақ түсіреді.

Адамның жаны кетіп денесінен,
Құйрықты алсаң темір шегесінен.
Тәңірге даусың жетіп күйзелесің
Тырнақтың ине сұқса көбесінен.

Енді бірде басыңды төмен салақтатып асып қояды. Қинау мен қысымның неше түрін қолданады. Қысқасы абақты азабын тартып жатқандар тірі өлік күн кешеді.

Әрине, түтқындардың ешбірі Жапонияға сатылған қылмыскер емес, керісінше жазықсыз жандар еді. Өлгені өлсін, өлмегені қалсын деген принцип ұстана отырып, ұлттың рухын өшіруді мақсат еткен. Әділдік аяққа басылып, арсыздық алға озады.

Сыртыңа екі көзің ойнап шығар
Салғанда басқа келіп құрсау темір.

Басты құрсау темірмен қысудан артық қорлық бола ма? Бұдан басқа да жазалаудың небір сұмдықтарын (адам ағзасына ши жүгірту, бұрау салып қысу, аузы-мұрынға тотияйын, бұрыш езіп құю т.б.) қолданған. Бұл сияқты адамның аза бойы қаза болатын азаптау фашистік қорлаудан аспаса, одан кем түспейтіні аян. Тамұқ тіршіліктегі мұндай азапқа біреулер төзсе, біреулер жан тәсілім еткен. Бірақ ешқандай рақым-қайыр болмаған.

Тұтқындарды өлтірудің де сан түрлі айла-амалы болған. Бірде нәр татырмай аштан өлтірсе, енді бірде екі есігі бар үйге «сұраққа» деп әкеліп осы арада балтамен басын шабады, не найзамен шабақтап өлтірген. Қысқасы адам өлтіретін арнаулы орын болған.

Оңаша екі ауызды екі-ақ есік,
Жері бар айқасатын түбі тесік.
Кірерде сол тесіктен тосып тұрып
Шабады айбалтамен басты кесіп.

Осындай жолдарды оқығанда жүрегің қан жылайды. Сұрқия зұлымдықпен адам өлтірудің сан алуан түрін ойлап тапқанына көзіміз жетеді. Жан-жүрегіңді баурап алатын шынайылық шығарманы шырайландыра түседі.

Сабан төсеп, сасық камерада жатқандарды қызыл қырғын жасап қинап өлтірсе, жүріп-тұруға шамасы барларды таң сәріден түрғызып ауыр жұмысқа салған. Қол-аяқтары ойылып, күн сайын күш-қуаттары кеми береді. Қатқан нанды талшық етіп, денелерін ісік басқан тұтқындар әбден әлсіреп титықтайды. Мұндай озбырлыққа көп адамдар шыдай алмайды. Өлім-жітім көбейеді.

Ақын ақиқатты айтуға ден қояды. Жүрек сыздатар ащы шындықты ашып айтады. Қазақ халқын қынадай қырған жалалы жылдар зұлматын нақтылы таңбалайды. «Бір тарының қауызына сыйған» қауқары жоқ халқына аяушылық білдіреді. Абақтының апанында отырған ақынға ақиқатты айту оңай емес еді. Бірақ Таңжарық қылпылдаған қылыштың жүзінде түрып-ақ қаралы жылдардың қасіретін батыл айта білген.

Шығарманың «Кілтшіге» бөлімінде лирикалық кейіпкер:

Сөз-сойыл жауыздарды үр түмсыққа
Жалақтап қанға апарып матыр демей:-

деп шындықты жеткізуге белді бекем буғанын айтады.

Басқаша айтқанда абақтының кілтін ұстаған Жұмақанды «сөз-сойылмен» соғуды мақсат етеді. Гоминдан өкіметінің жандайшабына айналған оның сұмдық сұрқия ісінен жиренеді. Халқы үшін қаһармандық көрсете алмаса да, бірақ оның сорына айналмауды талап етеді. Зұлымдықтың ғұмыры қысқа боларын біл деп өршілдік көрсетеді. «Ит тойған жеріне» дейтін халық даналығын көлденең тарта отырып, ақын Жұмақан қандасына қапаланады. Жұмақан арқылы Гоминдан өкіметіне қызмет еткендердің азғындығын айыптайды (2, 89 б.).

Жауға жағымпаздану – жан бағу емес, сатқындық деп біледі. Әділдік үшін айқаспа, бірақ сенің орның бұл жер емес деп ашу-арлануын ашық білдіреді. Адамның адамгершілік болмысына қатысты мағыналы ой айтады. Бұл бөлімді Жұмақанға қойған сұрақ түрінде жазғанымен, сауалдың жауабы бірден аңғарылып түрады. Жұмақан «азғындап арын сатып жүргендердің» жиынтық бейнесі. Ақын:

Күнәсіз өлім жаза шеккендер кім,
Оларды өліп жатқан тепкендер кім? –

деп ашына сөйлейді.

Қожасының қолжаулығы болған кілтшіге зығырданы қайнап, опасыздыққа қарсы батыл үн көтереді. Елдің адал азаматтарына жасалған қиянатқа қарсылық білдіреді. Бостандық, әділдікті табанға басып, халыққа қаралы күн тудырған өкіметтің отарлық саясатын айыптай отырып, олардың қол шоқпарына айналған Жұмақанға кектене түседі. Оған айтқан әр сөзі мірдің оғындай өткір, ашына ширыққан ызаға толы болып келеді.

«Өз қолымен өз көзін шұқып жүрген» санасыздығын, намыссыздығын бетіне басады. Отарлаушылардың қазақты қазаққа айдап салған арам пиғылынын түсінбеген кешелігіне күйінеді. Өз

қандастарының хас жауына айналып, халық қарғысына қалма деп ескертеді. Адамдарды бір-біріне жау көрсетіп қарсы қойған залымдықтың сырын ашып, қара ниетке қара таңба басады.

Ақынның түпкі ойы сынап-мінеу ғана емес, өз халқына оқ атқан ант ұрғандарды дұрыс жолға салу. Олардың қиянатын жәмиғатқа жария етіп, қараңғы қапастағы бейкүнә адамдарға жасалған өрескел жазаға қарсы батыл үн көтеріп, әділдікті алға тартады.

Халық қаһарына ұшырамай тұрғанда өз жолын табуды есіне салады. «Қанды қолмен мұртыңды сипағанша» өз халқыңның мұрат-мүддесін ойлауды ұмытпа деп азаматтық арын оятады, шындықты шыжғырып бетіне басады.

Ақын бұл тұста нағыз күрескер тұлғаға айналады. Ел ішін жайлаған жолсыздыққа, Гоминдан жендеттерінің айуандығына және олардың шашпауын көтерген екіжүзді опасыздардың аярлығына қарсы күреседі.

Таңжарық Жолдыұлының бұл шығармасы қайнаған ашу-ызаға, ымыраға келмес кекке толы. Ақын асқан шыншылдықпен өз кезіндегі қан құйлы зұлымдықты талдап-таңбалайды. Шынжаң қазақтарының басынан өткен ауыр азабын, қасірет-ақайғысын көркем куәліктей етіп өлеңмен өрнектеп береді.

Таңжарық Жолдыұлы – өз заманының бар шындығын көркем-ой, кестелі тілмен өрнектеп кеткен талантты ақын. «Абақтының» сүреңсіз, ауыр түрмысына тізе бүкпей төзе отырып абақты өмірін, құпиясын гоминдаң өкіметінің әділетсіздігін, жауыздығын түрме түбінде кісендеулі отырып, сорғалаған қанмен қағазға жазып кеткен. Таңжарықтай жаужүрек ақын жоқ шығар, сірә (3,121 б.).

Дастан халықтың жасымайтын жігерлі қуатын танытып, жауға бас имейтін өр рухының ұранындай естіледі. Қаһармандық пен қажырлыққа үндейтін мұндай шығармалардың тәрбиелік мәні үлкен. Таңжарықтың екінші дастаны «Нүптебектің асы» деп аталады. Қазақ халқы торқалы той, топырақты өлімге ерекше мән берген. Бірі қуаныш, бірі қайғы. Дүниеге сәби келсе үлкен қуаныш көріп той-тамаша өтеді. Адам қайтыс болса оған да құрмет көрсетіліп жол-жоралығы орындалады. Ақ жауып, арулап жөнелтеді, артын күтеді. Қуаныш болсын, қайғы болсын ғұрыптық шығармалардың кейбір жанрлық түрлері орындалады.

Талантты ақын Т.Жолдыұлының «Нүптебектің асы» дастанында Іле өңірінде өмір сүрген атақты бай, Нүптебекке берілген ас суреттеледі. Алдымен ақын Нүптебектің ата-тегі, «Елден асқан» байлығын қысқаша таныстырып өтеді.

Нүптебек елден асқан бай болыпты,
Кемтіксіз төрт-түлігі сай болыпты.

Шығармада оның байлығын суреттеуге мол орын берілген. Қаптаған төрт-түлік малын, салған зауатын, ашқан дүкендерін, алтын күміспен аптаған дүние-мүлік, сән-салтанатына дейін қабаттастыра бейнелейді. Сондай-ақ Нүптебек қатардағы сасық байдың бірі емес, саналы, ақылды, адам ретінде жоқ-жітікке ғарыптарға қол ұшын беріп отырады.

Сасан болыстың баласы Нүптебек 1921 жылы Бестөбе деген жерде ауырып қайтыс болады. Сүйекке әр рудан отыз адам түседі. Дәлірек айтқанда отыз адамға «жол» (сиыт) беріледі. Підияға берілуге тиіс малдың қарасы біршама. Мәселен,

Елу жылқы, елу сиыр,екі жүз қой,
Беруге підияға қойды қамап (4, 570 б.)

Марқұмның жетісі берілген күні келер жылы Күнесте ас берілетіні хабарланады. Онда үлкен аламан жарыс болады. Жиырма бес атқа бәйге беріледі. Бірінші келген атқа жүз жылқы,жүз қой, жүз былғары берілетінін жария етеді. Іле өңіріндегі халыққа үйсін, албан-суан, қызай, қырғыз, үйғыр, дүнген, қытай, қалмақтардың – бәріне сауын айтылып, хат жолданады. Сонымен, Күнестің басы шапқы жайлауында шілденің жиырма бесі күні ас берілетін болады.

Асқа үлкен дайындық жасалады. Үш жүз үй тігіліп, үш жүз бие байланады. Шақырылған адамдардың барлығы келеді. Оларға жылпос, пысық жігіттер қалтқысыз қызмет көрсетеді. Ойын-сауық басталады. Жорға жарыс, құнан жарыс, церк(дар) ойыны, әскери ойын т.б. рет-ретімен өтіп жатады. Бір кезде балуандар күресі басталады. Қазыққа байланған қалмақ балуанын былайша таныстырады.

Басы үлкен қазандай,
Ақыруы азандай.
Екі қолы шынжырлы
Сөзі астам ажалдай.

Мұндай адаммен күресуге екінің бірінің жүрегі дауаламасы анық. Бірден суырылып ешкім шыға қоймайды. Осындай қиын сәтте қазақтар жағы ақылдасып үлкендер Әбділдаға бата береді. Әбділда ақбоз ат мінген Мақсұттың артына мінгесіп белдесуге шығады. Қалмақ балуанын екі адам жетелеп ортаға әкеледі. Айқас басталады.

Бірде жұлқыласып, бірде тіресіп, бірде жұдырық салысады. Түрлі әдіс-айла қолданып, екеуі көп алысады. Бір сәтте өте жылдам қимылдаған Әбділда қарсыласының мойнын бұрап жіберіп есін жиғызбай көтеріп алып ұрады. Ешкімді көзге ілмей, астамсынған қалмақ балуанын:

Өліктей жатты созылып,
Бетінен ары төгіліп.

деп суреттейді.

Балуандары жығылған қалмақтар ойын соңына қарамай атқа қонады. Қазақтар жағы қуанышқа бөленеді, мерейі артады. Келесі кезекте Түрпаннан келген дар ойынын тамашалайды. Астың екінші күні кезек ат жарысына келеді. Бәйгеге мыңға жуық ат қосылады. Бір кезде ел асыға күткен жүйріктердің де қарасы көрінеді. Көмбеге жақындағанда кейбір адамдар ұран салып аттарды көтермелейді.

Бөлініп келе жатыр бір топ қараң,
Келеді топтан озып жалғыз баран.

Бұл дара келе жатқан Еркінбектің Ақтабаны екен. Халық иу-қиу болып лап қояды. Сасан әулетінің балуаны жеңіп, аттары бәйгеден келіп, көңілдері тасиды. Мұндай аламан бәйге шығынсыз да болмайды. Сексен ат зорығып өлсе, талай ат бұрлығып жолда қалады.

Қызыры бұл Сасанның оңай емес
Бақ-дәулет қонғаннан соң басқа келіп,-

деген жолдардан сасан әулетіне бақ қонған, дәулеті шалқыған нағыз бай-бардам адам болғандарын мойындағандай болады. Ас көрінісі, Сасан әулетінің атақ-абыройы тарихи шындыққа сәйкес суреттелген.

Астың соңында ала халықтың арыдан келе жатқан салты орындалады. Қаралы үйдегі ақ торғын, қара шашақ найза түсіріледі, ақ жалау алынады. Қаралы жүк бұзылады. Мұның бәрі азалы күннің біткенін көрсетеді.

Ақ жалау әсемденген ақ боз үйден
Жабықтан түл жиылды төрт бұрышты. (3,590б.), -

деп сипаттайды. Қазақтың көне ғұрып-салты шығармада нанымды көрініс тауып отырады. Ең соңында Нүптебек маркұмның қыз-келіндері дауыс (жоқтау) айтады:

...Асылым әкем, ақылым
Күйінді алыс-жақының.
Дәулет бітіп жасыңда
Даңқыңды жұрттан асырдың, –

дейді.

Қырық жеті жасында қайтыс болғанына өкініш білдіреді. Бақ-дәулетін тілге тиек етеді. Аяулы әкелерін айдын көлге, асқар тауға балайды. Ағайынға қамқор, халыққа сыйлы азамат болғанын айтады. Ендігі заманымыз қандай болар екен деп өздерінің мүң-қайғыларын жеткізеді. Бұл – Нүптебекке арналған соңғы дауыс болып есептеледі. Бір жыл бойы аза тұтқан қаралы уақыт осымен аяқталады.

Оқырман, жалған емес осы сөзім,
Сол кезде он сегізде менің өзім.

дейді. Бұған қарағанда ас Таңжарықтың 18 жаста кезінде болған. Автор оқиғаны көзімен көрген, сол асқа өзі де қатысқан. Дастан кейіпкерлері-өмірде болған адамдар. Бұлардың қоныс-мекендері де қаз-қалпында айтылып отырады. Ал ақын бұл шығармасын 1944 жылы Үрімжі қаласының абақтысында отырғанда жазған (5, 39 б.).

Ақынның бұл туындысы – тарихи-этнографиялық шығарма. Дастанда ас көріністеріне көп орын берілген. Осы арқылы халықтың түрмыс-тіршілігі, этнографиялық салт-дәстүрі шынайы көрініс тапқан. Басқаша айтқанда, белгілі дәстүрдің сыр-сипатына қанығ түсеміз. Бұрынғы кезде белгілі, беделді адамдардың асы ойын-сауықсыз, бәйгесіз, балуансыз өтпейтіні белгілі. Нүптебектің асында да осындай жол-жоралғылар орындалады. Марқұмға қызмет көрсетіледі. Сондықтан ақынның бұл шығармасының танымдық та, тәрбиелік те мәні зор.

Бір айта кетер жай, Таңжарық Жолдыұлы көптеген эпикалық шығармалар жазған. Шығыс желісіне құрылған қаншама қисса-дастандары бар. Бірақ осы эпикалық туындыларының бірен-сараны болмаса, дерліктей бәрін абақтының тар есік, тас босаға, қараңғы қапасында отырып жазған. Ақын қандай қиын қыспақ көрсе де мұқалмас қаламына, төзімді жігеріне қайран қаласың. Жүрегінің оты бар ақын жасуды білмеді, күш-қайратын жоғалтпады, түрме түнегі кедергі бола алмады. Қайта отты өлең-жырларын маздата түсті. Өмірдің шынайы ақиқатын арқау еткен жыр-ескерткіш асыл мұрасын қалдырды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1967. – 3-т. –202 б.
2. Жолдыұлы Т. Шығармалары. – Алматы, 1992. – 256 б.
3. Ысқақұлы С., Сейтжанұлы З., Шортанбаев Ш. Қытайдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі. – Алматы, 2015. – 250 б.
4. Жолдыұлы Т. Таңжарықтың шығармалары. – 2 томдық.,Үрімжі 2012. – 2-т. – 525 б.
5. Егеубаев О. Таңжарық туралы ақиқат // Жұлдыз, 2001 – №4.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКАЯ НАУКА
ART SCIENCE

Журбин Р.А.
магистрант Казахской национальной академии искусств им.Т.Жургенова

Бегалинова Г.А.
кандидат искусствоведения,
профессор Казахской национальной академии искусств им.Т.Жургенова
E-mail: begalinova@mail.ru

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СРЕДСТВ МУЗЫКАЛЬНОЙ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ В ДЖАЗЕ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПРИЯТИЕ СЛУШАТЕЛЯ

Резюме: *В статье рассмотрено взаимодействие средств музыкальной выразительности на примере свинга, а также их влияние на эмоциональное восприятие слушателя. В результате анализа выявлено, что в джазовой инструментальной музыке выразительные средства образуют сложноорганизованную систему, которая определяет звучание данного стиля и его эмоционально-смысловое наполнение.*

Түйін: *Мақалада свинг мысалында музыкалық мәнерлілік құралдарының өзара әрекеттесуі, сондай-ақ олардың тыңдаушының эмоционалдық қабылдауына әсері қарастырылған. Талдау нәтижесінде джаз аспаптық музыкасында мәнерлі құралдар осы стильдің дыбысталуын және оның эмоциялық-магыналық толуын анықтайтын күрделі үйымдастырылған жүйені құратыны анықталды.*

Summary: *The article discusses the interaction of elements of musical expressiveness on the example of swing, as well as their influence on the listener's emotional perception. As a result of the analysis, it was revealed that expressive elements form a complexly organized system in jazz instrumental music and that determines the sound of this style and its emotional and semantic content.*

Восприятие музыки, согласно теории Б.Асафьева, является ведущим, доступным каждому человеку видом деятельности [1]. В целом идея о музыке, как об эффективном и действенном средстве эмоциональной коммуникации не нова. Помимо Б. Асафьева на тему восприятия музыки высказывали свои идеи многие музыковеды, исполнители, педагоги, психологи и другие учёные. Так, Б.М. Теплов утверждал, что переживание музыки является эмоциональным переживанием и выступает как разновидность невербального знания, как единство «аффекта и интеллекта» [2]. Он рассматривает музыку как средство познания мира, но познания эмоционального: «Внеэмоциональным путем нельзя постигнуть содержание музыки... Музыкальное переживание есть переживание эмоциональное и познавательное одновременно» [2, с. 186]. А. Н. Сохор при классификации процессов восприятия в отдельную категорию выделил стадию понимания и переживания музыкального произведения [3, с. 275]. Из более поздних работ по музыковедению следует отнести работу А.Г. Костюка, посвящённую проблемам музыкального вкуса и восприятия, где центральным вопросом является отношение эмоций к содержанию произведения, а также специфика музыкально-эстетического отклика слушателя на музыку» [4]. Интересно высказывание автора, о том, что эмоции, возникающие у слушателя в процессе восприятия, благодаря четкой композиционной структуре произведения сами становятся «логичными», «упорядоченными», приобретают рельефные тенденции развития, становятся «интонируемыми» [4, с 274].

Американские учёные Слобода и О'нейл [5, с 415] установили, что люди слушают музыку в целях получения удовольствия, расслабления, выражения эмоций. По мнению М.Кокишевой, степень ожидаемости от музыкального произведения зависит от подготовленности слушателя: "Диалектичность музыкального восприятия предполагает наличие стабильных слуховых ориентиров, а также ориентиров, обновляющих слуховое восприятие. К стабильным ориентирам мы отнесем ожидаемые звуковые комплексы, к обновляющимся – новое, непривычное слуху звучание. Отсутствие одного из этих составляющих обуславливает потерю интереса к сочинению. Слушатель получает удовольствие от того, что слышит в звучащем произведении знакомые и привычные музыкальные элементы, но еще более его удивляют неожиданные, порой экзотические для его слуха звучания" [6, с. 150]. Последние зарубежные научные изыскания [7] показывают, что музыка способна влиять как на эмоции человека, так и на его настроение, кроме того, слушатели очень точно определяют эмоции, заложенные в музыкальном произведении [8,9]. Балквилл и Томпсон [9] провели исследование с целью определения способности слушателей (непрофессиональных музыкантов) идентифицировать предполагае-

